



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№ 1 (31)

2010





ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

№ 1 (31)



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының бюллетені**

№ 1 (31)

2010 жылғы наурыз

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігі

ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркеліп, тір-
кеу туралы 2002 жылғы 27 мамырда
№ 2993-Ж куәлігі берілген.

Редакциялық алқа:

М. Құл-Мұхаммед
Мемтерминком
төрағасы

Ө. Айтбайұлы
С. Абдрахманов
М. Айымбетов
Т. Алпысбаев
М. Ахмет
Ж. Бейсенбайұлы
С. Ибраим
Ә. Кекілбаев
Б. Қалиұлы
Ш. Құрманбайұлы
Б. Момынова
Д. Омашұлы
Ғ. Телебаев
Е. Шаймерден
К. Юсуп

Бас редактор
Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ

ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ, ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хабаршының бұл айдарымен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлының «Бекітілген терминдер сөздігі» туралы», Қазақстан Жаратылыстану академиясының академигі фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор Д.К. Қияшевтың «Медицина саласында кеңінен қолданылатын фармация терминдерінің қазіргі жағдайы», А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бөлім меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты О. Жұбаеваның «Қазақша-орысша тілмаштың» (1925 ж.) қазақ терминологиясындағы орны», Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, Б.С. Қарағұлованың «Тілде неологизмдер мен терминдердің пайда болу жолдары», Ресей Халықтар достығы университетінің (РУДН) гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті шет тілдері кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы У. М. Бахтикирееваның «Вопросы теории перевода: казахский ↔ русский (постановка проблемы)» С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің оқытушысы Ә. Насыритдинованың «Қазақ тіліндегі лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған техникалық терминдер» атты мақаласы мақалалары жарияланып отыр.

Шерубай Құрманбайұлы,
А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

«Бекітілген терминдер сөздігі» туралы

Бекітілген терминдерді жинақ, сөздік түрінде жариялап жұртшылықпен таныстырып отыру тәжірибесі бізде бұрыннан бар. Бұл істі ең алғаш ХХ ғасыр басында қолға алғандар А. Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары. Содан бері бекітілген атаулар сөздіктері дәстүрлі түрде жарияланып келеді. Ахаң термин комиссиясына төрағалық еткен кезеңде “Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі» (1931) сияқты еңбектер жарияланып көпшілікке таныстырылып отырды. Бұлардың ішіндегі бірінші жарық көргені – «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Русско-казакская военная терминология) деп аталған терминологиялық сөздік. Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау (термин) комиссиясы дайындаған. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар. Онда былай деп көрсетілген: «Бұл атаулар қазақ білім кемесінің 1925-інші жылғы октәбірден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды».

Одан кейінгі жарық көрген «Пән сөздерін» Н. Қаратышқанұлы құрастырған. Сонымен бұл екі басылым ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлының өзі төрағалық еткен комиссияның ресми бекіткен терминдерін қамтыған сөздіктер. Ал «Атаулар сөздігін» 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. Көріп отырғанымыздай, бізде 30-жылдарға дейін-ақ ресми бекітілген терминдерді жинақтап, сөздік түрінде жариялап отыру тәжірибесі қалыптасып үлгерген. Ал 30-жылдары Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы Қ. Жұбанов болған жылдары бекітілген терминдер «Терминологиялық бюллетеннің» сол жылдары шыққан 4 санында жарияланды. Одан кейін

тілші ғалым А. Әбдірахмановтың құрастыруымен 1976, 1979, 1990 жылдары «Атаулар мен терминдер» деген атпен бекітілген терминдер сөздіктері жарық көрді. 1996 жылы Б. Қалиев пен Ш. Құрманбайұлының құрастыруымен «Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі», 1998 жылы Т. Алпысбаев пен А. Әбдірахмановтардың құрастыруымен, 2002 Тіл комитеті қызметкерлерінің құрастыруымен «Терминологиялық жинақ», 2004 жылы Ш. Құрманбайұлы мен С. Сапинаның авторлығымен «Орысша-қазақша терминдер сөздігі», 2007 жылы Ш. Құрманбайұлының құрастыруымен «Терминдер сөздігі (бекітілген терминдер)» сөздігі жарияланды. Бұдан біз Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдерді сөздік түрінде жариялап, жұртшылыққа таныстырып отыру тәжірибесінің орныққандығын айқын көруімізге болады. Осы дәстүрді сақтап, бекітілген терминдер сөздігінің әр басылымының сапасын жылдан-жылға жақсартып отыру міндет. Ол үшін әр басылым мамандар сарабынан өтіп отыруы тиіс. Біз осыған дейін алаш оқығандары құрастырған, одан кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар сөздіктердің жетістігі мен кемшіліктеріне тоқталып, арнайы сөз еткен болатынбыз. Бұл тұрғыдан алғанда ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің 2009 жылы 20 000 мың таралыммен «Дайк-Пресс» баспасынан шығарған «Бекітілген терминдер сөздігі» атты соңғы басылымын да назардан тыс қалдыруға болмайды деп санаймыз.

Бұл сөздік Мемтерминкомның 2006 жылдан бері бекіткен бірқатар терминдерімен толықтырылған және оның алғысөзінде жекелеген терминдердің қолданысына, алдыңғы басылымдарда орын алған кемшіліктерге қатысты ескерілуге тиісті пікірлер де айтылған. Дегенмен, бұл басылымның өзі де кемшіліктерден құр алақан емес. Дәлірек айтқанда, қомақты қаржыға үлкен таралыммен жарыққа шыққан бұл сөздік сапалық тұрғыдан алдыңғы басылымдардан жетілдіріле түспей, керісінше, онда бірқатар олқылықтардың орын алғаны байқалады. Келесі басылымдарда тағы да осындай олқылықтарға орын берлімеуі және сөздікті пайдаланушылар ескеруі үшін оларды атап көрсету кәсіби міндетіміз деп санаймыз.

Біріншіден, «Бекітілген терминдер сөздігін» жасауда елеулі құрылымдық кемшіліктер орын алған. Сөздікте бірінші терминдердің қазақша-орысшасы, одан кейін бекітілу жылдары мен ғылым салаларына қатысына қарай, соңында орысша-қазақшасы беріліпті. Бұл сөздікті пайдаланушыға үлкен қолайсыздық туғызады. Терминографияда сөздіктің құрылымына ерекше көңіл бөлінеді. Онсыз қолдануға қолайлы



сөздік жасау мүмкін болмайды. Лексикографиядан, терминографиядан аздаған хабары бар тіл маманы сөздікке қойылатын осындай қарапайым талапты алдымен ескеріп, мұндай кемшілікке еш жол бермеген болар еді. Сөздіктің терминология мәселелерінен қашықтау, терминологиялық сөздік жасау тәжірибесі жоқ құрастырушылардың қолынан шыққандығы бірден аңғарылып тұр. Бардың басын құрап, жинақтап беру ғана мақсат етілгендіктен, құрылымдық тұрғыдан жетілдірудің ізі де байқалмайды. Бекітілген терминдерді жинақтап берудің өзінде белгілі бір жүйе сақталмаған. Сондықтан келесі басылымда бекітілген терминдердің сөздігінде оларды әліпбилік және хронологиялық тәртіпшен беру мақсат етілетін болса, алдымен, терминдердің орысша-қазақшасы, одан кейін ізінше (екінші бөлімде) олардың қазақша-орысшасы берілгені абзал. Өйткені аударма жасау, сөздікті пайдалану кезінде біздегі тілдік жағдаятқа сәйкес орысша терминнің қазақша баламасын іздеу жиі орын алады. Ол жылдар бойы қолданыста болып қалыптасып қалған орысша терминдердің көпшілігін жұртшылықтың, сала мамандарының жақсы білетіндігінен және әдетте орысшадан қазақшаға аударудың әлдеқайда басымдыққа ие болып отыруынан. Сондықтан орысша терминнің қазақшасын іздеу, қазақша терминнің орысшасын іздеуден әлдеқайда жиі кездеседі. Сөздік жасауда мұны ескерген орынды. Ал терминдерді жалпы әліпбилік тәртіпке түсірмей, ғылым саласына немесе бекітілген жылдарына қарай беру ол басқа мақсаттан туындайды. Жалпы терминдердің қай жылы бекітілгені аудармашы, журналист, іс жүргізуші немесе басқа да көптеген сала мамандары үшін маңызды емес. Оның сөздікті пайдаланушы көпшілікке қажеті шамалы. Ол терминтанушы, терминші мамандар үшін, терминология тарихын зерттеуші, терминологияның қалыптасуын оқытушы үшін, терминологиялық жұмыстардың жүргізілуін қадағалап отырушы қызметкерлер үшін керек шаруа. Сол себептен де көпшіліктің басын қатырмай, оларды бекітілген жылдары бойынша хронологиялық тәсілмен мамандарға арнап жасалған (эр сөздің авторы көрсетілсе тіпті жақсы) жеке басылым түрінде шығарған абзал. Ал жалпыға арналған орысша-қазақша немесе қазақша-орысша сөздікке қосқан жағдайда, оларды сөздік соңына қарай бөліп беру тиімді болмақ. Терминдерді ғылым салаларына қарай берудің де өзіндік ұтымды жақтары бар. Сондықтан да оларды сала-сала бойынша шағын жеке сөздік түрінде немесе салаларына қарай жіктеп, іштей әліпбилік тәртіпке салып бір сөздік түрінде шығаруға да болады. Бірақ бекітілген сала терминдері көп болмаған жағдайда жалпы әліпбилік тәртіппен берілген терминдер қатарына енгізіп, ғылым

саласын көрсететін белгі қойып беруге болады. Ал оларды осы сөз болып отырған басылымдағыдай аз-аздан бөліп қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктің арасына кіріктіріп жеке-жеке беру сөздікті тұтынушының қажетті сөзін тауып алуын қиындатып жібереді. Яғни, оның практикалық, қолданбалылық тиімділігін төмендетеді. Сондықтан мұны да келесі басылымда ескерсек, бекітілген, мақұлданған сөздіктер сапасы жетіле түсер еді деп білеміз.

Екіншіден, «Бекітілген терминдер сөздігі» деп аталған сөздікке ҚР Үкіметі жанындағы Мемтерминкомның 1999 жылғы 17 маусымдағы, 2000 жылғы 25 қаңтардағы, 2002 жылғы 19 наурыздағы және 2002 жылғы 20 мамырдағы отырыстарында ресми бекіткен 430-дан астам терминдер еңбей қалған. Яғни, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті шығарған бұл сөздікте Үкімет жанындағы мәртебелі комиссияның 4 жылға жуық атқарған жұмысының нәтижесі көрініс таппаған. Бұл жылдары бекітілген терминдерді сөздіктен іздеп әуре болмасаңыз да болады. Мысалы, өртке қарсы қызмет саласында қолданылатын *ілгек бақан* (*багор*), *сырық-саты* (*лестница-палка*), *өрт ошағы* (*очаг пожара*), *оқпаша* (*стволщик*), *жеңжәшік* (*ящик для рукавов*), *құмжәшік* (*ящик с песком*) немесе мемлекеттік сатып алу саласындағы қызмет барысында қолданылатын *орындалған жұмыстардың актісі* (*акт выполненных работ*), *тапсырысшы* (*заказчик*), *кепіл* (*залог*), *өтінім* (*заявка*), *жеткізілім* (*поставка*), *өткізілім* (*реализация*), *өткізу* (*сбыт*) және *дерекқор* (*база данных*), *кісібе жылы* (*високосный год*), *іс жүзінде* (*де-факто*), *заң жүзінде* (*де-юре*), *телнұсқа* (*дубликат*), *ықпалдасу* (*интеграция*), *бағаны ырықтандыру* (*либерализация цен*), *алағандық* (*лихоимство*), *зайырлы* (*светский*), *тұтұғыр* (*флажок*), *мөртабан* (*штмпель*) тәрізді ресми бекітілген жүздеген терминдердің сөздіктен тыс қалып қоюы өкінішті-ақ. Мұны терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестірудегі, Мемтерминком бекіткен терминдерді жұртшылыққа таныстырудағы шалағайлық, іске жауапсыздық дегеннен басқа қалай түсіндіруге болатынын біле алмадық.

Үшіншіден, сөздікті шығарушылар 1971-1981 жылдары кеңестік кезеңнің бір онжылдығында бекітілген 3 мыңға жуық (2929) терминдер мен атауларды тағы да оны бекіткен Мемлекеттік комиссияның шешімсіз-ақ сөздіктен шығарып тастаған. Мәселен, *басылым* (*издание*), *баспагер* (*издатель*), *зімпара* (*наждак*), *терім* (*набор*), *қолтаңба* (*автограф*), *бұрауыш* (*отвертка*), *пәлек* (*ботва*), *сайлаушы* (*избиратель*), *тұтқырлық* (*вязкость*), *көшірме* (*выписка*), *тоқырау* (*застой*), *шөмелегіш*

(*копнитель*), *есірткі* (наркотик), *өркен* (побег), *қаулы* (постановление), *жоба* (проект), *қолжазба* (рукопись), *қыстақ* (селение), *қапсырма* (скоба), *аскөк* (укроп), *мәре* (финиш), *гүлзар* (цветник), *өнертапқыш* (изобретатель) сынды тағы да осы аталған мерзім аралығында бекітілген жүздеген терминдер мен атауларды бұл сөздіктен таппайсыз. Кеңестік кезеңде бекітілген терминдердің арасында бүгінгі күн сұранысы мен талабына жауап бермейтін, қайта қарауды қажет ететіндері де, ішінара кейінгі жылдары жаңа атаулармен алмастырылғандары да бар екені рас. Соған қарамастан, тәуелсіздікке дейін бекітілген осы атаулардың басым көпшілігін біз бүгін де пайдаланып отырмыз. Белгілі бір бөлігі болмаса, олардың көбі тілде орнығып, бірізді қолданылатын деңгейге жеткен. Ендеше, олардың бәрін бекітілген атаулар қатарынан шығарып тастаудың ешбір негізі жоқ. Дұрысы, осы атауларды Мемтерминком отырысында арнайы қарап, қажеттілерін іріктеп алып, терминге қойылатын талаптарға жауап бермейтіндерін, ескіргендерін қайта сараптаудан өтпегендерін ғана бекітілген терминдер қатарынан шығару орынды болмақ. Мұндай терминдерді комиссия шешіміне сәйкес қолданыстан шығару керектігін біз бұған дейін атап көрсеткенбіз. Алайда күні бүгінге дейін бұл мәселе шешімін таппай келеді. Бұл терминологиялық қорды жетілдіру жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмей отырғандығының көрінісі.

Төртіншіден, Мемлекеттік терминология комиссиясы (бұрын бекітілген жекелеген терминдерді) қайта қарап, жаңаша бекіткен терминдер соңғы шешімге сәйкес түзетілмей, бұл сөздікте ескіше беріліп кеткен. Мысалы, «диетология» атауы осы сөздікте «*емдемтану*» (97-б.) «*емдәмтану*» (265-б.) түрінде екі түрлі берілген. 1995 жылы бекітілген терминдерді жариялағанда кеткен қателік (*емдемтану*) кейін 2002 жылғы 19 наурызда түзетіліп, түсініктеме берілген еді. Сөздікті құрастырушылар одан хабарсыз болғандықтан, дұрысын да, бұрысын да бекітілген термин ретінде сөздікке енгізіп жіберген. Осы тәрізді *анкета* – *сауалнама*, *аудитория* – *аудитория*, *юбилей* – *мерейтой*, СССР – КСРО, ТАСС – КОТА түрінде қайта бекітілген болатын. Бұл атаулар да сөздікте *сауал-сұрақ*, *аудитория*, *дәрісхана*, *мерейтой*, *мүшелтой*, ССРО, СОТА түзетілмей бастапқы қалпында, яғни қате берілген. Осы қатарға *семья* – *семья*, *отбасы* (306-б.), *совет* – *совет*, *кеңес*, *алқа* (309-б.) түрінде берілген атауларды да қосуға болады. Өйткені бұл атаулар да *семья* – *отбасы*, *совет* – *кеңес*, *ал коллегия* – *алқа* түрінде бекітіліп, қазір олар осылай бірізді қолданылып та жүр.

Әрине, бір бекітілген терминдерді қайта бекіту термин қолданысын орнықтыруды қиындатары сөзсіз. Алайда терминологияны жетілдіруде сәтсіз терминдерді алмастырып отыру көптеген тілдердің тәжірибесінде бар үйлестіру жұмыстарының бірі. Сондықтан алмастырылған атауларды мамандарға, жұртшылыққа уақтылы таныстырып, бұрынғысын «ұсынылмаған» немесе басқа да терминдер қатарына шығарып отыру қажет. Сонда жұртшылықты жаңылысудан, термин қолданысындағы алақұлалықтан сақтандыруға болады. «Бекітілген терминдер сөздігі» сияқты арнаулы басылымдардың басты міндетінің бірі де осы болуы тиіс.

Бесіншіден, терминдердің бірқатары ғылым саласына, бекітілген жылдары қарай берілген де, қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік түрінде жалпы әліпби тәртібіне түсірілмей қалып кеткен немесе сөздіктің осы бөліктерінде әркелкі беріліп жатады. Мысалы, *салым (вклад), салымшы (вкладчик)* терминдері сөздіктің қазақша-орысшасында да, орысша-қазақшасында да кездеспейді. Сала бойынша ғана берілген. Ал *оқтұмсық, оқтық – боеголовка (63), боеголовка – оқтұмсық (247)* терминдері қазақша-орысша мен орысша-қазақшасында түрліше беріледі. *Сорбуын (атрит)* термині бірінде бар да екіншісінде жоқ. *Журнал (37) жұрнал (181) журнал (268)* атауының сала бойынша берілгенін қолданған дұрыс па, әлде әліпбилік тәртіппен берілгенін қолдану керек пе ол жағы да белгісіз. Мұндай терминдер бұлармен ғана шектелмейді.

Алтыншыдан, сөздіктің 191-ден 234-бетіне дейінгі аралықты қамтитын (43 беттен тұратын) «Қаржы, кредит, банк жүйесі, сақтандыру, бухгалтерлік есеп және есеп-қисап, қаржы бақылауы және аудит, халықаралық қаржы және валюта-несие қатынастары, сыртқы экономикалық қызмет, кәсіптік барлау, карточкалық төлем жүйесі, электрондық коммерция салаларының бекітілген терминдері» деген тақырыппен берілген терминдер жиынтығын «бекітілген» деп танып, осы сөздікке енгізу барынша жұмсақтап айтқанда «ұяттау» болған. Бұл терминдерді терминология комиссиясының мүшелері қарап, сараптан өткізді дегенге сену қиын. Тіпті, мүмкін емес. Өйткені комиссия құрамындағы 15-16 адамның ең болмағанда, бір-екеуі көз жүгіртіп қана қараған болса, ондағы бадырайып тұрған кемшіліктерді көрмей қала алмас еді. Терминдер жиынтығын белгілі бір жұмыс тобы немесе бір мекеме бекітуге ұсынғаннан кейін (кім ұсынғаны, қашан бекітілгені көрсетілмеген) оған маман қолы тимегені айдан анық көрініп тұр. Ұсынушылар да комиссияға терминдерді жолдағанда ыждағаттылық танытпапты. Бұрын бекітілген *кредит, кредиттік қоржын (кредитный портфель), ақша бірлігі (денежная единица), салым (вклад), теңге са-*

райы (*монетный двор*), банк депозиті сияқты көптеген терминдерді қайта ұсынып, сондай-ақ кейбір терминдерді бірнеше рет қайталап бере беріпті. Мысалы, *сауда банкі, кассадағы қалдық, жинақ банкі, кредит желісі* (196, 207) *кредит комитеті* (196, 207) *кредит шарты* (197) т.б.

Олар біздің ұсынған терминдеріміздің кем-кетігінің бәрін бізге Мемтерминком өзі жөндеп береді деген болулары керек. Алайда мүлде олай болмай шықты. Шала-шарпы дайындалған терминдер, қол тимеген қалпында бекітілген терминдер сөздігі түрінде жарияланып, бүкіл Қазақстанға таратылып отыр. Бекітуге ұсынушылар комиссия мүшелерінің бәріне терминдердің мағынасы түсінікті болсын деп, салалық терминдердің көбін түсіндірмесімен қоса беріпті. Бұл терминдерді талқылау, бекіту барысында мамандығы басқа терминком мүшелерінің өзге сала ұғымдарының мағынасын түсінуіне, атаудың белгілейтін ұғымдарын дәл бейнелейтіндігіне көз жеткізуіне көмектеседі. Сөздік түзушілер терминографиялық бірзділікті сақтау үшін тым құрығанда сол түсініктемелерді де алып тастамапты. Қазақша-орысша және орысша-қазақша терминдер сөздігін жасап отырғаннан кейін, оның бірер бетін терминологиялық түсіндірме сөздікке айналдырудың ешбір қажеттілігі жоқ еді.

Сондай-ақ орыс тіліндегі бір ғана терминнің бірнеше қазақша нұсқасы қатар берілуі өте жиі қайталанады. Олар шектен тыс көп. Мысалы, *ақшаға табынушылық, ақшаны әспеттеушілік (денежный фетишизм), ақшасымақ, сыңайлы ақша (квазиденги), кредит рейтингі, кредиттік жақсыаттылық деңгейі, кредиттік мәртебе, кредиттік атақ-абырой (рейтинг кредитный), қарызгер, қарыз алушы, қарызданушы (заемщик), абонент, жазылыскер, қызмет алушы тұлға (абонент), проблемалы банк, түйткілді банк, дүдәмал банк (банк проблемный)* т.с.с. болып жалғасып кете береді. Мұндай жарыспа нұсқалардан аяқ алып жүре алмайсыз. Сөздікті жариялаушылар оны тұтынушы қалың көпшіліктің, сала мамандары мен аудармашылардың осы тізіліп берілген көп варианттарының қайсысын ресми бекітілген нұсқа ретінде пайдалануы керектігін қалай ажырататындығын ойлады ма екен? Біз мұны терминдерді бұлай бекітуге де, бүйтіп сөздік жасауға да болмайтындығын білетін адамдардың тірлігі дей алмаймыз.

Сөздікте *помехозащищенность* (22-б. дұрысы – *помехозащищенность*), *эпистолалық өлең* (91-б.) (дұрысы – *эпистолярлық өлең*), *герпес – ұшак* (260-б. дұрысы – *ұшық*), *мочеточник – зәрегар* (285-б. дұрысы – *зәрагар*), *акоазмы – қазас есту* (48, 172, 238-беттерде дұрысы – *қазыс*

есту) сияқты емлесілік қателермен басылған сөздер де кездеседі. Мұндай кемшіліктер де терминдердің дұрыс қолданылуы мен қалыптасуына кері әсер етері сөзсіз.

Кейде Мемтерминкомға терминдерді бекітуге ұсыну мен оларды сараптан өткізу барысында ыждағаттылықтың жетіспеуінен бір терминді екі рет бекіту орын алып жатады. Мысалы, *көші-қон (160, 165), заңға тәуелді акт (107, 182), болезни профессиональные (247) – кәсіби аурулар, болезнь профессиональная – кәсіби ауру (247)* т.б. Алдағы уақытта осындай олқылықтарға орын бермей, ондай ағаттықтар орын алған жағдайларда тиісті сөздіктер мен арнаулы басылымдарда олар аталып көрсетіліп отырғаны абзал. Сонда терминдерді бекітуге ұсыну мен оларды сараптан өткізіп бекіту жауапкершілігі арта түседі.

Сонымен қатар, кейбір терминдер түрлі нұсқада бекітіліп кетіп те жатады. Мысалы, *докладная записка – баянжазба (141), баянхат (109), разблокировать – бұғаттан шығару (23, 144) құрсаулау – блокировка (54, 181), бүлен – блок (157), бүлендеуіш – блокировка (157)* т.б. бұл секілді терминдерді де анықтап, оларды алдағы уақытта біріздендіру қажет болады.

Сөздіктегі министрліктердің (152-153), республикалық ұйымдар мен ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың (153-154), әскери бөлімдер мен мекемелер атауларын (154-156), қысқарған сөздерді терминдерден бөлек сөздіктің соңына жеке берген орынды.

«Бекітілген терминдер сөздігіне» атына лайық түрлі салалардың терминдері ғана енгені дұрыс. *Застряла бумага – қағаз кептелді, справка о составе семьи – отбасы құрамы туралы анықтама, отдел проблем предупреждения правонарушений несовершеннолетних и молодежи – жастар мен жасы толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу проблемалары бөлімі, кафедра прокурорского надзора за законностью в социальной и экономической сферах – әлеуметтік және экономикалық салалардағы заңдылықты прокурорлық қадағалау кафедрасы, кафедра прокурорского надзора за законностью следствия, дознания и оперативно-розыскной деятельности – тергеудің, анықтаудың және жедел іздестіру қызметінің заңдылығын прокурорлық қадағалау кафедрасы* сияқты тұтас сөйлем, бөлім, кафедра атауларын бекітіп, сөздікке енгізудің реті жоқ. Мыңдаған кафедралар мен бөлімдер аттарының орысша-қазақша аудармаларын терминдер қатарына қосу да, оларды ресми бекітіп сөздікке енгізу де Мемтерминком міндетіне жатпаса керек. Сол



себеппен мұны комиссия жұмысында да, арнаулы сөздіктер жасауда да ескеріп, осыған дейін орын алған кемшіліктер болса, олардың түзетілгені орынды болар деп ойлаймыз. Жалпы терминкомның 30-40 жыл ішінде бекіткен терминдерін қайта сүзгіден өткізіп, аталған кемшіліктерді түзетіп, бекітілген терминдердің келесі басылымын қалың жұртшылыққа лексикографиялық, терминографиялық талаптарға жауап беретін басылым түрінде дайындап ұсынған жөн деп санаймыз.

Осы сөздікті үлкен таралыммен шығару жоспарланды дегенде-ақ біз оны қолға алған, шығаруға дайындап жатқан қызметкерлердің шама-шарқын білетіндіктен әрі терминтанушы маман, Мемтерминком мүшесі және бекітілген терминдер сөздігін 90-жылдардан бастап бірнеше рет құрастырып, жариялаушы ретінде комитет басшыларына бұл сөздікті жасауды осы жұмыстың жайын білетін маманға тапсыру қажеттігін ескерткен едік. Бірақ оны ескерген ешкім болмапты. Ең болмаса, осы істің басы-қасында көптен бері жүрген Мемтерминкомның бір-екі мүшесіне сөздікті каратып, пікір айтуға бергенде оның сапасын біршама жақсарта түсуге болар еді ғой. Ол да істелмеді. Нәтижесінде шығар сөздік шығып, тарар жерлеріне тарап, барар жерлеріне барып қойған соң, «әттеген-ай»-ымызды айтып отырмыз. Алда да айтылған сөз айтылған жерінде қала бермесе жарар еді...

Қияшев Д. Қ.,
Қазақстан Жаратылыстану
академиясының академигі,
фармацевтика ғылымдарының докторы,
профессор ҚазҰМУ, Алматы

Медицина саласында кеңінен қолданылатын фармация терминдерінің қазіргі жағдайы

Латынның “Terminus” деген сөзі қазақшаға аударғанда шек, шекара деген ұғымды білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты әр ғылым саласындағы терминдердің саны көбейіп, қолдану аясы кеңейе түсті. Сондықтан да белгілі бір түсінікті дәл белгілеп, сөз мәнін нақтылы көрсететін терминдерді жасау маңызды үрдіске айналды /1-8/. Еліміздің әр облысында жүргізілген соңғы археологиялық жұмыстар осыдан 25 ғасыр бұрын бұл аймақта бір тұтас мәдениеттің болғанын ғылыми жолмен дәлелдеп отыр. Бүгінгі күні республикамызда өмір сүріп жатқан біздің буын өткен ұрпақтың жалғасы болғандықтан, қазақ тілінің тамыры сонау көне заманнан басталады деп айта аламыз. Тіліміздің даму барысында сөз қорының өзгеруіне байланысты қазіргі жаңа қазақ тілі пайда болған деп қарастыру шындыққа жатады. Қазақтың сөздік қорында өзіміздің төл сөздерімізбен қатар араб, парсы, орыс, монғол тілдерінен кірген сөздер де көптеп кездеседі, ал қазір өз тілімізден, шетелдіктер пайдаланып жүрген қазақ сөздері де көптеп кездеседі. Оған орыстың «воевода» деген сөзі, түріктің «қолбасы» деген сөзінің калькасы, яғни тура аудармасы болып табылады. Осы сөзден қазіргі орыс тілінде кеңінен қолданылатын «руководитель» сөзі шыққан және ол оны біздер орысшадан қазақшаға аударып, «жетекші» деген сөзді кеңінен қолданып жүрміз. Ендігі айтарым, әу бастан қазақ халқы жорыққа аттанған адамдар тобын, яғни, әскерді «қол» және әскер басқаратын адамдарды «қолбасшылар» деп атаған. Осының өзі біздің тілдің сонау алыстан бастау алатынына дәлел бола алады. Осыған байланысты ұлы ғалым, қоғам қайраткері әрі ақын, ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың химия саласындағы латынның «oxygenium» – «кислород» – «оттегі», латынның «hydrogenium» – «водород» – «сутегі» деген баға жетпес аудармалары қазақ халқының алтын қорынан орын алды. Еліміз егемендікке ие болғаннан бастап біздер жаңа өмірге бет бұрдық. Көптеген оқулықтар, терминдік сөздіктер жарық



көрдi. Шынын айтқанда, баспадан шыққан бiраз оқулықтар мен терминдiк сөздiктер мазмұны және сапасы жағынан нашар жасалып, терминдердiң жедел дұрыс дамуына кедергi болып отыр. Сондықтан авторлар сөздiк жазбастан бұрын балама сөздердi қазақ тiлi мамандарының қатысуымен қарастырып газет, журналдарға шағын көлемде жиi-жиi шығарып оқырман қауымның талдауынан өткiзiп, термин сапасын оңтайлап алғандары дұрыс болар едi. Осындай жағдаймен ҚазҰМУ-нiң қазақ тiлi кафедрасының оқытушыларына орыстың «примочка» сөзiне қазақша балама сөз таба алмай жүргенiмiздi жеткiзгенiмiзде, олар осы сөздiң баламасы ретiнде «дымдауыш» сөзiн қолдануды ұсынды. Сондықтан бiздер сол кездегi қазақ тiлi кафедрасының меңгерушiсi Бейбiт Ихсанға үлкен рахметiмiздi айттық.

Ендi фармацевтика саласындағы терминдерге келетiн болсақ, ол елiмiздегi фармацевтикалық өндiрiстермен дәрiлiк препараттардың айналымдарымен тiкелей байланыста болғандықтан, аздап болса да қазiргi фармацевтика жағдайына тоқтала кеткендi жөн көрдiк. Соңғы деректерге қарағанда елiмiз шет елдерден жылына 900 млн. долларға дәрiлiк препараттарды сатып алады екен және сол препараттар халыққа қажеттi дәрiлердiң тек 90%-ын ғана құрап, ал қалған 10%-ы елiмiзде өндiрiледi екен. Қазақстанда негiзiнен өсiмдiктерден өндiрiлетiн дәрiлiк препараттар алынады және өсiмдiктер мен жануарлар мүшелерiнен алынатын дәрiлердiң атаулары онша көп емес. Орыс тiлiнде олардың негiзгiлерi отвары, настои, настойки, экстракты, мазь, линименты деп жалғасып кете бередi. Ендi осылардан қазақшаға аударылғаны бар ма дегенге келетiн болсақ, тек қана отвар деген сөзi ғана дұрыс аударылып қалғандары әр түрлi сөздермен бұрыс аталып жүр. Ең бiр сорақылығы настой мен настойка сөзiн тұнба және сығынды деп аударған. Бұл екi дәрiлiк препараттар тұнба да емес, сығынды да емес физикалық табиғаты бойынша өздерiне тән иiсi түсi болатын сұйық заттар. Ендi тұнба сөзiнiң мағынасын талқылайтын болсақ, суда ерiмейтiн және меншiктi салмағы судан ауыр болатын ұнтақтарды сумен қатты араластырып тұндырып қоятын болсақ, салмағы судан ауыр ұнтақтар судың түбiне тұнбаға түсiп, лайланған су тұнып, мөлдiр түске айналған болар едi. Лай су тұнғаннан соң, кез келген адамдар су түбiндегi шөгiндiнi тұнба деп атаған, ал лайы тұнбаға түсiп, тазарған мөлдiр суды жеке терминмен бұрыннан атамаған. Осыдан судың астында жатқан ұнтақ шөгiндiсiн тұнба, ал судың мөлдiр қабатын сол алғашқы лай судың тұнымы немесе тұнықпа деп атасақ осы сөздер тұнған судың жаңа атауы болып, жаңа терминге айналар едi. Нелiктен екенi белгiсiз

дәрілерге жазылған аннотацияларда жоғарыда келтірілгендей сұйық затты тұнба немесе сығынды деп, үлкен қателіктер жүйелі түрде жіберіледі. Енді медицина, фармация, тағамтану мен басқа ғылым салаларында кеңінен қолданылатын добавка сөзін қарастырайық. Бұл сөзді кейбір мамандар қазақ тіліне қоспа, қосынды, үстеме, үстеме-қоспа деп аударған. *Қоспа – смесь, қосынды – сумма, үстеме – добавочный, үстеме қоспа – добавочная смесь* деп аударылып, добавка сөзінің нақтылы мағынасы анықталмаған. 1978 жылы жарық көрген орысша-қазақша сөздік *добавить – қосу, үстеу, добавка – қосымша, үстеме, ал добавочный – қосымша, үстеме* деп аударылған. Осыдан байқайтынымыз, добавить пен добавка екі ұғым, ал добавка мен добавочный сөздері сөздікте келтірілгендей бір ұғым бола алмайды. Сондықтан келесі сөздерді талдауды жөн көрдік. Бег. м. только. ед. – жүгіріс, жүгіру. Ал беглец м. – қашқын. Бұл сөздерге назар салсақ бег деген сөз іс қимылды білдірсе, ол сөздің беглецке айналуы адам деген ұғымды білдіреді. Қазақ тіліндегі қос деген сөз қосып көбейту ұғымын білдірсе, осы қос сөзіне – қын жұрнағын қосқанда қосқын деген зат есім сөзі түзіледі. Осылай сөздердің өрнектелуі қазақ тілінде көптеп кездеседі. Мысалы, қаш оған – қын жұрнағын қоссақ, қашқын деген зат есімді ұғым пайда болады. Тас – тасқын сөздері де осы мысалды толықтай түседі. Жоғарыда келтіріліп отырған қосқын сөзі халық арасында бұрыннан қолданылып келген, ал қазіргі уақытта ұмыт бола басталған сөздер қатарына жатады. Мысалы, бір үйір малға басқа жақтан немесе басқа үйірдегі шағын малдарды әкеп қосатын болса, алғашқы үйірге қосылған малдарды қосқын малдар деп атаған. Сондықтан орыс тіліндегі добавка сөзі қазақ тіліне қосқын деп аударылса, ол өте орынды болған болар еді. Үстеме сөзі бір атаулы ұғымға ғана бағытталады. Мысалы, малдарға тәулігіне берілетін шөп жетіспей қалатын болса, онда сол шөпті малдарға үстемелеп, яғни артығымен салу қажет, ал интернаттағы оқушыларға тәулігіне берілетін нан жетпей қалатын болса, онда нанды оқушыларға тәулігіне жететіндей етіп үстемелеп беру қажет болады. Ауырған адамдарға биологиялық белсенді заттарды үстемелеп беруге болмайды. Себебі ауырған адамның денесінде әрқашан ондай зат болмайды. Сонымен үстемелеп беру деген сөз бір затты артығымен, яғни бір атаулы затты артығымен беруді білдіреді. Керісінше, добавка сөзі ауырған адамды дәрілермен емдеу жеткіліксіз болғандықтан, табиғаты емдейтін дәрілерден басқа болғандықтан дәрумендерді, биологиялық белсенді заттарды беруді білдіреді.



Қазірдің өзінде термин жасаушылардың өздері екі топқа бөлініп отыр. Біріншілері терминдерді жаппай аударайық десе, екіншілері – жаппай аудармайық дейді. Негізінен терминдерді аударғанда, нақты баламасы дұрыс болып, аударма көпшілікке ұнаса, ондай аудармалардың дұрыс болғаны. Орыс тілінен енген терминдерге әрқашан мұқият көңіл бөліп, нақтылы аударған жөн, ал халықаралық терминдерді жаппай аударма беруден көрі, ыңғайлы аударылатындарын ғана дұрыс мағынасын өзгертпей аударған жөн. Енді латынның *Oleum* және *Unguentum* деген сөздерін қарастыратын болсақ, осы сөздер медицина, фармацевтика және химия-биология ғылымдарында кеңінен қолданылады әрі осы сөздерді барлық фармацевтер, медицина саласындағы азаматтар біледі. Латынның *Oleum* сөзі орыс тіліне масло, қазақ тіліне май деп аударылған және *Oleum* сөзінің орыс тіліндегі әрі қазақ тіліндегі баламаларының нақтылығы еш талас тудырмайды. Қалыпты жағдайдағы майлар сұйық және қатты болады. Ал латынның *Unguentum* деген сөзін қарастыратын болсақ, бұл сөз латынның *Unguere* – жағу (мазат) сөзінен алынған. Мұндағы *Unguentum* сөзі зат есім де, *Unguere* сөзі – етістік. Сондықтан *Unguentum* сөзі латын тілінде термин ретінде қолданылған және орыс тіліне мазь деп аударылған. Термин сөзі әрқашан белгілі бір ойды білдіріп басқа мағыналы сөздермен байланыспайды, сондықтан термин жеке әрі өз алдына дара ұғым. Мазь сөзінің қазақша аудармасын қарастыратын болсақ, *Unguere* – жағу етістігінің жақ түбірінің әсерінен қазақшаға бір сөзбен жағылма және екі сөзбен жақпа май деп аударылып, даулы мәселе қалыптасқан. Осындай текетірестің салдарынан аударушыларға, оқытушылар мен оқушыларға күні бүгінге дейін үлкен ыңғайсыздық тудырып отыр. Енді осы сөздің аудармасын келесідей жазып көрейік.

1. Латыншасы – *Oleum*, орысшасы – масло, қазақшасы – май.

2. Латыншасы – *Unguentum*, орысшасы – мазь, қазақшасы – жағылма.

Латынша терминдер *Oleum* және *Unguentum* заттардың бір-біріне ұқсамайтындығын және екі зат екенін білдіреді, ал осы сөздердің орысша баламалары да заттардың екеуі екенін көрсетеді. Енді қазақшаға *Oleum* – май, ал *Unguentum* – жақпа май деп аударылған вариантын қарастырайық. *Oleum* сөзінің қазақша баламасы май болса, онда май сөзі екінші рет тағы да *Unguentum* сөзіне балама бола алмайды. Бұл ертедегі хат танымайтын аталарымыздың Апорт, Белый налив және Голден Делишес (золотое превосходное) деп аталатын алмаларды қызыл алма, ақ алма, сары алма деп атағандарына ұқсайды және екі сөзден тұрғандықтан, термин болмай сөз

тіркесі болады. Сондықтан латынның Unguentum деген сөзін жақпа май деп аударуды ғылым тіліне жатқызуға болмайды. Жақпа май сөзі тоң май, сұйық май, сары май, өсімдік майы, жануар майы, қарын майы деген атаулар қатарында болғаны орынды болар еді. Осыдан туындайтыны, Oleum терминінің – май, ал Unguentum терминінің баламасы ғылыми тұрғыдан жағылма болады. Сонымен жағылма деп сыртқа қолданылатын тұтқыр пластикалық қасиетті, бір немесе бірнеше дәрілік заттардан және негізден тұратын жұмсақ дәрілік қалыптарды айтады. Жоғарыда көрсетілгендей жағылма дәрілік заттардан және жағылма негізінен тұратынын білдік. Жағылмаларды дайындауда негіз маңызының үлкен және қызметінің сан алуан болатыны көптеген зерттеулермен дәлелденген. Жағылма негізі сол жағылманың қажетті массасын, ондағы дәрілік заттардың концентрациясын, консистенциясын, оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жағылмалар өндірісінде негіз ретінде көмірсутектер, парафиндер, вазелин майлары, озокерит, майлар, тағы басқа көптеген заттар қолданылады. Кейінгі кездері майларды негіз ретінде сирек қолданады. Себебі, микробтар тіршілік барысында майларды көректік заттар ретінде пайдаланады. Осыған байланысты қазіргі кезде негіз ретінде микробқа қарсы, адам ағзасына залал тигізбейтін бейтарап синтетикалық заттарды кеңінен қолданады.

Қазіргі Қазақстан аймағында өзіндік ерекшеліктері бар 14 облыс орналасқан. Мысалы, батыс облыстарында мұнай, газ өнеркәсібі болса, оңтүстік аймақтарда мақта мен егін шаруашылығы дамыған, орталық Қазақстанда тау-кен жұмыстарымен қатар металлургия саласы ерекше орын алады, Шығыс Қазақстан облысында бұғы өсірілетін болғандықтан, онда медицинаға аса қажетті пантокрин және басқа да дәрілер өндіріледі. Әдеби ғылыми тілдің қалыптасуына әр облыстағы сөз ерекшеліктері, яғни, диалектизмдердің де өзіндік қосатын үлесі бар. Мысалы, фармацияда дәрі жасауда көмекші зат ретінде қолданылатын канифоль қарағай шайырынан алынады. Қарағай қабығының жарылған жерінде жиналған шайырларды жергілікті халық жинап алып, балқытып өңдеп, суық күндері тамақ, тыныс алу жолдарының қабынуының алдын алу үшін, сағыз ретінде шайнап жүреді екен. Шығыс қазақстандықтар бұл өнімді түймеш деп атайды. Осыған байланысты канифоль сөзінің нақты қазақша баламасы түймеш деп алынса, онда пікір таластары болмаған болар еді. Жоғарыда беріліп отырған мақаланың бағытына байланысты фармация ғылымында жиі қолданылатын балама сөздердің тізімін бергенді жөн көрдік.

1. Ампула – ампула (тұйықталған немесе дәнекерленген тұйық шыны түтік).
2. Антимикробный – микробқа қарсы.
3. Ароматные воды – хош иісті су.
4. Апробация – сынақтама.
5. Бумага вощеная – балауызды қағаз.
6. Весы ручные – қол таразы.
7. Вещества разрыхляющие – қопсытқыш заттар.
8. Взвесь – жүзгін.
9. Водорастворимые покрытия – суда еритін жабындар.
10. Водородный пероксид – сутек пероксиді, сутекті пероксид.
11. Водяная баня – су моншасы.
12. Возрождение – жаңғыру, түлеу, қайта туу.
13. Воспроизведение – қайта жасау.
14. Вспомогательные вещества – көмекші заттар.
15. Высушенное сырье – кептірілген (құрғатылған) шикізат.
16. Генеральное решение – сара шешім.
17. Глава – тарау.
18. Глазные капли – көз тамшылары.
19. Густой экстракт – қою экстракт.
20. Дезинтоксикация – усыздандыру.
21. Добавка – қосқын.
22. Смесь – қоспа.
23. Сумма – қосынды.
24. Датировка – мерзімдеу.
25. Регистрация – тіркеу.
26. Покрытие – жабын.
27. Доза – доза.
28. Жгучий – күйдіргі.
29. Жир – тоң май.
30. Загрузка – жүктеу.
31. Мазь – жағылма, жағылтпа.
32. Линимент – сұйық жағылма, сұйық жағылтпа.
33. Линименты – сұйық жағылмалар, сұйық жағылтпалар.
34. Жидкий экстракт – сұйық экстракт.
35. Измельчение – ұсақтау.
36. Сухой экстракт – құрғақ экстракт.
37. Экстракт – экстракт.

38. Масло – май.
39. Сборы – жинақтар.
40. Размер – өлшемдік.
41. Размерность – өлшемділік.
42. Отстаивание – тұндыру.
43. Фильтрование – сүзу.
44. Проба – сынама.
45. Навеска – нақты салмақ.
46. Эмульсия – эмульсия.
47. Холодильник – тоңазытқыш.
48. Сироп – дәмдеме, тәттілеме.
49. Лекарственная форма – дәрілік қалып.
50. Настой – тұным, тұнықпа.
51. Раздел – бөлім.
52. Наименование – атауы.
53. Название – аталуы.
54. Надпероксид – асқын пероксид.
55. Сито – елеуіш.
56. Критерий – шарт, шарты, критерий.
57. Предел обнаружения – анықтау шегі.
58. Колонка, колонна – бағана.
59. Метод – әдіс.
60. Капсула – қапташа, қаптама, капсула.
61. Камедь – түймеш.
62. Измельченность – ұсақтық.
63. Примочка – дымдауыш.
64. Дублет – косарлы.
65. Дубликат – телнұсқа.
66. Принцип – ұстаным.
67. Осадок – тұнба.
68. Инвентарная книга – түгендеу кітабы.
69. Шрот – сама, шәмбі, шәмбе.

Тұжырым

Фармацияда қолданылатын терминдерді сипаттай отырып, жаңа терминдер жасау үшін кейбір сөздердің мәнін анықтауға барлау жұмыстары жасалды.

Әдебиеттер:

1. *Момынов Т.А., Рақышев А.Р.* Медициналық сөздік. // Алматы, 2003 – 351 б.
2. *Момынов Т.А., Рақышев А.Р.* Медициналық сөздік. // Алматы, 1999 – 309 б.
3. Авторлар ұжымы: *А.А. Алдашев* және басқалары. Қазақша-орысша, Орысша-қазақша терминологиялық сөздік. // Алматы, «Рауан» баспасы, 15 т., 2000 – 312 б.
4. *Қалиев Б.* Өсімдік атаулары. Орысша-қазақша сөздік. Алматы, 1993 – 103 б.
5. Орысша-қазақша медициналық фармакологиялық сөздік. Редакциясын басқарған *Г.Д. Бердімұратова, Р.С. Күзденбаева* // Алматы, 2006 – 608 б.
6. Словарь иностранных слов.//Москва, «Русский язык», 1988. – 608 с.
7. Орысша-қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор *Ғ.Ғ. Мұсабаев*. // Қазақ Советэнциклопедиясының бас редакциясы. 1 том. (А-О) Алматы. 1978 – 575 б.
8. Орысша-қазақша сөздік. Жалпы редакциясын басқарған Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор *Ғ.Ғ. Мұсабаев*, ССР Ғылым академиясының академигі *М.Т. Сауранбаев*.// Қазақ Советэнциклопедиясының бас редакциясы. Алматы 2 том. (О-Я) 1981 – 582 б.

Жұбаева О.,

*А. Байтұрсынұлы атындағы**Тіл білімі институтының бөлім меңгеруші,
филология ғылымдарының кандидаты*

“Қазақша-орысша тілмаштың” (1925 ж.) қазақ терминологиясындағы орны

Ғасыр басында қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес жаңа ұғымдар, түсініктер қалыптасты. Ғылым, өнер-білім салаларында қазақ ұғымына жат жаңа сөздер пайда болды. Осыған байланысты жаңа ұғымдардың мәнін ашып, түсіндіру, қазақ тілінен сол ұғымға сәйкес балама табу, қазақ сөздерін жинақтап, саралау, яғни сөздік түзу қажеттігі туындады. Күннен-күнге көбейіп, тасқындап еніп жатқан термин сөздерді жүйелеп, оларға қазақ тілінен балама табу, саралап, сұрыптау ісінің жеңіл еместігі түсінікті. Ол туралы 1931 жылы оқу комиссариатының білім кеңесі былай деген еді: “... Жұрттың көбіне мәлім, ой еңбегіндегі ең қиын істің бірі – сөздік тізу, оның ішінде әсіресе кітап жазушыларға дайын сөз тауып беру – өте қиын іс. Бұл айтқан ғылым тарауын көңілдегідей шығару үшін оның соңында бірнеше жыл отырып, бір пән сөзінің өзін бірнеше сүзгіден өткізу керек” [1, 3]. Осындай күрделі еңбектің нәтижесінде жарық көрген сөздіктердің бірі – “Қазақша-орысша тілмаш”. Кітап 1925 жылы Мәскеуде 10000 дана болып басылып шығады. Сөздік жұмысын басқарған – Кеменгерұлы Қошке, түзгендер – Кеменгерұлы Қошке, Байтасұлы Абдолла, Бұралқыұлы Мұстапа, Байғаскин Есім, Дәулетбекұлы Ғаббас, Баймақанұлы Шәкір, Темірбекұлы Сұлтан, Сәрсенбайұлы Төлеутай болды. Құрастырушылардың ешқайсы да тіл маманы емес. Қ. Кеменгерұлы бұл кезде тарихшы, әдебиетші ретінде танылған. Орталық мұрағат деректері 1925 жылы Есім Байғаскин мен Ғаббас Дәулетбековтың Орта Азия Мемлекеттік университетінің (САГУ) аймақтық шаруашылық және заң факультетінде (факультет местного хозяйства и права) оқып жүргенін, Ақмола өңірінен келгенін көрсетеді [2, 58]. Р. Рүстембекованың “Қошке (Қошмұхаммед) Кеменгерұлы” атты мақаласында /25/ сөздікті құрастырушылар туралы деректер келтірілген. Онда Дәулетбекұлы Ғаббастың Орта Азия университетінің заң факультетін бітіргені, кейін заң қызметіндегі әділетсіздіктерді көріп, 1933 жылы мемлекет банкісіне ауысқаны, 1937 жылы Қызылжарда ұсталып,



атылғаны туралы, ал Есім (?) Байтасұлының ол кезде студент болғаны, Мұстафа Бұралқыұлының оқу-ағарту саласында қызмет еткені туралы мәлімет бар. Сонымен қатар Т. Жұртбаевтың “Талқы” деген кітабында көптеген алаш азаматтарының қатарында Абдолла Байтасұлы, Мұстафа Бұралқыұлы мен Есім Байғаскиндердің түрмедегі азапты күндері туралы баяндалады [3].

Ғасыр басында қазақ білімпаздары аударма ісіне белсене араласқаны белгілі. Мұрағат деректеріне зер салсақ, Ә. Бөкейханұлы – география, Е. Омаров – алгебра, М. Жұмабаев – педагогика, Ж. Аймауытов – дидактика, Ф. Ғалымжанов – физика, Б. Сәрсенов – геометрия, И. Тұрғанбаев – арифметика, Қ. Кемеңгерұлы – жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударғанынан [4] хабардар боламыз. Сонымен қатар мұрағат қорында Қ. Кемеңгерұлының 1925 жылдың 16 қарашасында “Ауыл шаруашылық ғылымы” атты кітапты аударуға келісім беретіні жайында хаты сақталған [5, 20]. Ғалым Пушкиннен “Пайғамбар”, Никитиннен “Сәскелік көлдің жағасында” сияқты өлеңдерді тәржімалаған. Қ. Кемеңгерұлы Лебедевтің «Химия» атты оқулығын аударған [6]. Сол сияқты “Құлақ шаруаларындағы батырақ пен батырақ әйелдерді заң қалай қорғайды” [7], “Ақы, кәсіп, дау айыратын комиссия” [8] деген Қ. Кемеңгерұлының аудармалары Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы. Мұрағат деректері Бектасов пен Кемеңгерұлының “Орысша-қазақша сөздігінің” (“Русско-казахский словарь”) орыс топтарына қазақ тілін үйретуде жетекші құралдардың бірі болғанын көрсетеді [9]. Алайда бұл кітапты кітапхана қорларынан кездестіре алмадық. Бұл деректер Қ. Кемеңгерұлының сөздік түзу жұмысына тегіннен-тегін араласпағанын, оған үлкен дайындықпен келгенін танытады.

Сонымен қатар А. Байтасұлы да “Қазақша-орысша тілмаш” жұмысына араласқанға дейін-ақ аудармашылық шеберлігі ұшталған қайраткер ретінде танылған. Ол Уагнерден “Жануарлар туралы әңгімелер” (Ташкент, 1924, 126 бет) [10], профессор Гейкіден “Физикалық география” (Ташкент, 1924, 204 бет) т.б. аударған [11]. Осы кітаптарға жазған сынында “Қыр баласы” (Ә. Бөкейханов) аударма тілін сөз ете келіп: “Абдолла жолдас орыс кітабын қазақшылауға шебер. Кітаптың сөзі хат білетін қазаққа түсінікті”, – деп жоғары бағалайды [12]. Сөздік жұмысына аудармамен ертеден айналысып жүрген Қ. Кемеңгерұлы, А. Байтасұлдарының араласуы “Тілмаштың” дұрыс та сәтті болып шығуына әсер екені даусыз.

Қ. Кемеңгерұлы ана тілінің табиғатын, ерекшелігін терең білумен қатар көп тіл білетін полиглот ғалым болғанын байқаймыз. Зайыбы Гүлсімнің

айтуынша, Қ. Кеменгерұлы араб, парсы тілдерін де жақсы меңгерген [13]. Сол сияқты Ә. Меңдеке [14], З. Нұрмағамбетовалардың [15] мақалаларында ғалымның ағылшын, неміс, жапон тілдерін білгені туралы айтылады. Сонымен қатар Қ. Кеменгерұлының мақалаларынан оның әзірбайжан, түрік, монғол тілдерін де игергені байқалады [16]. Бірнеше тіл білу сөздіктегі сөздердің мағынасын ашып, дұрыс балама табуда көп көмектесетіні айтпаса да түсінікті.

“Қазақша-орысша тілмашты” түзушілер екі түрлі қызмет атқарған. Яғни, бір жағынан, қазақ сөздерін саралап, сұрыптап, олардың баламасын дәл тауып, дұрыс түсіндіруді, сол арқылы қазақ халқының болмысын, тұрмысын, рухын басқа халыққа таныстыруды мақсат етсе (бұл этнографизмдер мен фразеологизмдердің т.б. мәнін түсіндіруде ерекше байқалады), екінші жағынан, ғылым мен техника, мәдениет т.б. саладағы жаңалықтармен өзгерістерге байланысты жаңа сөздер орыс тілінің әсерімен еніп жатқандықтан әрі ондай ұғымдар мен түсініктерге балама ретінде қазақтың төл сөздері қалыптаса қоймағандықтан, құрастырушылар орысша-қазақша сөздіктің міндетін де атқарған. Сол себепті “Қазақша-орысша тілмашты” түзушілер жеке реестрге қазақ тілінің дайын сөздерін ғана беріп қоймай, орыс сөздерінің (немесе орыс тілі арқылы басқа тілден енген сөздердің) қазақ тіліндегі баламасын ұсынып, шығармашылық та қызмет атқарған (бұл, негізінен, термин сөздерге байланысты). Мәселен, ғасыр басында *аэроплан, акционерное общество, кинематограф, резолюция, инструкция, прогресс* т.б. сөздердің қазақ тілінде дайын баламасы болмады. Әрине, бұл орайда баспасөз бетінде бұл атаулардың түрліше қолданылып жүргенін ескеру керек. Әйтсе де ол атаулар әдеби тілде қалыптасып үлгермеген еді. “Қазақша-орысша тілмашта” осындай сөздердің қазақ тіліндегі баламасы беріледі де, оның орысша аудармасы көрсетіліп отырады. Мәселен, *сатсиалдық – социальный, социалистический; сома – сумма (капитал); қорытынды – 1) резолюция, 2) вывод; қосымша құн – прибавочная стоимость; нұсқа – 1) инструкция, 2) экзземпляр, 3) копия; үдеу – прогресс; ұшқыш мәшине – аэроплан; жарналы серіктік – акционерное общество т.с.с.* Яғни сөздік құрастырушылар қазақ тілінің сөздік құрамын молынан қамтуға тырысқанын байқаймыз.

Сөздердің берілуі, сөз мағынасын түсіндіру, еуропа сөздерінің дәл баламасын табу, сөздердің жинақталуы, сұрыпталуы тұрғысынан алғанда, “Қазақша-орысша тілмаш” өзіне дейін шыққан сөздіктерден әлдеқайда озық. “Қазақша-орысша тілмаштың” алғысөзінде құрастырушылар сөздік түзу – өте күрделі де қиын міндет екенін, тіл білімі саласында еңбек ететін



бірнеше автордың көп жылғы еңбегінің нәтижесі болуы керектігін айта келіп: “К сожалению, такой точки зрения мы не придерживались по следующим причинам: во-первых, с целью удовлетворить сильную потребность в казахско-русском словаре слушателей-европейцев, изучающих казахский язык на Высших Военных Курсах Востоковедения, мы приложили все усилия к его ускоренному выпуску; во-вторых, мы не имели на руках соответствующих полных руководств для исчерпания из них необходимых материалов. Однако, выражаем надежду, что данный словарь может послужить пособием не только слушателей Военных школ, но и для европейцев, служащих в Казреспублике, а также для лиц, изучающих непосредственно казахский быт”, – дейді [18, 3].

Сөздік Шығыстанудың Жоғары Әскери курсында оқып жүрген еуропалық тыңдаушыларға арналғанмен, көпшілікке бағытталған. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Құрманбайұлы «Алаш және терминтану» атты еңбегінде Қ. Кеменгерұлының терминжасамдағы қызметін арнайы сөз ете келіп, «Қазақша-орысша сөздіктің» жалпыға арналған екі тілді аударма сөздік болғанын айтады [18, 153]. Ғалым мұның өзіндік себептерін сөздік түзушілердің мақсатымен байланыстыра отырып түсіндіреді. «Сол кезеңде жаңадан жасалған көптеген терминдердің сала мамандарының шеңберімен шектеліп қалмай, қалың жұртшылықтың арасына тез тарап, санасына сіңіп, қалыптасып кетуі үшін» екі тілді аударма сөздіктің орны ерекше болғанын айта келіп, профессор Ш. Құрманбайұлы былай деп жазады: «Жалпы сөздік – типі жағынан терминологиялық немесе оқулық сөздік емес, жалпыға арналған екі тілді аударма сөздік. Сондықтан бұл сөздік түрін белгілі бір мамандық иелері ғана пайдаланып қоймайды, қалың жұртшылық қажетіне жарата алады. Сондай-ақ терминдік мағынада жұмсалған немесе қазақ тілінде жаңа жасалған термин сөздердің орыс тіліндегі қай терминнің баламасы екендігін де анықтау мүмкіндігіне ие болады. Негізінен белгілі бір саланың мамандары көбірек пайдаланатын терминологиялық сөздік сияқты емес, екі тілді аударма сөздікке жұрт көбірек жүгінеді. Сол себептен де онда қамтылған жаңа терминдердің таралу аудиториясы кеңейе түседі. Міне, бұл тұрғыдан келгенде, «Қазақша-орысша тілмаш» ХХ ғасыр басында жасалған қазақ терминдерінің көпшілікке таныла түсуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен сөздік деуге толық негіз бар» [18, 153-154].

“Еңбекші қазақ” газетінің 1926 жылғы 16 қазанындағы № 662 санында “Оқушы” деген псевдоним иесінің “Қазақша-орысша тілмашты” өте жоғары бағалап, алайда кейбір сөздердің түсініксіз екенін айтқан

сын-ескертпесіне [19] жауап ретінде Қ. Кемеңгерұлы осы басылымның 24 қарашасында жарияланған “Қазақша-орысша тілмаш” туралы түсініс” деген мақаласында [20]: “Тілмашқа кірген сөздердің бірсыпырасы Радловтан, Будаговтан алынған. Қазақ тіліндегі ескі-жаңалы кітаптардан алынған”, – дейді.

Бірақ “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар Радлов, Будагов сөздіктерін сол күйінше қайталамай, өз мақсатына қарай сұрыптағаны, ықшамдағаны, мағынасын кеңейткені т.б. байқалады:

	В.В. Радлов “Опыт словаря тюркских наречий”, 1888, 1905	“Қазақша-орысша тілмаш”, 1925
Айтыс	1) разговаривать, беседовать, между собою говорить, спорить, ссориться; 2) вести тяжкую словесную перед судьейо	1) диспут; 2) дискуссия; 3) состязание в песнях; 4) прение
Айып	1) вина, преступление, недостаток, порок; 2) неприличие, все, что нарушает обычай; 3) нечестность, подлость, дурное качество; 4) пеня за незначительные поступки; 5) порок	1) штраф; 2) вина
Айбар	наружность, возбуждающая страх, почтение	Демонстрация, угроза
Айғақ	свидетель, истец, доносчик	свидетель
Ермек	забава, утешение	1) забава; 2) удовольствие; 3) развлечение; 4) спорт
Айнала	окружность	1) окружность; 2) кругом (нар.); 3) среда
Емші	человек, который умеет лечить или заговаривать болезнь	лекарь
Орамал	платок, пеленка	полотенце, платок

Радлов сөздігінде [21] түсіндірушілік сипат басым болса, “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар орысша баламасының дәл де нақты болуына көп көңіл бөлген.

Екіншіден, Радлов сөздігінде сөз мағынасы қате түсіндірілген тұстар кездесіп отырса, ана тілінің сөз байлығын терең меңгерген “Тілмаш” құрастырушыларында мұндай олқылықтар байқалмайды. Мәселен, В.В. Радлов сөздігінде *айғыршық* – *маленький жеребец* түрінде берілсе, “Қазақша-орысша тілмашта”: *құлын* – жеребенек; *жабағы* – 1) джабага; шерсть, снятая с овцы весной; 2) *жеребенек* (в первую осень и зиму по рождении); *тай* – стригун; *құнан* (құнажын) – двухлетняя кобыла или корова; *дөнен* – четырехлетка (о скоте); *бесті* – пятилетка (о скоте) деп көрсеткен. Яғни негізгі кәсібі – мал шаруашылығы болған қазақтың жылқы баласының жас ерекшелігіне байланысты қолданған атауларын “Тілмашта” толық қамтуға тырысқан. Осындай сипаттамаларынан сөздік түзушілердің туған халқының тұрмысымен етене таныс болып, басқа халыққа қазақы рухты, дүниетанымды жеткізбек болған ниетін байқауға болады.

Үшіншіден, Радлов сөздігінде түбірлес сөздердің мағынасы бөлек-бөлек түсіндірілсе (*ұят, ұятлық, ұятсыздық; ұшсыз, ұшсызлық; ауру, аурулық; аурсыздық, ақылды, ақылсыз, ақылсыздық* т.с.с.), “Қазақша-орысша тілмашта” сөз тудырушы жұрнақтардың мағыналары арнайы сөз болады. Осыған байланысты кіріспесөзде: “В данное время, в связи с переводом научных книг, у нас сильно идет словообразование. Чтобы не оставить своих читателей в недоумении при встрече новых производных слов, имеющих основу в словаре, мы сочли излишним определить значение суффиксов, употребляемых в казахском языке”, – деп, жұрнақтардың қандай сөз табына жалғануына байланысты негізге қандай мән үстейтінін көрсетіп отырады. Қазақ тілі жалғамалы тілдер тобына жататындықтан, негіз сөзге қосылған жұрнақтардың мәніне сәйкес сөз мағынасы да жаңарып отыруына байланысты, бүгінгі таңдағы сөздік құрастырушылар да осы үрдісті ескергені жөн сияқты.

Төртіншіден, “Қазақша-орысша тілмашты” түзушілер жаңа ұғымдар мен түсініктерге балама ұсыну мақсатына сәйкес, сөздің негізгі мағынасын кеңейтіп, дамытып, қосымша мән үстеуге тырысқаны байқалады. Сол себепті *айбар* сөзін – *демонстрация, айтыс* – *диспут, дискуссия, ермек* сөзін – *спорт* сөзіне балама ретінде ұсынады.

Осындай ерекшеліктерді Л.З. Будагов сөздігін [22] қолдануынан да байқауға болады:

Сөздер	Л. Будагов. Сравнительный словарь турецко- татарских наречий с включением употребительнейших слов арабских и персидских ... СПб, 1869, 1871	“Қазақша- орысша тілмаш”, 1925
Әкім	начальник	администратор
Алпауыт	Помещик, дворянин, барин, господин	помещик
Жар	Приказ, повеление, обнародование, клик, сбор	1) супруга; 2) возлюбленный; 3) крутизна, берег; 4) обнародование
Себеп	причина, предлог, средство, случай	причина
Асау	Дикий, суровый, необразованный, лошадь, вовсе неезженная	дикий
Жосық	обычай, правило	правило, путь
Шапыраш	Недостаток глаз, зрачки сближен- ные, как будто смотрят на нос	недостаток глаза, зрачки как будто смотрят на нос
Ақын	Импровизатор, экспромтом говорящий стихи, поющий и рассказывающий повести о былом	1) импровизатор; 2) поэт

“Қазақша-орысша тілмашты” түзушілер Л.З. Будагов, В.В. Радлов сөздіктерін пайдаланғанда, бірқатар сөздерді өзгеріссіз, сол күйінше қолданса, енді бір сөздердің сөздікте көрсетілген мәнінен басқа да түрлі мағынаға ие болатынын көрсетіп, толықтырып отырған. Оның үстіне өзіне дейінгі сөздіктерде түсіндірме жолымен немесе бірнеше синонимдер арқылы берілген сипаттамалардың орнына нақты, ең басты, негізгі мағынасын көрсетуге тырысқан.

“Қазақша-орысша тілмашта” 10 мыңдай қазақ сөзінің мағынасы түсіндірілген. “Қазақша-орысша тілмаш” туралы түсініс” деген мақаласында Қ. Кемеңгерұлы Мәскеудегі “Кіндік баспасөз” Мағжанға қаратып, біреуге көшіруге бергенде, сол көшірушінің біраз шатастырғанын,

оның үстіне 400-дей сөз баспадан кате кеткенін, яғни кейбір сөздердің мағынасын жойып не ауыстырып жібергенін қынжыла айтады. “Оқушы”: “кей сөздерге берген мағаналары қазақша да емес, жатық та емес, түсінікті де емес, керексіз сөздер кездеседі”, – деп *тауқымет, гадауат, саранжам, шапағатшы, соламай, тоңғармақ, тазданбақ, ақыланбақ* сияқты сөздерді көрсетеді. Оған жауап ретінде Қ. Кемеңгерұлы: “Қазақша дегенде қазақтың төл сөзін іздейсіз ғой. Олай болғанда, қазақтың сөйлеп жүрген сөздерінің жартысы араб пен парсынікі деушілер бар. Оларға не дейсіз? *Орамалды* сіз қазақтың төл сөзі деп ойлайсыз ба? Қазақша емес деп дауласқаннан кейін, әрине, сізге түсінікті де, жатық та болмайды. Қазақ арасында айтылатын сөз бе? Сөз емес пе? Қазақ кітаптарында кездесе ме? – әңгіме сонда болу керек”, – дей келіп, *тауқымет* сөзінің Жүсіпбек пен Мұхтардың жазғандарында, *гадауат* сөзі Абайда, *саранжам* сөзі Наурызбай батырдың қызбен айтысатын қиссасында кездесетінін, жас бала қайтыс болса, қазақ *шапағатшы болсын* деп көңіл айтатынын т.с.с. деректерді келтіре отырып, жеке адамның білмеген сөзінің бәрін керексіз қылуға, қазақша емес, түсінікті емес деуге болмайтынын ескертеді. Ендеше, “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар кез келген сөздің мәнін түсіндіруді мақсат етпей, оның қазақ арасында немесе ақын-жазушылар тілінде кездесуіне қарай сұрыптап, екшегені байқалады.

Оның үстіне басқарушы “Тілмаштың” еуропалықтарға арналуына байланысты, қазақ сөздерінің бас-басына мағына беріп, түсіндіруге тырысқанын айтады. Қ. Кемеңгерұлы егер сөздік қазақтарға арналса, *уто-нуть* сөзін – *батпақ, кетпек, гарық болмақ* деп аударуға, яғни синонимдес сөздерді қолдануға болатынын, ал қазақша-орысша сөздікте әр сөздің жеке нысанға алынуы қажеттігін ескертеді. Бұдан Қ. Кемеңгерұлының сөздік түзу ісінің қыр-сырын толық меңгергені әрі оған үлкен жауапкершілікпен қарағаны байқалады.

XX ғасыр басында қоғамдағы ірі өзгерістер, ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуы көптеген жаңа ұғымдар мен түсініктерді қалыптастырды. Ғылым, өнер-білім, экономика саласында қазақ ұғымына жат жаңа сөздер, атаулар пайда болды. Жаңа ұғымдардың мәнін ашып түсіндіруде, қазақ тілінен соған сәйкес балама табуда “Қазақша-орысша тілмаштың” маңызы өте зор болды.

1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшалаңдыратын комиссия құрылады да, оны А. Байтұрсынұлы басқарады. Комиссия жат (өзге тілдік) сөздерді қабылдауда мына принциптерді басшылыққа алған:

- а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;
 ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;
 б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, еуропа сөзін алу [23].

“Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар да осы принциптерді ұстанғаны байқалады. “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылардың да осы принциптерді ұстанғаны байқалады. Сондықтан “Тілмашта” *төбелік шеңбер – полярный круг; тетік – 1) механизм, 2) прием; бедел – авторитет* сияқты сөздермен қатар *нөмір, көлексие, атлас, билиарт* сияқты атаулар да кездеседі.

Қазақ тілінің өз мүмкіндігін пайдалана отырып, термин жасау үлгісі ХІХ ғасырда да көрініс тапқан. Белгілі ғалым Р. Сыздықова төңкеріске дейінгі сөздіктердің ерекшелігіне тоқтала келіп, былай дейді: “Қазақ қоғамы өміріне жаңадан еніп жатқан құбылыстар мен ұғымдардың атауын жасауда өткен ғасырдың өзінде-ақ қазақ тілі өз мүмкіндігіне иек артқаны осы сөздіктерден білінеді. Мысалы, *аренда – өсім; банкир – сүтхор, өсімші; работник – жұмыскер, малай; слуга – төлеңгіт; станция – қызыл үй, бекет; темница – қараңғы үй; хирург – сынықшы; художник – ұста, жасаушы; будка полицейского – қараулышы үй; компания – ортақ; железная дорога, вагон, локомотив – от арба; пароход – от қайық; столетие – жүз жыл; подорожная – бедерлі қағаз; баллотировка – тас салу т.б.*” [24, 306].

Бұдан жоғарыда келтірілген принциптердің негізі ХІХ ғасырда қалана бастағанын байқаймыз. Сондықтан ХХ ғасыр басындағы сөздік түзушілер барлық сөзге жаңа атау беруге тырыспаған. Құрастырушылар өздеріне дейінгі, өз тұсындағы сөздіктерді байыпты зерделеп, сөздерді саралап сұрыптаған. Мұндай үрдісті “Қазақша-орысша тілмаштан” да байқауға болады. Сөздік түзушілер термин жасауда сөздің түсінікті болуына ерекше мән берген.

“Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі” деген мақаласында Р. Сыздық А. Байтұрсынұлының термин жасауда қазақ тілінің сөздік қорына иек артқанын айта келіп, оның бірнеше объективті себептерін көрсетеді. Атап айтқанда:

- а) А. Байтұрсынұлы жасаған терминдер – техника саласының терминдері емес, білім-ғылым саласына қатысты атаулар болғандықтан, ұғымға ерекше мән берілгендігін, ал ұғым атаулары әр тілдің өз сөздерінен жасалатындығын немесе калька жолымен басқа тілдерден аударылатынын;



ә) термин үшін қазақ тілінің өз сөздік қорын пайдалану қазаққа әлдеқайда түсініктірек болатынын ескергенін;

б) еңбектер ғылым салалары дүниеге келмеген, олардан бейхабар қазақ жұртшылығына, оның ішінде шәкірт балаларға арналғандықтан, оларға жеңіл де түсінікті болу жағын көздегенін нақты мысалдармен дәлелдейді [25, 250-262].

Ғалым ойларын “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушыларға қатысты да қолдануға болады. Өйткені, бір жағы, А. Байтұрсынұлы мен “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар бір кезеңде өмір сүрсе, екінші жағынан, сөздік түзушілер А. Байтұрсынұлының термин жасаудағы принциптерін толық қуаттап, рухани ұстазының жолымен жүрген. Оны Қ. Кемеңгерұлының мына сөздерінен де байқауға болады: “... Терминдерді алу туралы кейбіреу басқа елдер қалай атаса, қазақшаға айналдырмай-ақ, біз де солай атайық десті. Бұл – тіпті адасқан пікір. Күйіміз жетсе, шамамыз жетсе, қазақшаландырып алуымыз керек. Мәселен, *геометрияны* қазаққа *геуметрие* десең, көзіне түк елестемейді. Ал *пішіндеме* десең, қазаққа таныс, көзіне елестейді. Сондықтан терминдерді қазақша алуға дауласуға мән жоқ [26].

Профессор Ш.Құрманбайұлы терминологиядағы «термин мағынасының ұғынықтылығы» (прозрачность значения термина) деген ұғымға тоқтала келіп, кеңес ғалымдарының өзі бұл мәселеге 70-80-жылдары ғана ден қойғанын, ал «Қ.Кемеңгерұлының жиырмамыншы жылдары-ақ ұлт тілін тұтынушыға терминнің белгілейтін ұғымы жөнінде ашық мәлімет беріп тұруы керек деуі – айрықша құнды пікір» екенін айтады [19, 160].

“Тілмаш” түзу барысында да құрастырушылар осы тұжырымды басшылыққа алған. Оған сөздіктегі терминдердің берілуі дәлел бола алады. Мысалы: *ақынның сапасы – реальная плата; әлем ғылымы – космография; әлеумет ғылымы – социология; айқасым – реакция (психологическая); білдіргіш – справочник; бекет – почтовая станция; тәжірибеқана – лаборатория; тән тіршілігі – физиология; тасу құралы (көлік) – транспорт; тетік ілімі – механика; тетік күш – механическая сила* т.б.

“Қазақша-орысша тілмашта” сол кездегі қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтарға сәйкес жаңа ұғымдар мен атаулар да көптеп кездеседі. Осы тұрғыдан алғанда, сөздік түзушілер шығармашылық та қызмет атқарған сияқты. Ондағы терминдердің қазақ тіліндегі баламасының мағынасы дәл де түсінікті болып келеді:

Орыс тілінде	“Қазақша-орысша тілмашта”	Қазіргі кездегі қолданылуы
оптом (продавать или покупать)	топтау (топтап сату...)	көтерме сауда
акционерное общество	жарналы серіктік	акционерлік қоғам
демонстрация	айбар	демонстрация
бассейн	алап	бассейн
стилистика	тіл қисыны	стилистика
психология	жан жүйесі	психология
математика	шама тілі	математика
позитивная философия	деректі даналық	позитивті философия
мемуар	заманқат	мемуар
экономист	үнемші	экономист
сахарный диабет	сусамыр	қант диабеті
регресс	кер кету	регресс

Сөздік түзушілер аударуға көнбеген сөздерді қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендіріп алып отырған. Мысалы: *завыт – завод, капитал – капитал, кімйе – химия, кассы – касса, дидәктіке – дидактика, натарыс – нотариус т.б.*

Бұл орайда тілмашты құрастырушылар Х. Досмұхамедұлы, А. Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алғаны байқалады. Жат сөздерді “өзге жұрт тілдерінде айтылуынша ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республикелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?” [27, 168], – деушілерге Х. Досмұхамедұлы “Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді”, – деп [28] жауап берсе, А. Байтұрсынұлы “Сәбитке жауап” деген мақаласында: “Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің



заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар”, – деген еді [29]. Бұдан сөздік түзушілер мен А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы сияқты тіл білімпаздарының ойлары, тұжырымдары үндес, сабақтас болғанын көреміз.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу, әліппе мәселелері, оқу, ғылым кітаптарын көбейту, бастауыш мектеп бағдарламаларын дайындау шараларымен қатар термин (пән сөзі) мәселесі де арнайы сөз болады. Онда Елдес Омаров баяндама жасап, Х. Досмұхамедұлы, М. Дулатұлы, М. Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйлейді. Съезде, негізінен, терминдерді қазақтың өз тілінен алу, одан табылмаса, басқа түркі халықтарының тілінен іздеу, одан да табылмаса, еуропа халықтарының ортақ терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына келтіріп алу керектігі айтылады. Съезде сөйлеген сөзінде де, “Жат сөздер туралы” деген кітапшасында да [30] Н. Төреқұлов түркі тілдерінен сөз іздемей-ақ “делдалсыз тура аурыпадан алуды” ұсынады да, *бибауырмал* дегеннің орнына *интернационал*, *тарих* сөзінің орнына *история*, *тарихшы* сөзінің орнына *историк* деп қолдану керектігін айтады.

“Қазақша-орысша тілмаштағы” терминдерді шартты түрде төмендегідей етіп топтастыруға болады:

а) тіл ғылымына қатысты терминдер: *одағай – междометие; мұқам – жаргон; лұғат қисыны – теория словесности; тіл қисыны – стилистика* т.б.

ә) әдебиет ғылымына байланысты терминдер: *шендестіру – антитеза; мысқыл – сарказм; нақыл – 1) афоризм, 2) предание; оқшау сөз – фельетон; меңзеу – олицетворение* т.б.

б) заң ғылымына қатысты терминдер: *мәміле – соглашение; мизам – закон; қосалқы би – запасной судья; мүпті – обер-прокурор* т.б.

в) экономика, қаржы, есепке байланысты терминдер: *нарық – рыночная цена; несие – долг, кредит; кіріс – 1) доход, 2) вход; кері салық – регрессивный налог; кесіп капиталы – промышленный капитал* т.б.

г) математика ғылымына қатысты терминдер: *қос белгінің өрнегі – формула двойных знаков; қос шаршы теңдеулер – биквадратные уравнения; қосынды – сумма* т.б.

ғ) физика ғылымына қатысты терминдер: *қуат – сила, энергия; магнет – магнит* т.б.

д) химия ғылымына қатысты терминдер: *күкірт – фосфор; көмірлі зат – органическое вещество; көкжар – медный купорос* т.б.

е) геология ғылымына қатысты терминдер: *мұнай – нефть; саржан – коралл, кен жұмысы – горное дело, менерал – минерал* т.б.

ж) география ғылымына қатысты терминдер: *көрікті жер – ландшафт; құм төбе – дюна;*

и) ботаника ғылымына қатысты терминдер: *нарын – гранатовое дерево; қонақ – 1) гость; 2) род кормового растения; қоға – корень камыша; куча; қоғажай – водяной камыш* т.б.

к) ауыл шаруашылығына байланысты терминдер: *марқа – ягненок, несколько подросший и жирный; күзем – осенняя стрижка овец; көген – веревка, которой привязывают овец;*

к) биология ғылымына қатысты атаулар: *оқбақ – род птицы; құрқылттай – ремез (птица); қорқау – гиена; күшеген – маленький орел* т.б.

л) медицина саласына байланысты терминдер: *от – желчь; күс – мазоль, мерез – сифилис; май – 1) масло, жир, сало, 2) мазь; бөген – 1) трахома, 2) выпадение волос хвоста лошади (болезнь)* т.б.

м) дінге қатысты атаулар: *мақам – голос (при чтении Корана); мақбоз – предопределение бога; Мәуліт – день рождения Магомета; мәкіру – неодобренный шариятом* т.б.

Байқап отырғанымыздай, сөздіктүзушілер ғылымның қай саласындағы термин болсын, мағынасы түсінікті де дәл болу жағына ерекше көңіл бөлген.

Әрине, мұндағы терминдердің бәрін де құрастырушылар ойлап шығарған деген ойдан аулақпыз. Сөздік түзушілер 1923-1924 жылдары “Қызыл Қазақстан” журналында “Білім ордасының қазақша ғылыми-әдебиет кеңесінде қабылдап алынған пән сөздері” деген айдармен жарық көрген терминдерді, жекелеген оқулықтар (“Оқу құралы”, “Тіл-құрал” т.с.с. А. Байтұрсынұлы еңбектері т.б.) арқылы әбден тұрақталған атауларды, мерзімді баспасөз бетінде жүйелі қолданылу нәтижесінде қалыптаса бастаған терминдерді де негізге алған. Бұдан, бір жағы, сөздік құрастырушылардың өзіне дейінгі жарық көрген еңбектермен жан-жақты таныс болғанын, сөздік түзу жұмысына үлкен дайындықпен келіп, жауапкершілікпен қарағанын аңғарсақ, екінші жағынан, “жаңа тіл” ойлап таппай, бір заттың бірнеше атауын беруден гөрі осы уақытқа дейін қолданылып келген сөздерді тұрақтандыру мақсатын көздегенін байқаймыз.

Мәселен, бірқатар терминдердің “Қызыл Қазақстан” [31] журналынан алынғаны байқалады:

Орысшасы	“Қызыл Қазақстанда” 1923-1925 жж.	“Қазақша-орысша тілмаш”, 1925
авторитет	бедел	бедел
анализ	талдау	талдау
атмосфера	ауа	ауа
демократия	бұқара	бұқара
завод	зауыт	зауыт
заем	қарыз	қарыз
инструкция	нұсқау	нұсқау
инструктор	нұсқаушы	нұсқаушы
история	тарих	тариқ
капиталист	капиталшы	капиталшы
коммунизм	ортақшылдық	ортақшылдық
лава	жалқын	жалқын
материализм	затшылдық	затшылдық
математика	шама тілі	шама тілі
методика	әдістеме	әдістеме
механическая сила	тетікті күш	тетікті күш
механика	тетік ілімі	тетік ілімі
позитивная философия	деректі даналық	деректі даналық
полярный круг	төбелік шеңбер	төбелік шеңбер
феодализм	бек дәуірі	бек дәуірі
формула двойных знаков	қос белгінің өрнегі	қос белгінің өрнегі

Алайда “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылар басылым бетіндегі терминдердің бәрін сол күйінде беруді мақсат етпей, бірқатар тұстарында өз тарапынан өзгерістер мен толықтырулар енгізіп отырған. Бұл ерекшелік “Қазақстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған

пән сөздері” атты Н. Қаратышқанұлының құрастыруымен жарық көрген кітапшамен [32] салыстырғанда айрықша көрінеді. Еңбектің атына сәйкес Н. Қаратышқанұлы, негізінен, “Қызыл Қазақстанда” жарияланған пән сөздерін еш өзгеріссіз жариялауды мақсат етсе, “Қазақша-орысша тілмашта” бірқатар терминдердің мәні толықтырылып, жаңартылып отырған:

“Қазақша-орысша тілмаш”, 1925	Н. Қаратышқанұлы “...Пән сөздері”, 1927
айтыс – 1) диспут; 2) дискуссия; 3) состязание в песнях; 4) прение	дискуссия – айтыс
азу – 1) клык; 2) деградация, вырождения, жарна – акция	дегенерация – азу
жарналы серіктік – акционерное общество	акционерное общество – әксиелі серіктік
жорнал – журнал	журнал – кенеге
кітап – книга	книга – кенеге
баспахана – типография	типография – типограпие
айбар – 1) демонстрация; 2) угроза	демонстрация – қыр көрсету
алап – 1) бассейн; 2) район	бассейн – алап
аластамақ – 1) делать дезинфекцию, вертеть подарок над головой, чтобы сделать счастливым	дезинфекция – аластау
ермек – 1) забава, 2) удовольствие, 3) развлечение, 4) спорт	спорт – ермек
жалақы – заработная плата	заработная плата – еңбек ақы
жарна – акция	акция – әксие

Екі сөздікті салыстыра келе,

а) “Қазақша-орысша тілмашта” көбінесе сөзді аударуға, қазақ тілінен балама табуға тырысушылық байқалса, “Пән сөздерінде” шет тілдік нұсқасы берілген жерлері (*ыстырабкы, рамашкы, паралыш* т.б.) көбірек кездесетінін;

ә) “Тілмашта” сөздің омонимдік, көп мағыналы т.б. мәндері де қосымша көрсетіліп отырса, “Пән сөздерінде” олардың бір ғана мағынасы берілгенін аңғарамыз;

б) “Пән сөздерінде” сөздердің баламасы қате берілген тұстар да ұшырасады. Ал “Қазақша-орысша тілмашты” құрастырушылардың әр сөздің баламасын беруде өте көп ізденгені байқалады. Бұлар “Қазақша-орысша тілмаштың” ерекшелігін көрсетуімен қатар артықшылықтарын да танытса керек.

Халық ағарту Комиссариаты Білім кеңесінің термин комиссиясының құрастыруымен 1931 жылы “Атаулар сөздігі [1] жарық көргені белгілі. Сөздікте түрлі ғылым салаларына қатысты 8000 термин берілген. Мұнда Қазақстан оқу комиссариатының Білім ордасы қабылдаған пән сөздерін беру мақсат етілмеген, бірқатар сөздердің баламасын ұсынуда “Қазақша-орысша тілмашқа” иек артқаны да байқалады:

“Қазақша-орысша тілмаш”, 1925	“Атаулар сөздігі”, 1931
бұқара – демократия	демократия – бұқара
жарна қағаз – акция	акция – әксие (жарна қағаз)
жарналы серіктік – акционерное общество	акционерное общество – жарналы серіктік
айналмалы капитал – оборотный капитал	оборотный капитал – айналмалы капитал
бедел – авторитет	авторитет – бедел
баспақана – типография	типография – баспақана
ескішілік – консерватизм	консерватизм – ескішілік
жанталас – предсмертная агония	агония – жан таласу (өлім азабы)
жалақы – заработная плата	заработная плата – жалақы

Акция, акционерное общество, типография, заработная плата т.с.с. сөздердің баламасы “Қызыл Қазақстан” журналы мен Н. Қаратышқанұлының “Пән сөздерінде” *әксие, әксиелі серіктік, типограпие, еңбек ақы* түрінде берілгенмен, “Атаулар сөздігінде” “Қазақша-орысша тілмаштағы” нұсқасын алған. Бұдан шығатын қорытынды:

- а) “Атаулар сөздігін” құрастырушылар “Тілмашпен” таныс болған;
- ә) “Қазақша-орысша тілмаштағы” атау сөздердің, терминдердің берілуін дұрыс тауып, жоғары бағалаған;
- б) “Тілмаштағы” терминдерді тұрақтандыруға тырысқан.

Бұдан “Қазақша-орысша тілмаштың” әдеби тілдің дамуына каншалықты үлес қосқанын да аңғаруға болады.

Қазақ тілінің сырын, мәнін терең түсінген қазақ зиялыларының қажырлы еңбегінің нәтижесінде ана тіліміздің мүмкіндіктері ашылып, терминдерді ұлт тілінде жасауға болатыны белгілі болды. Алайда бұл үрдіс ұзаққа созыла алмады. 1930 жылы Мәскеуде Бүкілодақтық партия мәжілісінде терминологияны ұлт тілдерінде дамыту мәселесі сөз болып, оның негізгі принциптері белгіленді [33].

Осы кезден бастап А. Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының термин жасауда ұстанған принциптері теріске шығарылып “қазақ тілін өзге тілдердің бәрінен де оқшау ұстады, бөліп-жарып қарады”, “пуристік бағыт ұстады” деп сынға алына бастады.

1933 жылы 22-маусымда Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің Мемлекеттік терминология комиссиясын ұйымдастыру туралы қаулысы шықты. Осы кезден бастап қазақ тілінде баламасы болса да, басқа тілден енген халықаралық терминдер мен советизмдер аударылмай қабылдана бастады. Терминдерді ұлт тілі негізінде жасауға тырысқан қазақ зиялылары қуғындалды, репрессияға ұшырады. Соның нәтижесінде қазақ тілінің термин жасау мүмкіндігі шектеліп, қазақ тілі термин қабылдағыш тілге айналды. Мұндай үрдістің тілдің табиғи түрде дамуына кері әсер ететіні белгілі. Осы мәселе төңірегінде Ә. Қайдаров былай дейді: “Бұл тығырықтан шығудың екі-ақ жолы бар. Оның біреуі жаңа терминдерді жасауда сонау 30 жылдары қабылданған принциптің алғышартын, яғни қазақ тілінің өз мүмкіншілігін сарқа пайдалану деген дұрыс талабын бірізділікпен, ерекше білгірлікпен іске асыру болса, екіншісі қабылданған совет-интернационалдық терминдерді (мұнда да мүмкін болғанынша) өз тіліміздің ішкі заңына бойсындыра алу” [34, 9]. Ал мұндай маңызды да күрделі міндетті орындауда “Қазақша-орысша тілмаш” бірден-бір негізгі көздердің бірі болары сөзсіз. “Қазақша-орысша тілмаштағы”



бірқатар атауларды сол күйінде қолдануға әбден болады. Профессор Ш. Құрманбайұлы сөздіктегі *ауғын (переселенец), аужай (положение), тауал (энергия), тамтық (остаток), сіңім (питательность), ыспар (практик)* сияқты бірқатар атауларды мағынасын жаңғыртып, баламасы табылмай жүрген кейбір кірме атаулардың орнына қолдануға болатынын айтады [18, 155]. Қалыптасқан терминдердің мәнін ашып, сырын түсінуде сөздік – түрлі мамандық иелері үшін таптырмас құрал.

Әдебиет:

1. Атаулар сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1931. – 116 б.
2. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1055-іс. – 58 б.
3. *Жұртбаев Т.* Талқы. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 364 б.
4. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. – 11-12 б.
5. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 1028-іс, – 20 б.
6. *Лебедев. Химия.* Қазақшаға аударған Қ. Кемеңгерұлы. Алматы, 1929.
7. Құлақ шаруашылығындағы батырақ пен бағырақ әйелдерді заң қалай қорғайды? Аударған Кемеңгеров. – Ташкент, 1930. – 52 б.
8. Ақы, кәсіп, дау айыратын комиссия. Аударған Кемеңгеров. – Ташкент, 1930. – 26 б.
9. Орталық мемлекеттік мұрағат. 81-қор, 1-тізім, 285-іс, 18-байлам. – 73б.
10. *Уагнер Ю.* Жануарлар туралы әңгімелер. Аударған Байтасұлы Абдолла. – Ташкент, 1924. – 126 б.
11. Гейкі. Пизикелік жағырапия. Аударушы Байтасұлы Абдолла. – Ташкент, 1924. – 204 б.
12. Кітап сыны. Қыр баласы // Еңбекші қазақ. № 320. 22.04.1925; № 325. 7.05.1925.
13. *Қамзабекұлы Д.* Қошке Кемеңгерұлы. // Кемеңгерұлы Қошке. Тандамалы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 3-32 б.
14. *Меңдеке Ә.* Кім көнбейді тағдырдың салғанына // Егемен Қазақстан. 22.06.91.
15. *Нұрмағамбетова З.* Многогранный и яркий талант // Нива. 1997. № 1. – 66-67 б.
16. *Кемеңгерұлы Қ.* Дұрыс па? Бұрыс па? // Еңбекші қазақ. 10.10.26.
17. Қазақша –орысша тілмаш. – Москва, 1925. – 224 б.
18. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930-жылдар). (монография). – Алматы, «Ел-шежіре», 2008. – 240 б.
19. Кітап сыны. Оқушы // Еңбекші қазақ. № 225 (662). 12.10.1926.

20. *Кемеңгерұлы Қ.* Қазақша-орысша тілмаш туралы түсінік // Еңбекші қазақ, 24.11.1926.
21. *Радлов В.В.* Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1888-1905.
22. *Будагов Л.* Сравнительный словарь турецко-татарских наречий с включением употребительнейших слов арабских и персидских и переводом на русский язык. СПб., 1869-1871.
23. *Жолдыбаев М.* Қазақ тілін байытамыз //Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.
24. *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
25. *Сыздық Р.* Термин жасау – А. Байтұрсынұлы көтерген жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. – 250-262 б.
26. Әріп мәселесі туралы айтыстағы Кемеңгерұлы Қошкенің сөзі //Еңбекші қазақ. 17,19.06.27.
27. *Қайыпназарұлы М.* Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін //1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1994. – 166-172 б.
28. *Досмұхамедұлы Х.* Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 148 б.
29. *Байтұрсынұлы А.* Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. 26.01.28.
30. *Төреқұлұлы Н.* Жат сөздер туралы. – Мәскеу, 1926. – 36 б.
31. Білім ордасының қазақша ғылым-әдебиет кеңесінде қабылдап алынған пән сөздері // Қызыл Қазақстан. 1923-1925 ж. № 19.
32. Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері. Тізген Н. Қаратышқанұлы. – Қызылорда, 1927. – 128 б.
33. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 208 б.
34. *Қайдаров Ә.* Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 44 б.

**Қарағұлова Б.С.,***филология ғылымдарының кандидаты,
доцент (Ақтөбе мемлекеттік
педагогикалық институты)*

Тілде неологизмдер мен терминдердің пайда болу жолдары

Қазіргі таңда тілімізде күн сайын неологизмдер (жаңа сөздер) мен терминдер пайда болып жатқандығы белгілі. Бұл тілдің қоғамдағы жаңалықтармен бірге үздіксіз даму үстінде екендігін дәлелдейтін факторлардың бірі. Неологизм мәселесі мен термин мәселесі бірге зерттеуді талап ететін мәселелер. Себебі неологизмдерді зерттейтін неология саласы да, терминмен айналысатын терминология саласы да қоғамдағы кез келген жаңалықтармен байланысты салалар, яғни кез келген жаңалық атауы алдымен осы салаларда көрініс табады. Қоғам мен тілдегі жаңалықтардың барлығы, яғни ғылымилығы, техника мен белгілі бір салаға қатыстығы жағынан терминология саласымен байланысты болса, жаңалықтың атауы, жаңа сөз ретінде неологизм болып табылады. Сондықтан терминологиялық неологизм мәселесі ажырамас бір бірімен тығыз байланысты мәселелер.

Тілде жаңа сөздердің, терминдердің пайда болуы кездейсоқ болмайды. Оның себептеріне тоқталсақ, ең алдымен, нақты өмір жағдаяттарына сай, қоғамның қарым-қатынастағы нақты сұраныстарға жауап беруі сапасында туындайды. Қазіргі уақыттың өзі жаңа сөздердің, терминдердің туындауын қамтамасыз етіп отыр. Мұны мәдениет саласындағы мамандар мутациялық сипатта болады деп түсіндіріп жүр. Олардың түсіндіруінше, тілде қандайда бір мутация жүреді.

Мутация сөзінің сөздіктегі мағыналарына тоқталсақ, генетикалық ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа, бір жасошадан екінші бір жас-ошаға тасымалдауға және сақтауға жауап беретін ағзаның тұқымқуалаушылық қасиетіндегі табиғи не жасанды жолмен кенеттен пайда болатын өзгеріс [1, 265]. Мұның тілдегі көрінісі есебінде кенеттен қаптап кеткен жаңа сөздер легін атауға болады. Нақты алсақ, *геосаяси* терминінің өрісіне тоқталып көрейік: *геосаяси алаң, геосаяси ахуал, геосаяси бірлік, геосаяси деңгей, геосаяси интеграция, геосаяси кеңістік, геосаяси құрылым, геосаяси мүдде, геосаяси орталық, геосаяси өзгерістер*. Аталған терминнің сыртқы түрі

де (дыбыстық сипаты), мағынасының өзі де қазақ тіліне жат, өзі тіркесімге алған сөздерінің естілім сапасын өзгеріске ұшыратып тұр. Білдіретін негізгі ұғымына тоқталсақ, ол қоғамдық-саяси лексиканың түсіндірме сөздігінде көрсетілген: *мемлекеттің сыртқы саясатының географиялық факторларға сүйеніп атқарылуын және территориялық экспансияны жақтайтын саяси теория* [2, 40]. Арнайы білімі мен осы түсіндірменің жолында берілген терминдердің (*география, фактор, территориялық экспансия*) мәнін түсінушілерге ғана бұл белгілі бір мазмұндық хабар береді. Демек, салған жерден сөз мағынасының түсінілмеуі қазақ тіліне еркін еніп, айналысқа түскен кірме бірліктерге байланысты болып тұр. Қазақ тілінде берілген хабардың басқыншы сөздер араласуы салдарынан қазақ тілінің өзінен жаттануын туғызып тұрса, ал осы салада арнайы білімі бар оқырмандар үшін айтылымның мутациялық салқыны сезілмеуі де мүмкін. *Геосаяси* термині *гео* – географиялық, *саяси* – саясат+и деген үш түрлі құрамнан тұрып, аналитикалық-синтетикалық тәсілмен жасалған. Бәрі де кірме элемент. Қалған тіркестерде ол қазақтың төл сөздерімен де, кірме терминдермен де тіркесім түзіп қолданылған. Тілдің шұбарлануын, табиғилығынан ауытқуын туғызатын осындай құбылыстар, шын мәнінде де, тілдің өзіне тән ұлттық иірімдері мен әуезін өзгертіп, оның кескін-кейпін өзгеріске ұшыратады. Сондықтан да терминдердің аударылмай қабылдануы мен жаңа сөздердің сәтсіз іріктелуі қазақ тілінің қасандануына әкеледі. Жаңа сөздердің шамадан тыс кенеттен көбеюі де тіл тұтынушыларына тілдік қолданыста қиындық туғызады. «Өз баламның сөзін өзім түсінбеймін» деген мазмұнындағы мақалалардың «*Сыныпта жазған сынақхаттың мәтінін түсінбегендіктен, қате жаздым*» деген сөйлемнің мәнін түсінбеудің туындауы осының салдары деп есептеуге болады. Осындай мысал қатарына *вето* терминін де атап өтуге болады. Егер арнайы түсіндірмесі берілмесе, қазақ сөйлемінің құрамында келгенімен, оны мәнмәтіннен ұғу қиын болар еді. Мысалы, *Біз егер Президент «БАҚ туралы» Заң жобасына veto қойса, онда оны сөзсіз қолдаймыз* (АЖ, 12.03.04) деген қолданыстағы *вето* осындай ешбір қажеттілігі жоқ қолданыс, ол тек ақпарат қабылдаушылардың түсінуін қиындатады, сөздіктегі түсіндірмесіндегі мәні мынадай: *вето* – зат есім, *тыйым* деген мағынаны білдіреді. Сол тәрізді *саясиландыру* (...исламды қауырт *саясиландыру* байқалады ЕК, 29.03.03) сөзінің қолданысы да тілдегі жаңа сөздердің жасалуындағы дыбыстық үйлесімнен ауытқуды көрсетеді. Оны қазақ тілі дыбыстарының үндесіміне лайық *саясаттандыру* сөзімен салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Сондықтан неологизмдер

мен терминдерді тілімізге қабылдау барысында олардың неғұрлым өз тілімізде баяндалуын талап етсек, соғұрлым тілдің шұбарлылығы азайып, түсініктілігі артып, сөздік қор өз тіліміздің байи түседі, ғылыми тіліміз қалыптасады.

Адамзат тілі де адам ағзасы тәрізді қоғамдағы өзгерістерге сай өз иесінің санасындағы түрлі өзгерістерді үнемі бейнелеп отырады. Аталған жайт лингвистикада түрлі терминологияға қатысты жазылған зерттеулерде сөз болып та жүр. Мысалы, Ш. Құрманбайұлы *тілімізде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуын қазақ тілінің қолданыс аясының кеңейіп, арнаулы салаларда қолданыла бастауымен байланыстыра отырып: «соңғы жылдар көлемінде қазақ тілінде сөзжасам, терминжасам үдерісі біршама жанданып, сөздік құрамымызға жүздеген жаңа атаулар қосылды»* [3, 3] десе, Б. Момынова *қоғам мен саясатты танытатын сөздердің құрамы тұрақсыз, кезеңдік сипатты, яғни әрбір тарихи кезеңнің қоғамдық-саяси сөздерінің құрамы алдыңғы немесе кейінгі кезеңге қарағанда ерекше болып отырады. Өйткені қоғам мен саясатты танытатын сөздердің бірі қолданысқа енді ғана енсе, кейбірі қолданыстан шығып қалады; тағы бірі тарихи сөздерге айналып, көнеленеді; ал кейбірінің, керісінше, мағыналық жаңғыруларының арқасында қолданыс жиілігі артады. Осы құбылыстардың себебін, түп-негізін үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын қоғам мен қоғамдық қатынастардан, өзгеріп жататын өмірден іздеген жөн* [4, 5] деп көрсетеді. Ал Р. Сыздық тілдің үнемі дамып, толығып отыратындығын және оның өміршеңдігін дәлелдейтін фактілердің бірі – неологизмдер екендігін атап көрсете отырып, *«дүние жүзінде қауырт дамып жатқан ғылым мен информация тасқыны, компьютерлену, космосты игеру, термоядролық күштерді бейбіт өмірге (кейбір елдерде орайы келсе, соғысқа) пайдалану әрекеттері жүріп жатқан бүгінгі күндерде тілдердің лексикалық қазынасы жыл сайын, ай сайын түгіл, күн сайын толығып жатыр, әрі қарай олар молыға беретіні даусыз»* [5, 8] деп, бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелердің қатарында екендігін баса айтады.

Терминнің жоғарыдағы аталған пайда болу себептері ғылыми білім жүйесіндегі өзгеріске де сәйкес болып шығады. Сонымен бірге тілде жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуының тағы бір жолы қоғам мен ғылымдағы жаңалықтардың атауын төл тілімізде сөйлету мақсатында аударма арқылы жасалатындығында. Аударма арқылы тілімізде сөзжасам, терминжасам тәсілдері арқылы жаңа сөздер жасап жатсақ (*ғұмырбаян, жәрдемақы, өтінім, жаһандану*), бірде жаңа ұғымға сәйкес тілімізден ба-

ламалар тауып, көнемізді жаңғыртып жатамыз. Мысалы, *рәміз, кежсеуіл, кеден, телім, дабыл, даңғыл* т.с.с.

Қазақ тіліндегі жаңа атауларды Ш. Құрманбайұлы қазақтың өз сөздері және қосымшалар арқылы жасалған бір бөлігі қазақ сөздерінен немесе қосымшалардан қалған бөлігі кірме сөздер мен қосымшалардан тұратын будан атаулар деп екіге бөледі. Қазіргі тілдік қолданыста жүрген *абат, сарбаз, нарық, кент, эдвайзер* жаңа сөздерді кірме неологизмдерге жатса, *кежсеуіл, құжат, оққағар, әлеует* сөздері төл неологизмдерге, ал *сазгер, бөбекжай, сауалнама, сахнагер* сияқты атаулар екі сыңары да төл сөз бен төл қосымшалар арқылы жасалып тұрса, *зообақ, инфрақұрылым, қалтателефон, геосаяси* сөздері бір сыңары төл сөзден, екінші сыңары кірме сөзден жасалған неологизмге жатады. Ал тіліміздегі терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесімен байланысты, яғни ғылымды дамытуға және әлемдік ғылыми білімін нығайтуға деген қызығушылығын арттыратын адамзаттың танымдық қызметінің нәтижесінде пайда болады. Мәселен, Ә. Жүнісбек жасаған фонетика терминдері айтылым (акустика), жасалым (артикуляция), қабылданым (восприятие речи), естілім (перцепция), үндесім (сингармонизм), жуысым (щелинность), тоғысым (смычка) және т.б.; Н. Уәли жасаған мазмұн межесі (план содержания), тұрпат межесі (план выражения), уәж, уәжділік (мотив, мотивированность); Ж. Манкееваның «ғаламның тілдік бейнесі» («языковая картина мира»), аталым (номинация) т.б.; Ш. Құрманбайұлының өріс (поле) және т.б. терминдері.

Сонымен, жоғарыда айтылған жайттардан байқағанымыздай, жаңа сөздер мен терминдердің пайда болу себептерін топтастырып берсек:

- 1) тілдің қоғамның қарым-қатынастағы нақты сұраныстарға жауап беруі,
- 2) үнемі өзгеріп, жаңарып отыратын қоғам мен қоғамдық қатынастардан,
- 3) тілдің үнемі даму үстінде болатындығынан.

Біз бұл себептердің қатарына терминжүйесінің халықаралық үндестігінің экстралингвистикалық алғышарттарын да жатқызуға болады деп есептейміз:

- білімді интеграциялау,*
- ғылым мен технологияның интернационалдануы,*
- ғылым мен технологияның теориялық және методологиялық базасының біртұтастығы.*

Басқаша айтқанда, терминнің пайда болуындағы басты шарт – термин тиесілі теория мен пән саласындағы өзгерістің пайда болуы, оның арнайы атау алуы және соның лингвистикалық бірлікте кодталуы, қолданысқа түсіп саралануы. Мысалы, физикада екі термин жүйесі бар, оның бірінің негізінде Ньютонның классикалық механика теориясы жатыр, екіншісінде Эйнштейннің қатыстық теориясы бар. Сондықтан бір термин, мысалы, *масса* бұл термин жүйесінде түрлі мағынаға ие. Бұдан шығатын қорытынды: термин жүйесіне екі фактор әсер етеді: *лингвистикалық, экстралингвистикалық*. Сондықтан тілде терминдер мен жаңа сөздердің пайда болуына негіз болатын факторларды нақтылау, олардың мағыналары мен тілдегі қолданылу ерекшеліктерін, жасалу жолдарын анықтау және жаңалық сипатын анықтау қазіргі кезеңде тіл біліміндегі кезек күттірмейтін өзекті мәселелер қатарында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Толковый словарь русского языка. Сост. Л.М. Воронкова. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2006.
2. Универсальный энциклопедический словарь. – М., 2002.
3. *Құрманбайұлы Ш.* Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер. – Астана, 2009.
4. *Момынова Б.* Қоғамдық-саяси лексиканың түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2004.
5. *Сыздық Р.* Қазіргі қазақ тілі – өміршең тіл, оның бір белгісі – сөздік қазынасының байлығы // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. – Алматы, 2009.

У. М. Бахтикиреева,
*доктор филологических наук, профессор
кафедры иностранных языков факультета
гуманитарных и социальных наук РУДН, Россия*

Вопросы теории перевода: казахский ↔ русский (постановка проблемы)

В общем и частном языкознании последних десятилетий особо актуализировались вопросы, связанные с контрастивной лингвистикой, теорией и практикой перевода, в частности с казахского языка на русский и наоборот.

Не подлежит сомнению, что известные нам работы представляют собой конкретный рабочий материал, предоставляющий возможности для получения определенных выводов для теории и практики перевода с казахского языка и на казахский (А.Е. Агманова; Р. Авакова; З.К. Ахметжанова; У. Айтбаев; Б.Ш. Бекмухамедов; Г.К. Бельгер; М. Джусупов; Б.Г. Каирбеков; А. Кодар, К. Мусаев; Х. М. Сайкиев; Ә. Сатыбалдиев; Ә.Д. Сулейменова, С. Талжанов, Н. Ж. Шаймерденова и др.).

Тем не менее, изучение проблемы теории перевода подводит к мысли о том, что современное состояние разработки теории казахского языка еще не позволяет подвести точные, определенные, неуязвимые выводы для таких дисциплин как теория и практика перевода (казахский язык), введение в переводоведение или основы перевода (казахский язык).

Различные учебники и справочники не дают достаточно полной и точной картины грамматики казахского языка: имеются разночтения. Так, например, обстоит дело с видами залогов (См.: в учебнике «Казахский язык для всех» авторов А.Ш. Бектурова, Ш.К. Бектуров. – Алматы, 2004. – 720 с.; справочник «Казахский язык. Краткий грамматический справочник» автор Ж. Туймебаев. – Алматы, 1996. – 84 с.)

Мало учебной литературы, в которых бы ясно и понятно были прописаны правила чтения и произношения.

Малодоступны материалы по терминологическим разработкам, которые ведутся в Казахстане. Недостаточно осмыслены и подвергнуты описанию достижения так называемых промежуточных переводов западной философской мысли с русского на казахский язык.

Проблему представляет работа со словарями, не всегда, с нашей точки зрения, отражающие все значения того или иного слова.

В свое время Л.В. Щерба отмечал о том, что языки отражают мировоззрение той или иной социальной группы, т.е. **систему понятий, ее характеризующую**. «Система понятий, как нас учит диалектика, не есть нечто раз навсегда данное, а является функцией от производственных отношений со всеми их идеологическими надстройками. Отсюда, по Л.В. Щербе, системы понятий от языка к языку могут быть разными. В качестве примера ученый приводит такой: «По-русски, в сущности, нет даже установленного термина для понятия *сдирать, снимать кожу, шкуру*. В узбекском имеется целый ряд терминов, отмечающих различные оттенки этого понятия: *julmag, slmag, tonamag, sojmag*, – что опять-таки отвечает разнице в производственных отношениях» [Щерба 1974: 317-318]. На необходимость учитывать эту разницу указывают многие ученые, начиная с основоположников системной лингвистики (Кондильяк, Гумбольдт, Бодуэн де Куртенэ, Мельников и др.), что имеет принципиальное значение в процессе составления словарей.

В этом контексте представляется важным отметить, что для осмысления и описания основ переводоведения (в частности: казахский ↔ русский) особую важность представляют работы Г. П. Мельникова по тюркологии.

Еще в 70-х годах прошлого века ученый подвергал критике стремление лингвистов установить любым путем в системе тюркских языков аналогичные категории русского языка, ведущее к усложнению и чрезмерной нагрузке теории (знания) данных языков. В частности, он указывал на то, что всякое распределение лексического материала на формальные грамматические ряды слов (например на части речи) препятствует универсальности использования слова в роли члена предложения. По мнению ученого, **дифференциация слов по частям речи противоречит определяющей тенденции в развитии строя языка, представляющей те ограничения, в рамках которой языковая система должна выполнять свои функции** (выделено нами.-У.Б.) [Мельников 1971:125].

И казахский, и русский языки, как и любые другие, специализированы для универсальной коммуникацией компонентам социального сознания и несут в себе, по Мельникову, следы общечеловеческих характеристик сознания и осуществляемого им мышления. Иными словами, мышление не влияет на типологическое своеобразие языков в строгом смысле слова. По всей очевидности, именно это свойство следует глубоко осмыслить переводчику как потенциальному творческому билингвальному индивиду.

Человек, говорящий/пишущий на флективном языке, стремится на любом этапе построения высказывания так или иначе намекнуть, предсказать, какими могут, а какими не могут быть характеристики элементов последующих звеньев речевого потока. Тогда как говорящий/пишущий

на агглютинативном языке старается, наоборот, не предсказать, а напомнить характеристики элементов предшествующих звеньев. Таким образом, каждый из них отражает типовой способ осмысления и описания, выработанный предшествующими поколениями конкретной культуры.

По Мельникову: Если типичное смысловое задание при выражении сюжета с помощью высказываний на агглютинативном языке заключается в том, чтобы перечислить, какими признаками и качествами должен обогатиться тот фрагмент знания в сознании слушающего, который, по мнению говорящего, представляет интерес для слушающего и поэтому является поводом для акта коммуникации, то такое высказывание по существу должно представлять собой цепь атрибутов к знаку этого фрагмента знания, независимо от того, по какой причине появились новые атрибуты [2003: 89-138].

В том случае, подчеркивает ученый, важно лишь одно: для слушающего, по мнению говорящего и, как правило, фактически, перечисляемые атрибуты представляются действительно новыми и интересными, дополнительными по отношению к известным ранее. «Эта информационная однотипность дает возможность обойтись синтаксической однотипностью высказывания и перечислять сведения о новых для слушателя свойствах и признаках их носителя, названного в теме-подлежащем, в виде цепочки словоформ, атрибутивная функция которых вполне может быть маркирована только позиционно» (выделено нами.-У.Б.) [Мельников 2003: 349-351].

Раскрывая детерминантные характеристики агглютинативных языков Г.П. Мельников пришел к выводу о том, что именно «потребность в наличии заранее «заготовленных» и лишь избираемых и воспроизводимых словоформ отпадает: эти словоформы с оптимальным набором грамматических формантов производятся для каждого конкретного случая» [2003: 351].

Данный пример подтверждает положение Г. П. Мельникова о «тенденции к экономии служебных морфем» в словоформах агглютинативных языков. Определение И. А. Бодуэна де Куртенэ о сохранении «в тюркских языках ... отчетливости, обособленности суффиксов, сочетающихся, так сказать, только временно с известным главным корнем» [Бодуэн де Куртенэ, т. 1, с. 104], нашло свое объяснение в концепции Г.П. Мельникова, который считал, что именно во «временности» и заключается главное в агглютинативной словоформе. По мере актуальной необходимости она собирается из корня и служебных морфем, но состав этих морфем в значительной степени определяется ситуацией, контекстом, уровнем предварительной осведомленности собеседника. Когда же нужное содержание передано, в памяти словоформа не хранится, она «рассыпается» на

составляющие морфемы после временного пребывания в «собранном» состоянии. Поэтому естественно, что одинаковые, в содержательном отношении, слова могут в реальном употреблении отличаться составом морфем [Мельников 2003: 339].

Г.П. Мельников отмечал, что языки могут отличаться друг от друга количеством морфем и, следовательно, значений, количеством слов и количеством лексем. В принципе это ведет к разграничению числа ближайших смыслов, выраженных лексемами сравниваемых языков. В том языке, где меньше лексем, меньшим будет и число ближайших смыслов. Отсюда полный объем мыслительного содержания, элементы которого могут выступать как подлежащие выражению конечные смыслы, распределяясь между ближайшими смыслами, должен будет разбиваться на сравнительно большие смысловые поля. В случае если состав лексем двух языков примерно одинаков, так что в этих языках практически равно число ближайших смыслов и, как следствие, равна «площадь» смысловых полей, то, скорее всего, «центры» этих полей (содержания ближайших смыслов) будут в различных языках в той или иной мере отличаться. Таким образом, когда нужно выразить определенный конечный смысл средствами разных языков, то нужно четко понимать, что смыслы будут в разных позициях. Он может оказаться в числе ближайших в одном языке; в числе хотя и не ближайших смыслов, но узуальном способом ассоциированных с ближайшим – в другом; а в третьем языке для этого может потребоваться лишь эвентуальная ассоциация одного из ближайших смыслов. Данные выводы ученого приобретают особую значимость для переводчика, поскольку их осмысление выводит на решение вопросов, связанных с номинацией и когноминацией в разноструктурных языках.

В русском языке, как языке флективного типа, блоки морфем с их значениями представляют собой, по Г.П. Мельникову, воспроизводимые, узуализированные словоформы, а из словоформ строятся свободные и связные словосочетания. В результате предикативных номинативных воздействий, конечный номинативный смысл свободных и связных словосочетаний, творчески выводится слушающим/читающим из конечных смыслов словоформ этого словосочетания. Отсюда словосочетание как номинативная единица, также имеет и внешнюю форму, но представленную блоками морфем, составляющих его словоформ, и минимум внутренней формы, складывающейся из значений морфем этих блоков, а конечные смыслы словоформ словосочетания оказываются компонентами «представления» конечного смысла словосочетания и служат предконечной внутренней формой.

Типовые схемы словосочетаний (схемы их типовых внешних предконечных внутренних форм) также в качестве эталонов хранятся в языковом сознании носителей языка, и этим говорящему обеспечивается легкость формирования актуальных словосочетаний, в соответствии с номинативным замыслом, а слушающему (в нашем случае – переводчику) – легкость разгадки, т.е. логического выведения замысленных говорящим конечных номинативных смыслов словосочетаний по их внешним формам [Г.П. Мельников 2000.].

Создание казахского национального образа диктует автору использовать способ описания, в котором зафиксирован итоговый результат процесса осмысления действительности казахской культурой, со свойственной ей *событийной* детерминантной, т.е. «заранее заготовленными и узурально закрепленными за определенными смыслами словоформами, из которых никакой морфемы не выкинешь», как это делает носитель русского языка. Типовой способ осмысления действительности, заключенный во внутренней форме тюркских языков с их *качественно-признаковой* детерминантной, требует, чтобы словоформа собиралась «из корневой морфемы и служебных морфем для данного конкретного случая». В силу различных способов выражения данных типов языков переводчик при переводе образа казахской культуры на русский язык должен прибегать к «эксплуатации» тех возможностей русского языка, которые для этого наиболее приспособлены.

Специального подхода требует выражение экстралингвистических факторов, например, времени и пространства, которое требует особого внимания. Как известно, в кочевых языках нет слова *пространства* в западном его понимании. И в этом смысле для кочевника «нет границ, он свободно проникает стены и везде чувствует себя как дома» и вместе с тем для оседлого (любого земледельца) кочевник «всегда является чужим». Принцип оседлой идеологии «дома», «родины», «земли», «места» не работает в кочевой ментальности. Здесь отсутствует диалектическое противопоставление «свое»/«чужое». Кочевник не подвластен оседлому коду, власть которого кончается за границами полиса – города – государства. Кочевничество противостоит оседлости по многим параметрам человеческой жизни: «Если оседлый образ жизни детерминруется принципом «чем новее, тем лучше», то кочевой обратном – «чем древнее, тем истине, надежней, безопасней» [Нуржанов 2003.].

Только глубокое осмысление внутренней детерминанты двух разных типов языков, экстралингвистических факторов, а также реагирование на предполагаемого реципиента /читателя переведенного текста может способствовать *смене кода и порождению адекватного текста на перево-*



димом языке. Переводчик как потребитель двух языков в процессе профессиональной деятельности не производит новое, собственное, но в соответствии с нормами и диалектикой развития коммуникативной и познавательной функций конкретного языка он стоит перед задачей смены кода, а значит эквивалентной передачи исходного текста – оригинала.

Очевидно, назрела необходимость постановки вопроса формирования переводчика нового формата, поскольку XX век, объединивший в единую общность многие этносы на основе одного государствообразующего языка – русского, способствовал появлению билингов (и в определении А.Е. Агмановой: «амблингов»), способных по-новому взглянуть на проблемы перевода с казахского языка на русский и наоборот.

Литература

1. *Бодуэн де Куртенэ И.А.* Избранные труды по общему языкознанию: в 2-х т. – М.: АН СССР, 1963.
2. *Мельников Г.П.* Системная типология языков. Принципы, методы, модели // Г.П. Мельников / Отв. ред. Л.Г. Зубкова. М.: Наука, 2003. – 395 с.
3. *Мельников Г.П.* Логико-грамматический уровень и детерминанта тюркского строя // Шестой Всесоюзный симпозиум по теории и практике научного и технического перевода. – Москва; Баку: Изд-во АзНИИНТИ, 1972. с. 53-54.
4. *Мельников Г.П.* Принципы системной лингвистики в применении к тюркологии // Структура и история тюркских языков. – М.: Наука, 1971. с. 121-137.
5. *Мельников Г.П.* Семантика и проблемы тюркологии // Советская тюркология. № 6, 1971.
6. *Нуржанов Б.* Город и степь // Тамыр № 2 (10), 2003. с. 41-49.
7. *Сулейменов О.О.* Тюрки в доистории // АС АЛАН. – М.: Мир дому твоему. № 3 (8) 2002. с. 249-547.
8. *Щерба Л.В.* К вопросу о двуязычии // Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. с. 25, 313-318.

*Насыритдинова Ә.Н.,**С.Сейфуллин атындағы**Қазақ агротехникалық университеті*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР

Қоғамдағы ғылым мен техниканың дамуы бір орында тұрмай, үнемі қозғалыста болатыны анық. Ендеше ғылымда кез келген жаңалық өзімен бірге сол жаңалыққа қатысты терминдер топтамасын дүниеге әкелетіні сөзсіз.

Әдеби тіл стильдерінің бірі болып табылар ғылым тілін қалыптастыру негізі – термин сөздер туралы зерттеу еңбектерінде аз айтылып жүрген жоқ. Термин сөздерді зерттеп, оның қоғамдағы, тіл біліміндегі орнын анықтаған ғалымдар қатарына Д.С. Лотте, Г.О. Винокур, В.В. Виноградов, О.С. Ахманова, Д.Н. Ушаков, А.В. Суперанская сияқты орыс тіл білімінің өкілдерін, сондай-ақ А. Байтұрсынұлынан бастап Қ. Жұбанов, Ә. Қайдаров, Ө. Айтбаев, Ш. Құрманбайұлы секілді т.б. қазақ ғалымдарын атауға болады. Бұлардың бірқатары термин сөздер туралы ғылыми мақалалар жазып, екіншілері терминология мәселелерін арнайы зерттеп, терминология саласына қомақты үлес қосқан ғалымдар.

Белгілі бір кәсіби салада қалыптасып, сол салада қолданылатын термин сөздердің шығу тегі екіге бөлінеді. Олар: сол тілдің лексикалық қоры негізінде жасалған ішкі терминдер мен өзге тілден сөз қабылдау арқылы қалыптасатын кірме атаулар. Яғни, кез келген тілдің терминдері төл сөздерден де, кірме сөздерден де жасалады. Төл сөздерден термин жасау үшін, сол тілдің сөз тудырушы тәсілдерінің барлығы да қолданылады. Сондай тәсілдердің бірі – тілші ғалымдар тарапынан «көне замандарда белсенді қолданылған, аффиксация тәсіліне дейін өнімді қызмет атқарған» деп бағаланатын лексика-семантикалық тәсіл термин жасауда кеңінен қолданылады. Ойымызды тілші ғалым Ө. Айтбайұлының сөзімен бекітетін болсақ, «семантикалық тәсіл – терминжасамның негізгі тәсілдерінің бірі ретінде терминологиялық лексика қабатының толығы, байи түсуіне үлкен септік жасайтын негізгі амалдың бірі болып табылады» [1, 162].

Сөздің мағыналық өзгеріске түспей, екінші бір мағынаға ие болып, жаңа сөз жасалғанда, сөз мағынасының өзгеруімен бірге конверсия жо-



лымен грамматикалық тұлғасының да өзгеріске ұшырауы мүмкін. Конверсия бойынша бір сөз табындағы сөз тұлғалық өзгеріске ұшырамай, басқа сөз табына ауысады. Мәселен, «алтын сағат» тіркесінде алтын сөзі септелмей, тәуелденбей, морфологиялық жағынан толықтай сын есім белгілерін иеленеді. Конверсияның мұндай сөздердің бір сөз табынан екіншісіне ауысу түрін ғалым Ф.А. Ганиев тілшілер арасында осындай сөздердің сөйлемдегі қызметтерінің өзгеруіне, яғни әр қолданысы арқылы біресе анықтауыш, біресе бастауыш орнында жұмсалуына байланысты синтаксистік тұрғыдан қаралып, морфологиялық жағы ескерілмей жүргендігіне қарсылық білдіріп, славян, француз т.б. тілдерге тән мұндай үдерістің түркі тілдерінде де байқалатынын алға тартып, сөзжасамның лексика-грамматикалық тәсілі деп атайды [2, 12].

Тіліміздегі конверсия құбылысы термин жасау кезінде көбіне зат есім мен етістік арасында болады. Оған алдымен тұйық етістік пен сол қимыл-әрекет аталымының бірдей дыбысталуы себеп болады.

Қазақ тілінде бұл тәсілмен жасалған сөздер көптеп кездеседі. Бұндай сөздердің морфологиялық қызметі жеке тұрғанда анықталмайды, оны тек сөз тіркесі, сөйлем аясында қарастыру қажет. Яғни, олардың грамматикалық өзгеріске түсуі негізінде контексте айқындалады. Мысал үшін қолданыстағы «тәркілеу» сөзін алып қарар болсақ, сөздің зат есім (конфискация) және етістік (конфисковать) тұлғасында қолданылатынын білеміз. Алайда қазақ тіліндегі нұсқасында екі тұлғасының дыбысталуында айырмашылықтың болмауына байланысты, дербес қолданысында грамматикалық тұлғасын анықтау қиын.

Сол сияқты, жалпы қолданыстағы сөздердің қатарынан терминдік сипат алғандарды да жеке-дара күйінде қай мақсатта (термин не қарапайым қолданыста) жұмсалып тұрғанын айқындау мүмкін емес. Олардың да нақты қолданыс шеңберін тек тіркес не сөйлемдегі мағынасына қарап саралаймыз. Мәселен, физика саласында «жылдамдық қарқынының уақыт бірлігі ішінде өзгеруін көрсететін физикалық шама» мағынасындағы «үдеу» термині бар. Аталған термин бұл жерде, әрине, зат есім орнында жұмсалып, грамматикалық жағынан зат есім қызметін атқарады. Сонымен қоса, «бір нәрсенің қалыпты шамадан артуы, ұлғаюы, күшеюі» мағынасында етістік тұлғалы үдеу сөздерін жеке тұрғандағы грамматикалық мағынасын аңғару мүмкін емес. Оны тек сөздің аталған мағыналарында жұмсалған мәтін не сөйлем, сөз тіркесі аясында бақылаймыз. Яғни, тіл білімінде лексика-семантикалық тәсіл арқылы қолданыстағы сөздермен қатар терминдер де жасалады.

В.П. Даниленко ғылым тілінде семантикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің жалпы терминге қойылатын барлық сұранысты өтеп отырғанын айтады [3]. Бұл пікірді қолдаған Ш. Құрманбайұлы: «Терминологиядағы семантикалық тәсілдің жалпы тілдегі тағы бір басты айырмашылығы – жалпы әдеби тілде сөз мағынасының алмасуы арқылы жаңа сөздің жасалуы жалпы лексикалық өріс ішінде, яғни тілдің үлкен жүйесінің шеңберінде болып жататын процесс болса, терминологияда бұл процесс тілдің екі жүйесінің арасында немесе терминологиялық өрістер арасында жүріп жағады» [4, 141] деп қорытады.

Яғни, жалпы қолданыстағы сөз белгілі бір ғылым саласының термині болып қабылданып, терминологиялық қорға өтеді. Мәселен, жалпы әдеби қолданыстағы «құлындарды байлау үшін екі қазыққа кере тартылған арқан» деген мағынаны білдіретін «желі» сөзі электроэнергетика саласының «белгілі бір кеңістікке энергияны таратуға арналған жүйе» мағынасын қабылдап, аталған ғылым термині ретінде қалыптасты. Бұл сөз «мәліметтерді компьютерлер арасында жеткізетін бір-бірімен телеқатынас құру құралдары», яғни «компьютерлік желі» мағынасындағы термин ретінде информатика саласында да қолданылады. Аталмыш мысалдардағы алғашқы желі терминінің қалыптасуына әдеби тілдегі «желі» сөзінің «екі қазық арасына кере тартылатын арқан» деген мағынасы уәж болып тұр. Ал «компьютерлік желі» терминінің негізінде энергетика саласындағы терминнің мәні жатқанын аңғару қиын емес.

Сондай-ақ, ақпараттық технология ғылымындағы «файл жазбасының дербес мағынасы бар қызметтік бөлігі, яғни кесте түріндегі базаның бір бағанасы» және «экранның белгілі бір мақсатта пайдаланылатын бөлігі» мағыналарында қолданылатын «өріс» сөзіне қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде мынадай түсінік беріледі: 1) ауыл маңынан шалғайлау оты мол, мал жайылымдық жер [5, 659]. Сонымен бірге, бұл сөздің механика саласындағы «векторлық өріс», «магниттік өріс», «кернеулер өрісі» сияқты тіркесті терминдер жасайтынын білеміз. Яғни, «өріс» сөзінің термин ретіндегі қолданыстарының мағынасына жалпы халықтық тілдегі «өріс» сөзі уәж болып, белгілі бір жұмысқа, әрекетке, мақсатқа арналған орын, кеңістік, бөлік, аймақ, аудан деген ұғым беріп тұрғанын байқаймыз.

Тіліміздегі сөздердің мағыналық жағынан дамуы негізінде жасалған мұндай терминдерді конверсия үдерісінің нәтижесі деуге болады.

Ендеше, жоғарыда ғалым айтқандай, әдеби тілдегі сөздер терминологиялық қорға еніп, осы жүйенің мүшесіне айналып отыр.



Тіл білімінің терминология саласында бұлайша термин жасау тәсілі әр түрлі аталып жүр. Әр жылдары осы салаға қалам тартқан ғалымдар бұл ұғымға халықтық лексиканың терминденуі, лексика-семантикалық тәсіл, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, сөз мағынасын өзгерту, сөз мағынасының алмасуы, тілдегі сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, мәністік тәсіл, терминдендіру, терминдену деген сияқты атау беріп келді.

Ғалымдар тарапынан түрліше аталып жүрген осы ұғымды салыстыра саралаған Ш. Құрманбайұлы «терминдену» деп алуды ұсынады. Ғалым бұл ойын В.В. Иванов, А.В. Суперанская т.б. орыс ғалымдары еңбектерінде аталған терминді «терминологизация» деп атап жүргендігімен, оның қазақ тіліндегі жалпы терминге қойылатын талаптарға сай нұсқасы осы «терминдену» сөзі болатындығын айтып дәлелдейді [6, 136].

Қазақ тілінің сөзжасам заңдылығына, кез келген ұғымға ғылыми тұрғыдан атау беру кезінде қойылатын талаптарға аталған сөздің толық жауап беретіндігін ескеріп, біз ғалым пікірін қолдаймыз және әрі қарай жұмыс барысында осы атауды қолдануды жөн көрдік.

«Тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде терминдік мағына жүктеу процесі» [6, 138] болып табылатын терминдену нысаны жалпы қолданыстағы сөздермен қатар көнерген сөздер де, диалект сөздер де, кәсіби сөздер де болуы мүмкін.

Белгілі бір ұғымға атау іздеу нысаны жалпы қолданыстағы лексикамен қатар диалект сөздермен де толығады. Әдеби тілді байыту көздерінің бірі болып есептелетін аймақтық лексиканың терминтанушы ғалымдар «терминологиялық лексиканы байытудағы рөлі айрықша» деп, бұл қорды орнымен пайдалана білу – қазақ терминологиясының ұлттық сипатының артуына үлкен септігін тигізетінін айтады [7, 131].

Зерттеу әдебиеттерінде белгілі бір аймақ шеңберінде қолданылатын лексикадан ғылым тіліне термин ретінде көшкен сөздер қатарына алқа, үрдіс, ұжым, түнек т.б. сөздер жатқызылады.

Терминжасамда көнерген сөздер мен кәсіби лексиканың да өзіндік үлесі бар. Әсіресе соңғы кезде қазақ тілінде термин қалыптастыруда кіреуке, сауыт, сарбаз, жасақ сөздері мағыналық аздаған өзгеріске түсіп, термин қорымызға ауысты.

Ал кәсіби лексиканың термин қалыптастырудағы орны алдыңғы екі қорға қарағанда маңыздырақ болуы шарт. Себебі кәсіби лексика нақты кәсіп түріне қатысты болғандықтан, термин сөздерге жақынырақ келеді. Сондықтан да кез келген ғылым терминін қазақшалағанда алдымен сол салаға қатысты кәсіби лексикадан балама іздеу қажет.

Бұндай жолмен термин жасау жалпы терминжасам тәсілдерінің ішінде ғылым тілін қазақыландыру мәселесі қолға алынған ХХ ғасырдың басында және қазіргі уақытта да кеңінен қолданылуда.

ХХ ғасырдың басындағы терминжасам үдерісінде жоғарыда аталған «желі», «өріс» сөздері қолданылған, сонымен қатар, бұл кезеңде қазіргі термин қорымыздан шығып қалған «көген» (батарея), «тәптіш» (деталь), «сиық» (модель) сөздері де пайдаланылған. Семантикалық жағынан қарағанда аталмыш сөздердің терминденуінде негіз жоқ емес. Мәселен түсіндірмесөздікте «қозы-лақтарды мойындарынан тізбектеп, желі арқанға қатарлап байлайтын бұршақтар (бір ұшы ілмекті, бір ұшы түйілген бау жіптер) тізбегі» деген мағына берілген «көген» сөзі мағыналық жағынан өзгеріске ұшыратып, батарея сөзін «элемендер көгені» деп атаған.

Сондай-ақ «тәптіш» сөзінен «әр нәрсенің байыбына жеткізіп, аныққанығын ашып, тәптіштеп түсіндіру» деген мағынаны білдіретін «тәптіштеу» деген етістік туатынын ескерсек, бұл мамандардың сөздің түпкі семантикалық мағынасына, сөздің тура мағынасына назар аударатынын аңғару қиын емес. Шынында да, тәптіштеп түсіндіру (детально объяснить) сөзінің мағынасы бүге-шүгесіне дейін жеткізіп, түсіндіру болса, техника құралының бүге-шүгесі сол деталь екені анық. Сондықтан да бұл мамандар пікірінің негізі жоқ емес. Дегенмен, аталмыш терминнің қазіргі таңда «бөлшек» түріндегі үйлесімді, сәтті баламасы бекітілгенін айтып кету керек.

«Модель» терминінің әр нәрсенің сыртқы түр-түрпатына байланысты болатынын ескеріп, оның қазақ тілінде баламасын іздеуде «сиық» сөзінің «түр-түрпат, көрік» мағынасының ұғымдық ұқсастығының себеп болғанын аңғарамыз.

Терминжасамның лексика-семантикалық тәсілінде терминдер мына жолдармен жасалады:

- 1) жалпы қолданыстағы сөздің терминденуі;
- 2) ғылымның бір саласындағы терминнің мағыналық жағынан сәйкес келуіне байланысты екінші салаға өтуі. Терминтанушы ғалым Ш. Құрманбайұлы мұны «ішкі терминдену» деп атауды ұсынады [6, 141].



Аталған екі жолдың ұқсастықтары да, айырмашылықтары да бар. Алдымен, ұқсастығын сөз етер болсақ, біріншіден, екеуінің де нәтижесінде термин жасалуы; екіншіден, термин жасау кезінде екеуінде де сөздердің тұлғалық жағынан өзгеріске түспеуі.

Ал екеуара айырмашылыққа келер болсақ, біріншіден, термин ретінде сөздердің алыну көздерінің әр басқа болуы, нақтылай айтсақ, алғашқысында термин болар сөз жалпы лексикалық қордан алынса, соңғысында сөз терминологиялық қордан алынады; екіншіден, жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінде сөз түбір күйінде ғана ауысса, ішкі терминдену кезінде сөзжасамның басқа тәсілдері арқылы жасалған терминдер де бір ғылымнан өзге ғылымға ауысады; үшіншіден, терминденудің бірінші тәсілінде үдеріс тек төл сөздер арасында жүзеге асса, екіншісінде кірме сөздерден жасалған терминдер арасында да орын алады.

Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі кезінде сөздердің тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылуы, конверсиялық үдеріске түсуі, метафоралануы орын алады. Және де бұл үдерістердің бір термин бойында қатар кездесуі де мүмкін. Себебі кез келген сөздің жаңа мағына үстеуі кезінде сол мағынаны иеленер сөздің белгілі бір қасиетінің ұқсастығы негіз болады. Бұл – жалпы тіл білімінің сөзжасам, кез келген ұғымға атау беру кезінде қалыптасқан шарт.

Терминдердің метафоралық жолмен ауысуы арқылы жасалуына себеп болатын негізгі уәжділікке Ш. Құрманбайұлы:

- 1) пішін ұқсастығын;
- 2) қызмет ұқсастығын;
- 3) пішін мен қызмет ұқсастығын;
- 4) құрылысы мен құрылымдық ұқсастығын;
- 5) пішін мен орналасу орнының ұқсастығын;
- 6) эмоционалдық әсерлердің ұқсастығын жатқызады [4, 162].

Ғалым жіктемесінің дұрыстығын анықтау үшін ойымызды мысалдармен бекітейік. Термин мен қолданыстағы сөздің пішін ұқсастығы жағынан конверсиялануына техника саласындағы «сырық» (стержень) терминін мысал етуге болады.

Жалпы әдеби қордағы «жуандығы жеңді білектей ұзын ағаш; киіз үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған ұзын таяқ» мағынасындағы сөз сыртқы ұқсастығы жағынан техника саласына термин ретінде ауысқан.

Ал қызмет ұқсастығына екі ғылым саласында да қолданылып жүрген «жетек» сөзін жатқызуға болады. Аталмыш сөздің қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігіндегі мағынасы «арбаның, шананың алдына орнатылған, ат жегілетін оқағаш; ноқта, шылбыр тәрізді бас жіптен ұстап ертіп жүру» болса, техника саласындағы жетек сөзінің мағынасы «машиналар мен механизмдерді іске қосатын құрылғы». Ерте кезеңдегі көлікті жүргізу әрекетінің атауы қазіргі таңдағы машиналар мен механизмдерді жүргізетін құрылғыға жанама уәжділік арқылы балама болып тұр. Ендеше «жетек» сөзінің тіл білімінің бір қорынан екіншісіне ауысуына атқаратын қызметі негіз болып отыр.

Кез келген ұғымға атау беруде ұғымның басқа ұғымдарға ұқсас белгілері ескеріледі.

Техника саласында жалпы әдеби лексикадан түбір күйінде ауысқан терминдер көптеп саналады.

Тағы бір мысал ретінде «броня» терминін «берен» деп қазақшаланғанын келтіруге болады. «Берен» сөзіне қазақ тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде мынадай түсінік беріледі:

- 1) қымбат, асыл мата;
- 2) нағыз шын болат;
- 3) болаттан жасалған, батырлар киетін сауыт;
- 4) ұңғысы ұзын шиті мылтық;
- 5) пышақ сияқты қару, қанжар;
- 6) өжет, өткір [5, 127].

Аталған сөздің осындай түсініктерінің арасында «болаттан жасалған, батырлар киетін сауыт» мағынасын білдіретін ұғым ұқсастығы жағынан техникалық термин қатарына қосылған.

Сонымен бірге «адам баласына тән ой, ес» мағынасындағы «жады» сөзі кезінде психология термині ретінде қолданылса, кейіннен психология саласынан техника саласына өтіп, компьютер техникасының ақпаратты сақтау жүйесінің көлемін білдіретін термин ретінде бекітілген. Осы сөз арқылы іс жүргізуде жадынама (памятка) атауы бар екендігін айта кету керек.

Және де «белгілі бір затты қысып тұру үшін сыртынан айналдырып ұстатқан темір шеңбер» мәніндегі «құрсау» сөзінің қызметтік ұқсастығына, пайдалану мақсатының сәйкестігіне байланысты орыс тіліндегі «обод» сөзінің нақ аудармасы болып тұр. Себебі орыс тілінің түсіндірмелі сөздіктерінде «обод» сөзіне берілген түсініктеме 1) тартып тұратын шеңбер түріндегі доңғалақтың сыртқы бөлігі; 2) қандай да бір шеңбер түріндегі құралдың бөлшегі дегенге саяды.



Техника саласында жүк машинасының қорабы термин түрінде «шанақ» деп қабылданған. Аталған сөздің терминдік қатарға өтуіне оның жалпы қолданыстағы нұсқасының мағынасы әсер еткен. Жалпы қолданыстағы «шанақ» сөзі мынадай мән береді:

- 1) Қобыз, домбыра тәрізді ішекті музыка аспаптарының үшбұрышты я домалақша келген дүмі;
- 2) Диірменнің астық құйылатын немесе үн төгілетін жәшігі;
- 3) Арбаның қорабы;
- 4) Өңделген теріден істелген сусын құятын үлкен ыдыс;
- 5) Өсімдіктің гүл қауашығы [5, 901].

Осы мағыналарының ішінен «арбаның қорабы» мағынасындағы нұсқасына сай терминге ауысқан бұл сөзде басқа мағыналардың да көрінісі жоқ емес. Шанақ сөзінің көрсетілген мағыналарына ортақ белгі белгілі бір заттың сыртын қаптап тұратын дүние екендігі.

Сөздердің метафоралануы арқылы термин қалыптасу тек біз сөз етіп отырған терминдену тәсілінде ғана емес, терминжасамның морфологиялық, синтаксистік, калькалау сияқты барлық тәсілдерінде де байқалады. Себебі бір ұғымға ат беру оның басқа ұғымдармен ұқсастыру, шендестіру жолымен іске асады. Ал ұқсастырудың өзі метафоралық құбылыс екенін ескерсек, қосымшалармен де сөздердің бірігуі, тіркесу әдісімен де жасалған терминдер сипатында басқа бір атаумен салыстыру жатады. Мақаламызда терминжасамның семантикалық тәсілі туралы сөз болып отырғандықтан, метафораланудың басқа тәсілдерге әсерін айтып жатуды жөн көрмедік.

Лексика-семантикалық тәсілдің тағы бір түрі – белгілі бір ғылым саласының термині мағыналық ұқсастығы жағынан екінші бір сала терминіне ауысуы. Терминденудің бұл түрін Ш. Құрманбайұлы «ішкі терминдену» деп атағанын айтқанбыз. Ғалым тіл білімінде бұл үдерістің әр басқа аталып жүргенін сөз етіп, талқылай келе, В. Иванов, В. Даниленко еңбектеріндегі «екінші терминдену» атауының нақтылығына күмән туғызатын мәселе ретінде: «редукция термині философияда, заң ғылымында, тіл білімінде қолданылса, ісіну термині геологияда, медицинада, жол шаруашылығы терминологиясында қолданылады... Егер сөздің немесе терминнің қанша рет терминденгеніне, яғни неше ғылым саласына ауысқанына қарап айтар болсақ, онда «үшінші терминдену», «төртінші терминдену» деп терминологиядағы бір ғана құбылысты бірнеше атаумен атауымызға тура келген болар еді... Термин терминологиялық жүйенің өз ішінде белгілі бір ғылым саласындағы терминнің негізінде жасала-

ды» деген мысал келтіреді де, ішкі терминдену деп атауды ұйғарады [6, 146-147].

Мәселен, біз жоғарыда сөз еткен «өріс» сөзі алғашында физика термині болып, кейіннен ақпараттық техника саласына ауысқан. Яғни, терминологиялық жүйе салалары арасында терминдену үдерісі жүзеге асатындықтан, ғалым ұсынған «ішкі терминдену» атауын қолдаймыз.

Ендігі жерде ішкі терминденудің терминдердің қатарын толықтырудағы үлесін саралауға болады.

Әдеби қордағы «сақина» сөзіне түсіндірмелі сөздікте мынадай түсінік беріледі:

1. Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалған жүзік;
2. Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т.б. жасалған дөңгелек шеңбер;
3. Ұстамалы бас ауруы [5, 700].

Осы сөздің «дөңгелек, шеңбер» деген мағынасы сыртқы ұқсастығы жағынан техника саласындағы «кольцо» терминінің қазақша баламасы ретінде алынып, одан «сақина диск», «сақиналы серіппе», «сақиналық ағынша», «сақиналық күш», «сақинаның иілуі» сияқты көптеген тіркесті терминдер туындаған.

Алдымен техника саласына термин ретінде ауысқан «сақина» сөзі кейіннен электр энергетикасы мен ақпараттық технология салаларына да көшіп, терминологияда ішкі терминдену үдерісі орын алған.

Электр энергетикасы ғылымында «сақиналы түйіспе» ұғымына «электр тізбегінің цилиндрлік бетте сырғымалы электрлік түйіспе жасайтын сақиналы түйіспесі» деген анықтама беріледі. Яғни «сақиналы» сөзі түйіспе үдерісіне «тұйықталған, бас-аяғы жалғасқан» деген мағына үстейді.

Ал ақпараттық технология ғылымында осы сөздің қатысуымен жасалған «сақиналық желі», «сақиналық құрылым әдісі», «сақиналық тізім» сияқты синтаксистік тәсілмен жасалған терминдер кездеседі. Оларды аталған саланың түсіндірмелі сөздігінде былай сипаттайды:

«Сақиналық желі (кольцевая сеть) – топологиясы сақина түрінде болып келген (тұйық контур тәрізді) есептеу желісі».

«Сақиналық құрылым әдісі (метод кольцевых структур) – тізімнің соңғы жазбасының басына нұсқағышы бар тізбелік тізімді компьютер жадына ұсыну әдісі».

«Сақиналық (циклдік) тізім – (кольцевой (циклический) список) – әрбір құрауыштың сол тізімде бір ғана алдыңғы және бір ғана келесі құрауышы



бар тізбелік тізім; соңғы элементтің бірінші элементке сілтемесі болады» [8, 295].

Келтірілген терминдердің барлығында да «сақина» сөзінің бір ғана мағынасы арқылы уәжделіп, термин қатарына қосылған.

Өзге тілден енген сөздердің ішкі терминдену үдерісіне әсері зерттеу әдебиеттерінде кеңінен талданған. Олардың қатарында біз жоғарыда мысал еткен ғалым еңбегіндегі редукция терминінен басқа морфология, стержень, бордюр сияқты терминдер мысал бола алады.

Қорыта айтсақ, семантикалық тәсілді терминжасамның белсенді тәсілі деуге болады. Себебі терминологиялық қорда түбір терминдер көптеп кездеседі. Жоғарыда айтылған метафорлану жолы да, конверсия құбылысы да, ішкі терминдену тәсілі де жалпы терминжасамның лексика-семантикалық тәсілі үшін қызмет етеді. Техника саласында осы сөздердің тұлғалық өзгеріске түспей, белгілі бір ұқсастығы салдарынан басқа ұғымға атау болу тәсілмен жасалған терминдердің баршылық екендігін нақты мысалдармен дәлелдеуге тырыстық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ө. Айтбайұлы.* Қазақ сөзі (қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
2. *Ганиев Ф.А.* Проблема словообразования в тюркских языках // Проблемы словообразования в тюркских языках. Казань: Фикер, 2002 – 368 стр.
3. *Даниленко В.П.* Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – Москва: Наука, 1977. – 243 стр.
4. *Ш. Құрманбайұлы.* Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. *Құрманбайұлы Ш.* Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: Ер-Даулет, 2007. – 145 б.
7. *Құрманбайұлы Ш.* Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. Астана: Елорда, 2002. – 184 б.
8. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.

ҰСЫНЫСТАР, ПІКІРЛЕР

Бұл айдармен көпшілік талқысына ҚР Парламенті Мәжілісінің аударма және редакциялау бөлімінің меңгерушісі, ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Д. Омашұлының ұсыныстары (жиі кездесетін ұялы сөздер), «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ аударма бюросының мамандары дайындаған ғарыш саласының терминдері мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ұсынған терминдері және филология ғылымдарының докторы, профессор, Байынқол Қалиұлының «Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын жақсартуға (жетілдіруге) байланысты ұсыныстары» жарияланып отыр.

ҚР Парламенті Мәжілісінің аударма және редакциялау
бөлімінің меңгерушісі, ҚР Үкіметі жанындағы
Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі
Д. Омашұлының ұсыныстары
Жиі кездесетін ұялы сөздер

(бұл ұсыныстардың ішінде бұрын бекітілген сөздер де болуы мүмкін. Алайда оларды ұялас сөздерімен салыстыра қарау үшін енгізіп отырмыз, сондай-ақ Терминком бекіткен, бірақ әлі де ойланатын бір-екі сөз қайта талқыға салу үшін ұсынылып отыр)

1.	Ратификация Утверждение Скрепление Парафирование Подписание	Беркіту Бекіту Бекемдеу Дәйектеу Қол қою	Халықаралық ресми құжаттарды мемлекетшілік ресімдеуге қатысты осы сөздер әліге дейін бір жөнге түсіріліп бекітілген жоқ.
2.	Оригинал Аутентичность <i>Аутентичный</i> Дубликат Подлинник	Түшнұсқа Тең түшнұсқалық <i>Теңтүшнұсқалы</i> Телнұсқа Төлнұсқа	Жалпы құжаттардың, оның ішінде ресми құжаттардың нұсқалары «оригинал», «подлинник», «дубликат» болып бөлінеді. Сонымен бірге мәтіннің аударылу сапасына байланысты жиі қолданылатын «аутентичность» деген сөз бар. Осы сөздер әлі күнге дейін ресми түрде бекітілмегендіктен, әртүрлі қолданылып жүр.
3.	Юридический Юридическая сила Де юре Де факто	Заң, заңи Заңи күш Заң жүзінде Іс жүзінде	«Юридический» деген сөз көп тіркестерде қолданылады, кейде бәрін «заң» дей берудің де реті келмейді. Сонымен бірге әлі күнге дейін нақты баламасын таппаған «де юре, де факто» деген сөздер бар.

4.	Делимитизация Демаркация <i>Демаркация границы</i>	Межелеу Шегендеу <i>Шекараны шегендеу</i>	Жер аумағын, әсіресе шекараны межелеп, белгілеп бекітіп алуға қатысты сөздер.
5.	Индивидуальное <i>Индивидуальное предпринимательство</i> Частное <i>Частное предпринимательство</i> <i>Частное право</i> <i>Частники</i> Личное Личная собственность	Жеке <i>Жеке кәсіпкерлік</i> Жекеше <i>Жекеше кәсіпкерлік</i> <i>Жекеше құқық</i> <i>Жекешелер</i> Өзіндік <i>Өзіндік меншік</i>	Орыс тіліндегі «индивидуальное» деген сөзді заңнамада «дара», «жеке-дара» деп аударып жүрміз. Бірақ бұл амалдың жоқтығынан жасалған қадам. Мысалы «дара кәсіпкер» дегеніміз «индивидуальный предприниматель» ұғымының мән-мағынасын ашпайды. Мұндағы «дара» деген сөз «басқалардан бөлек, жеке тұрған» деген мағына береді. «Частное» деген сөзді де «жеке» деп жүрміз. Мысалы «частная собственность», «частная жизнь» деген сөздерді тиісінше «жеке меншік», «жеке өмір» деп аударамыз. Алайда, өткен ғасырдың басындағы ұлттық баспасөзде, әдебиетте «частник» деген сөзді «жекеше» деп аударған. Ал «частное право» дегенді «жеке құқық» деп қалай айтамыз, онымыз «отдельное право» деген мағына беріп кетпей ма.
6.	Хозяйство <i>Сельское хозяйство</i> <i>Крестьянское (домашнее) хозяйство</i>	Шаруашылық, қожалық <i>Ауыл шаруашылығы</i> <i>Шаруа (үй) қожалығы</i>	«Хозяйствоны» «шаруашылық» деп аламыз да, «крестьянское хозяйство» дегенде «шаруа қожалығы» деп аударамыз. Аталған сөздің осы екі баламасын да қоса бекіткен дұрыс.



7.	Предмет	Нысана, пән	
8.	Арест <i>Домашний арест</i> <i>Арест на имущество</i> Заключение <i>Заклученный</i>	Қамақ <i>Үй қамағы</i> <i>Мүлікті қамаққа алу</i> Қамау <i>Қамалған (қамаудағы) адам</i>	Қазір «арест» және «заклучение» деген сөздің екеуін де «қамау» деп алып жүр. Осы екі сөздің ара-жігін ашып алу үшін оларды тиісінше «қамақ» және «қамау» деп бекітуді ұсынамыз.
9.	Указание Предписание Инструкция	Нұсқау Нұсқама Нұсқаулық	
10.	Правомочие	Құқықтылық	
11.	Правомерно Неправомерно	Құқыққа сыйымды Құқыққа сыйымсыз	Қазіргі сөздіктерді «правомерно» мен «неправомерно» деген сөздер «заңды» және «заңсыз» деп алынып жүр. Алайда, «законный», «незаконный» деген де бар. Сондықтан осы сөздерге өз баламасын бергенді жөн көреміз.
12.	Баланс <i>На балансе предприятия</i> <i>Баланс интересов</i> <i>Сбалансированный подход</i>	Теңгерім, баланс <i>Кәсіпорынның балансында</i> <i>Мүдделердің теңгерімі</i> <i>Теңгерімді көзқарас</i>	

13.	Пропорция Пропорциональный	Пропорция Пропорционалды (<i>бара бар емес</i>)	
14.	Работа Работник Рабочий Работодатель	Жұмыс Жұмыскер Жұмысшы Жұмыс беруші	
15.	Сотрудник Служащий	Қызметкер Қызметші	
16.	Несчастный случай	Жазатайым оқиға (<i>бақытсыз жағдай емес</i>)	
17.	Конъюнктура (рыноч) Конъюнктура (цен)	Жағдаят (нарыққа қатысты) Айнымалылық (бағаға қатысты)	
18.	Безвозвратность Возвратность Невозвратный Отдача	Қайтарымсыз Қайтарымды Қайтарылмайтын Қайтарым	
19.	Толерантность Терпимость	Толеранттылық Төзімділік, шыдамдылық	
20.	Ксенофобия	Жатырқау, үрке қарау, жатсыну	



21.	Довольствие <i>Денежное довольствие</i> <i>Суточное довольствие</i>	Ризық <i>Ақшалай ризық</i> <i>Тәуліктік ризық</i>	
22.	Определение Выявление Выяснение Установление Конкретизация Уточнение Детализация Проработка Доработка Изготовление Подготовка Прояснение Разработка Совершенствование	Анықтама, анықтау Анықтау, табу Айқындау Белгілеу Нақтылау Дәлдік енгізу Тәптіштеу Пысықтау Толықтыру Жасау, жасап шығару Дайындау Айқындық енгізу Өзірлеу (ғылыми талдама) Жетілдіру	

23.	Правила Положение Порядок Распорядок	Қағида Ереже Тәртіп Тәртіптеме	Қазіргі сөздіктерде «правила» да, «положение» де – «ереже». Ал «правила положения» деген тіркес кездескенде не істерімізді білмей, әркім әрқилы аударарды. «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңда «правиланы» «қағида» деп аударып, оған құжат ретінде анықтама берген.
24.	Народонасе- ление	Тұрғын халық	Осы сөзді кейбіреулер «қоныстанған халық» деп аударып жүр. «Қоныстану» дегеніміз – «заселение».
25.	Водоток Водосток	Суағын (ағын су емес) Суағар	
26.	Аффилииро- ванное лицо	Үлестес тұлға	Бұрын «еншілес тұлға», кейіннен «аффилиирленген тұлға» деп алынып келді.
27.	Преступление Преступность Преступник	Қылмыс Қылмыскерлік Қылмыскер	«Преступность» деген сөздің бұрыннан қалыптасқан «қылмыскерлік» деген баламасы болса да, кейбіреулер «қылмыстылық» деп алып жүр. «Қылмыстылық» бұл сөздің мағынасын ашпайды әрі оны аса жұмсартып жібереді.
28.	Разработка (құжат) Разработка (геол.) Разработка месторождения Освоение месторождения	Әзірлеу (құжат) Әзірлеу, дайындау Кен орнын әзірлеу Кен орнын игеру	Кен орнына қатысты «разработка» мен «освоение» деген сөздің екеуін де «игеру» деп алып жүрміз. Бұл дұрыс емес. «Разработка» «освоениенің» ішіне кіретін жұмыс түрі.

29.	<p>Процесс</p> <p>Процессуальный</p> <p><i>Процессуальное производство</i></p> <p><i>Процессуальное положение</i></p> <p><i>Процессуальный документ</i></p> <p><i>Процессуальные сроки</i></p>	<p>Процесс (<i>үдеріс емес</i>)</p> <p>Процестік</p> <p><i>Процестік іс жүргізу</i></p> <p><i>Процестік жағдай</i></p> <p><i>Процестік құжат</i></p> <p><i>Процестік мерзім</i></p>	<p>«Үдеріс» «процестін» мән-мағынасын толық ашпайды, ал «процессуальный» сөзі бұрын «іс жүргізу» деп алынып жүрді, алайда онымен сабақтаса қолданылатын «производство» деген сөз де «іс жүргізу» деп аударылады. Жалпы құқық теориясында «производство – іс жүргізу» ұғымы бірнеше жағдайда кездеседі. Олар: «следственное производство» – «тергеу ісін жүргізу», «досудебное производство» – «сотқа дейінгі іс жүргізу», «судебное производство» – «сот ісін жүргізу» және «процессуальное производство». Егер «процессуальный» деген сөзді де «іс жүргізу» деп алсақ, «процессуальное производство» деген сөзді қалай аударамыз? Оның ғылыми негізділігі қалай болады?</p>
30.	Истец	Қуынушы	<p>Терминком осы сөздің аудармасын «талапкер» деп бекіткен, кейінгі кезде заңнамада «абитуриент» деген сөздің баламасымен шатастырып алмау үшін «талап қоюшы» деп алып жүр. Дегенмен, «предъявление требований» деген бар. Ол тікелей «талап қою» дегенді білдіреді. Сонымен бірге «предъявление иска, исковых требований» деген тіркестер де кездеседі. Сонда «талап қоюды қою», «талап қоюдың талаптарын қою» дейміз ба?</p>
31.	Иск	Қуыным	
32.	Исковое заявление	Қуыным арызы	
33.	<p>Исковые требования</p> <p><i>Предъявление исковых требований</i></p> <p><i>Исковая давность</i></p>	<p>Қуыным талаптары</p> <p><i>Қуыным талаптарын қою</i></p> <p><i>Қуыну мерзімі</i></p>	

34.	Обращение (құжат) Обращение (іс-әрекет)	Жолданым (құжат), үндеу Жүгіну	Заңнамада бұл сөз құжаттың атауы тұрғысынан «өтініш» деп алынып жүр. «Заявление» дегенді де «өтініш» дейміз. Процестік заңнамада «ходатайство» деген сөзді де «өтініш» деп аударған. Сондықтан «обращение» деген сөзді – «жолданым», «заявление» деген сөзді – «арыз», «ходатайство» деген сөзді – «1. қолдаухат; 2. өтінішхат» деп бекіткен жөн.
35.	Заявление (құжат) <i>Подать заявление</i> <i>Делать заявление</i>	1. Арыз; 2. Мәлімдеме <i>Арыз беру</i> <i>Мәлімдеме жасау</i>	Қылмыстық заңнамада, сосын азаматтық заңнаманың кейбір жерінде «заявление» – «арыз» деп алынған. Кейбір әріптестер «арыз» деген сөзді «шағыммен» байланыстыра қарап, «арызкой – бәлеқор» деген мағынаны көкейде ұстап, осы сөзді алғысы келмейді.
36.	Просьба Прошение (құжат) <i>Прошение о помиловании</i> <i>Прошение об аудиенции</i>	Өтініш <i>Кешірім жасау туралы өтініш</i> <i>Қабылдау туралы өтініш</i>	Қазір сөздіктерді «заявление» де, «обращение» де, тіпті, «ходатайство» да «өтініш» болып жүр. Ал құқықта «прошение» деген ұғым бар, ол құжат атын білдіреді. Мысалы, «прошение об аудиенции», «прошение о помиловании» деген құжаттар бар. Сондықтан, «өтінішті» «прошениенің» баламасы етіп қалдыруды жөн санаймыз.
37.	Исчисление Начисление Перечисление Отчисление Вычисление Вычет	Есептеу Есебіне жазу Аудару Аударым Есептеп шығару Шегерім	Салық заңнамасында осы түбірлес сөздер көп кездеседі. Бұрын «исчисление», «начисление», «вычисление» сөздерінің барлығы да «есептеу» деген бір сөзбен аударылған. Осы сөздердің әрқайсысына жеке-жеке балама табу керек.



38.	Представить	1. Табыс ету; 2. Ұсыну; 3. Таныстыру	
39.	Соучастие <i>Соучастник</i>	Сыбайласа қатысу (бірге қатысу емес) <i>Сыбайлас</i>	«Соучастник» дегеніміз «сыбайлас» емес пе, әрі ол бұл ұғымға жағымсыз реңк береді.
40.	Досмотр Осмотр Пересмотр	Тексеріп-қарау Қарап-тексеру Қайта қарау	Бұрын заңнамада осы екі сөз, яғни «досмотр» мен «осмотр» «тексеру» деген бір сөзбен аударылған. Тексеру дегеніміз проверка.
41.	Исследование Обследование Расследование	Зерттеу Зерттеп-қарау Тергеу	Бұрын «обследование» сөзі де «тексеру» деп аударылған.
42.	Ревизия Ревизор Ревизионная комиссия	Ревизия Ревизор Ревизиялық комиссия	Бұл сөздер қазіргі сөздіктерде «тексеру», «тексеруші», «тексеру комиссиясы» деп алынып жүр. Алайда, «проверка», «проверяющий» деген сөздер де бар. Жалпы «проверка» мен «ревизия» бақылау саласындағы екі түрлі ұғым, екі түрлі әрекет. Сондықтан, түбірін «ревизиядан» алатын сөздерді сол күйінде алған дұрыс.
43.	Назначения (по отдельным бюджетным программам)	Жұмсалым	

44.	Параметр Измерение Критерий	Параметр Өлшем Критерий	Бұл сөздерді кейде мән-мағынасын ажыратпай «өлшем» деген бір сөзбен аудару жағдайлары кездесіп жүр. Ал олардың әрқайсысы өз алдына жеке ұғым. Сондықтан осылайша ұсынып отырмыз.
45.	Военный Воинский Войска, войсковой	Әскери Жауынгерлік Әскер	

**Ғарыш саласының терминдері мен сөз тіркестерінің
орысша-қазақша сөздігі**

**Русско-казахский словарь терминов и словосочетаний
космической отрасли**

Аббре- виатура	Расшифровка	Аббре- виатура	Шифрын ашу
АКК	Аэрокосмический комитет	АҒБ	Аэроғарыш комитеті
АРКК	Авиационный ракетно-космический комплекс	АЗҒК	Авиациялық зымыран-ғарыш кешені
БКУ	Бортовой комплекс управления	ББК	Борттық басқару кешені
ВОКО	Высокоорбитальный космический объект	ЖОҒО	Жоғары орбиталы ғарыш объектісі
ВКО-УФ	Всемирная космическая обсерватория – Ультрафиолет	УК-ДҒО	Ультракүлгін – дүниежүзілік ғарыш обсерваториясы
ВОЛС	Волоконно-оптическая линия связи	ТОБЖ	Талшықты-оптикалық байланыс желісі
ГИС	Геоинформационные системы	ҒАЖ	Геоақпараттық жүйе
ГСС	Геостационарный искусственный спутник	ГТС	Геотұрақты жасанды спутник
ДЗЗ	Дистанционное зондирование Земли	ЖҚЗ	Жерді қашықтықтан зондтау
ДУ	Дистанционное управление	ҚБ	Қашықтықтан басқару
ИИ	Институт ионосферы	ИИ	Ионосфера институты

ИКИ	Институт космических исследований	ҒЗИ	Ғарыштық зерттеулер институты
ИТС	Информационно-телекоммуникационная система	АТЖ	Ақпараттық-телекоммуникациялық жүйе
КА	Космический аппарат	ҒА	Ғарыш аппараты
«КазСат-1»	Первый национальный спутник	«КазСат-1»	Бірінші ұлттық спутник
КИК «Сарышаған»	«Сарышаған» командно-измерительный комплекс	«Сарышаған» КӨК	«Сарышаған» командалық-өлшеу кешені
КЖРТ	Компоненты жидкого ракетного топлива	ЗСОҚ	Зымыран сұйық отынының құрамы
КРН	Космический ракетноноситель	ҒЗТ	Ғарыш зымырантасығышы
КРК	Космический ракетный комплекс	ҒЗК	Ғарыш зымыран кешені
КСЕВ	Космическая система единого времени	БУҒЖ	Бірыңғай уақыттың ғарыштық жүйесі
КС	Космическая система	ҒЖ	Ғарыш жүйесі
ЛА	Летательный аппарат	ҰА	Ұшу аппараты
МИК	Монтажно-измерительный комплекс	ҚӨК	Құрамалау-өлшеу кешені
МКА	Малогобаритные космические аппараты	ШҒА	Шағын ғарыш аппараты
МКК «Космотрас»	«Космотрас» международная космическая компания	«Космотрас» ХҒК	«Космотрас» халықаралық ғарыш компаниясы
МКС	Международная космическая станция	ХҒБ	Халықаралық ғарыш станциясы
МЦКИ	Международный центр космической индустрии	ХҒИО	Халықаралық ғарыш индустриясы орталығы

НА ЦКИ	Национальный архив цифровых космических изображений	СҒБ ҰМ	Сан ғарыш бейнелерінің ұлттық мұрағаты
НИОКР	Научно-исследовательские и опытно-конструкторские разработки	ҒЗТКӘ	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірленімдер
НКА РК	Национальное космическое агентство Республики Казахстан	ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
НКУ	Наземный комплекс управления	ЖБК	Жерүсті басқару кешені
НКСС	Низкоорбитальная космическая система связи	ТҒБЖ	Төменгі орбиталық ғарыш байланыс жүйесі
НКСМ РК	Национальная система космического мониторинга территории РК	ҚР ҒМҰЖ	Қазақстан Республикасы аумағының ұлттық ғарыш мониторингі жүйесі
НЛО	Неопознанный летающий объект	ТҰН	Танылмаған ұшатын нысана
НСКМ	Национальная система космического мониторинга	ҰҒМЖ	Ұлттық ғарыш мониторингі жүйесі
НЦРЭС	Национальный центр радиоэлектроники и связи	ҰРЭБО	Ұлттық радиоэлектроника және байланыс орталығы
НЦ КИТ	Национальный центр космических исследований и технологий	ҰҒЗТО	Ұлттық ғарыш зерттеулері мен технологияларының орталығы
НЦКМ	Национальный центр космического мониторинга	ҰҒМО	Ұлттық ғарыш мониторингі орталығы

НЦК	Наземно-целевой комплекс	ЖМК	Жерүсті мақсатты кешені
НЭС	Научно-экспертный совет	ҒСК	Ғылыми-сараптама кеңесі
ОГ	Орбитальная группировка	ОТ	Орбиталық топ
ОЧРН	Отделяемые части ракетносителя	ЗТББ	Зымыран-тасығыштан бөлінетін бөлшектер
РНИИ КП	Российский научно-исследовательский институт космического приборостроения	ҒА РФЗИ	Ресей Ғарыштық аспапжасау ғылыми зерттеу институты
РН	Ракетноситель	ЗТ	Зымыран-тасығыш
РКТ	Ракетно-космическая техника	ЗҒТ	Зымыран-ғарыш техникасы
РЦКС и ЭМС РЭС	Республиканский центр космической связи и электромагнитной совместимости радиоэлектронных средств	ҒБ және РҚЭУ РО	Ғарыштық байланыс және радиоэлектронды құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы
РЦКСС	Республиканский центр космической спутниковой связи	РҒСБО	Республикалық ғарыштық спутниктік байланыс орталығы
РКРТ	Режим контроля ракетных технологий	ЗТБР	Зымыран технологияларын бақылау режимі
СБИК	Сборочно-испытательный комплекс	ҚұСК	Құрастыру-сынау кешені
СВ	Средство выведения	ШҚ	Шығару құралы
СВСН	Система высокоточной спутниковой навигации	ЖСНЖ	Жоғары нақтылы спутниктік навигация жүйесі

СКТБ КТ	Специальное конструкторско-технологическое бюро космической техники	ҒТ АКТБ	Ғарыш техника-сының арнайы конструкторлық-технологиялық бюросы
СКРП «Байтерек»	Совместное Казахстанско-Российское предприятие «Байтерек»	«Бәйтерек» ҚРБК	«Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны
СПД	Система передачи данных	ДБЖ	Деректер беру жүйесі
СЭМК	Системы экологического мониторинга Казахстана		Қазақстан экологиялық мониторингінің жүйесі
ТЭО	Технико-экономическое обоснование	ТЭН	Техникалық-экономикалық негіздеме
ТРП	Термоэмиссионный реактор-преобразователь	ТТР	Термоэмиссиялық түрлендіргіш реактор
ФГБ	Функционально-грузовой блок	ФЖБ	Функционалдық жүк бөлімі
ФГУП	Федеральное государственное унитарное предприятие	ФМУК	Федералды мемлекеттік унитарлы кәсіпорын
ФЭО	Финансово-экономическое обоснование	ҚЭН	Қаржылық-экономикалық негіздеме
ЦОПИ	Центр отображения полетной информации	ҰАБО	Ұшу ақпаратын бейнелеу орталығы
ЭП	Эскизный проект	НЖ	Нобайлық жоба

1.	Абсолютная высота	абсолют биіктік
2.	Абиогенез	абиогенез
3.	Абляция	абляция
4.	Аванпроект	аванжоба
5.	Авиационные	авиациялық
6.	Адаптивная оптика	адаптивті оптика
7.	Азимут	азимут (бағыт)
8.	Аккреция	аккреция
9.	Аккреционный диск	аккрециялық
10.	Аналемма	аналемма
11.	Ангстрем	ангстрем
12.	Антропный принцип	антропты қағида
13.	Автоматизированный	автоматтандырылған
14.	Автоматизированная система проектирования	автоматтандырылған жобалау жүйесі
15.	Автономный полет	автономды ұшу
16.	Апекс	апекс
17.	Апогей	апогей
18.	Армиллярная сфера	армиллярлық сфера
19.	Астеризм	астеризм
20.	Астероид	астероид
21.	Астродинамика	астродинамика



22.	Астрология	астрология
23.	Астролябия	астролябия
24.	Астрономическая единица	астрономиялық бірлік
25.	Астрономическая навигация	астрономиялық навигация (бағыттауыш)
26.	Астрофизика	астрофизика
27.	Астрофотометрия	астрофотометрия
28.	Атмосфера	атмосфера
29.	Атмосфера взрывоопасная	жарылу қауіпі бар атмосфера
30.	Атмосфера загрязненная	ластанған атмосфера
31.	Атмосфера, насыщенная солями	тұздармен қаныққан атмосфера
32.	Атмосферная диффузия	атмосфералық диффузия
33.	Атмосферная влага	атмосфералық ылғал
34.	Атмосферное поглощение	атмосфералық сіңіру
35.	Атмосферная циркуляция	атмосфералық айналу
36.	Атмосферное излучение	атмосфералық сәулелену
37.	Атмосферные условия	атмосфералық жағдайлар
38.	Атмосферное рассеяние	атмосфералық шашырау
39.	Атмосферный прилив	атмосфералық көтерілу
40.	Аэрозоли	аэрозольдер
41.	Аэрология	аэрология

42.	Аэрономия	аэрономия
43.	Аэростатное зондирование	аэростаттық зондтау
44.	База данных	деректер қоры
45.	Базовый аэропорт	негізгі әуежай
46.	Баллистический центр	баллистика орталығы
47.	Баллистическая ракета	баллистикалық зымыран
48.	Барицентр	бариорталық
49.	Безопасное функционирование	қауіпсіз жұмыс істеу
50.	Биосфера	биосфера
51.	Блазар	блазар
52.	Блок распределения мощности	қуатты бөліп тарату бөлімі (блогы)
53.	Блок питания	қуат көзі
54.	Блок управления антенной	антеннаны басқару бөлімі (блогы)
55.	Болиды	болидтер
56.	Болтанка	әуеде ұшу кезіндегі тербеліс
57.	Большой взрыв	үлкен жарылыс
58.	Бортовое запоминающее устройство	борттық жадында сақтау құрылғысы
59.	Бортовой комплекс управления	борттық басқару кешені
60.	Бортовой целевой комплекс	борттық мақсатты кешені
61.	Бортовая регистрация данных	деректерді борттық тіркеу

62.	Вариации состава атмосферы	атмосфера құрамының түрленімдері
63.	Вентиляция	желдету
64.	Верифицировать	бақылау, қадағалау
65.	Вертикальное распределение составляющих атмосферы	атмосфера құрамдауыштарын тік бөлу
66.	Вертикальный сдвиг ветра	желдің тік қозғалысы
67.	Вибрация, зарегистрированная	діріл, тіркелген
68.	Вихревое движение	күйын тәрізді қозғалыс
69.	Внешние воздействующие факторы	сыртқы ықпал етуші факторлар
70.	Воздушное судно	әуе кемесі
71.	Воздушная масса	ауа массасы
72.	Воздушный поток	ауа ағыны
73.	Воздухозаборник	ауа сорғыш
74.	Возвращение на Землю	Жерге оралу
75.	Возможные риски	ықтимал қауіп-қатерлер
76.	Воздействие абразивное	абразивтік әсер ету
77.	Воздействие солнечной радиации	күн радиациясының әсері
78.	Воздействие температуры циклическое	температураның циклді әсері
79.	Воздействие тепловое	жылу әсері
80.	Воздействие климатическое	климат әсері

81.	Воздействие пыли разрушающее	тозаңның бүлдіруші әсері
82.	Воздействие пыли динамическое	тозаңның динамикалық әсері
83.	Воздействие пыли проникающее	тозаңның кіру әсері
84.	Воздействие пыли статическое	тозаңның статикалық әсері
85.	Воздействие внешнее	сыртқы әсер
86.	Воздействие акустическое прочность, ударная	әсер ету, акустикалық төзімділік, соқпа
87.	Вибропрочность	дірілге төзімділік
88.	Внешние (верхние) планеты	сыртқы (жоғары) планеталар
89.	Внутренние (нижние) планеты	ішкі (төменгі) планеталар
90.	Воспроизводимость режима испытаний	сынау режимінің қайта жаңғыртылуы
91.	Временное измерение	шақтық өзгеріс
92.	Время спадения импульса	импульстің басылу уақыты
93.	Время нарастания импульса	импульстің көтерілу уақыты
94.	Вселенная	бүкіл әлем, жер жүзі
95.	Высокоэффективный	жоғары тиімді
96.	Высокоточный	жоғары дәлдікті, жоғары нақтылы
97.	Высота по плотности	тығыздық бойынша биіктік
98.	Высота по температуре	температура бойынша биіктік



99.	Высота однородной атмосферы	біркелкі атмосфера биіктігі
100.	Выведение	шығару
101.	Высокая эллиптическая орбита	биік эллипстік орбита
102.	Высокая круговая орбита	биік айналма орбита
103.	Высокое разрешение	жоғары шешім
104.	Высокоскоростная радиолиния	жоғары жылдамдықты радиожелі
105.	Вызов на стартовую площадку и установка в стартовое положение	ұшыру мәресі алаңына шақыру және ұшыру мәресі жағдайына келтіру
106.	Высокоточная геодезическая сеть	жоғары дәлдікті геодезиялық желі
107.	Галактика	галактика
108.	Геоинформационные системы	геоақпараттық жүйелер
109.	Геомагнитная активность	геомагниттік белсенділік
110.	Геопотенциал	геоәлеует
111.	Гермокабина	гермокабина
112.	Геостационарная орбита	геотұрақты орбита
113.	Геодезические сети сгущения	геодезиялық қоюлану желілері
114.	Геофизическая ракета	геофизикалық зымыран
115.	Геоцентрическая широта	геоцентрлік ендік
116.	Гермоотсек	гермобөлік
117.	Главная высотная основа	бас биіктік негізі

118.	Глобальное покрытие	ғаламдық жабу
119.	Глобальная система местоопределения	ғаламдық орынды белгілеу жүйесі
120.	Глобальная навигационная спутниковая система	ғаламдық навигациялық спутниктік жүйе
121.	Головной	бас
122.	Гравитационное поле Земли	Жердің нақышталған өрісі
123.	Гравитационный прилив	гравитациялық көтерілу
124.	Давление окружающей среды	қоршаған ортаның қысымы
125.	Давление взрыва, максимальное	жарылғыштың қысымы, ең жоғары
126.	Давление, минимальное	қысым, ең төмен
127.	Давление, звуковое	дыбыс қысымы
128.	Данные об атмосфере	атмосфера туралы деректер
129.	Данные измерений	өлшеулер деректері
130.	Данные о плотности	тығыздық туралы деректер
131.	Данные о давлении	қысым туралы деректер
132.	Двигатель с большим тяговым усилием	үлкен күшпен тартушы қозғалтқыш
133.	Двойной летный экипаж	қос ұшу экипажы
134.	Деактивация	қатерсіздендіру
135.	Декомпрессия, взрывная	жаратын декомпрессия
136.	Декомпрессия, взрывная и быстрая	жаратын және жылдам декомпрессия



137.	Двустороннее соглашение	екіжақты келісім
138.	Держава	ірі мемлекет, держава
139.	Динамическая вязкость	динамикалық тұтқырлық
140.	Диапазон высот	биіктік диапазоны
141.	Диапазон, частотный	жиілік диапазоны
142.	Диссипация	диссипация
143.	Дистанционное зондирование Земли	Жерді қашықтықтан зондтау
144.	Дифференциальная глобальная система позиционирования	дифференциалдық ғаламдық жайғастыру жүйесі
145.	Дифракция звука	дыбыс дифракциясы
146.	Длительность шумового воздействия	шу әсерінің ұзақтығы
147.	Длительность ударного импульса, эффективная	соғатын импульстің тиімді ұзақтығы
148.	Длительность ударного импульса, номинальная	соғатын импульстің номиналды ұзақтығы
149.	Доставка КА в зону заправки	жанармай құю аймағына ҒА жеткізу
150.	Запуск	ұшыру
151.	Звукоизоляция	дыбысты оқшаулау
152.	Емкость бортовых ресурсов	борт қорының сыйымдылығы
153.	Европейская служба геостационарного навигационного дополнения	еуропалық геостационарлық навигациялық толықтыру қызметі

154.	Европейская земная система отсчета	еуропалық жер есептеу жүйесі
155.	Емкость частотных ресурсов	жиілік ресурстарының сыйымдылығы
156.	Жесткость исполнения	орындау қатандығы
157.	Жесткость испытаний	сынау қатандығы
158.	Загрязнение атмосферы	атмосфераның ластануы
159.	Загрузка	тиеу
160.	Задел	дайындама
161.	Зажигание	тұтану
162.	Закладная антенна	салынатын, қоятын антенна
163.	Затухание звука	дыбыстың басылуы
164.	Заправка	күю
165.	Запуск	ұшыру
166.	Запасные части, изделия и приборы	қосалқы бөлшектер, бұйымдар және аспаптар
167.	Запоминающее устройство	жадыда сақтайтын құрылғы
168.	Звездная динамика	жұлдызды динамика
169.	Звездообразный	жұлдыз тәрізді
170.	Земная атмосфера	жер атмосферасы
171.	Зона, центральная	орталық аймақ
172.	Зона, динамическая	динамикалық аймақ



173.	Область воспламенения (газов и паров)	тұтану (газдар мен парлар) саласы
174.	Зона размещения	орналасу аймағы
175.	Зона винтов	винттар аймағы
176.	Зона контролируемых температур	бақылаудағы температуралар аймағы
177.	Зона, концевая	соңғы аймақ
178.	Зондирующая ракета	зондтаушы зымыран
179.	Изменение температуры, резкое	температураның кенет өзгеруі
180.	Изменение температуры, циклическое	температураның циклді өзгеруі
181.	Изменение температуры, постепенное	температураның біртіндеп көтерілуі
182.	Изменение температуры, быстрое	температураның жылдам өзгеруі
183.	Изменение температуры, ступенчатое	температураның сатылап өзгеруі
184.	Изменение давления, быстрое	қысымның өзгеруі, жылдам
185.	Износостойкость	тозуға төзімділік
186.	Импульс, номинальный ударный	номиналды соқпа импульсі
187.	Интенсивность теплообмена	жылу алмасудың қарқындылығы
188.	Интенсивность колебаний	тербеліс қарқындылығы
189.	Интеграция КА с переходником	ҒА өткізгішпен ықпалдасуы

190.	Интеграция узла КА-переходник с верхней ступенью	ҒА торабының жоғары сатылы өткізгішпен ықпалдасуы
191.	Ионизирующее излучение	иондармен қанықтырып сәулелендіру
192.	ионизация атмосферы	атмосфераны иондау
193.	Ионизация молекул Ионосфера	ионосфера молекулаларын иондау
194.	Ионосферный слой	ионосфера қабаты
195.	Информационные космические технологии	ақпараттық ғарыш технологиялары
196.	Искажение, линейное	линиядағы бұрмалау
197.	Испытания работоспособности на орбите	орбитада жұмыс қабілетін сынау
198.	Испытание на воздействие акустического шума	акустикалық шу әсерін сынау
199.	Испытание на взрывную декомпрессию	жарылғыш декомпрессияға сынау
200.	Испытание на давление	қысымға сынау
201.	Испытание на быструю разгерметизацию	жылдам герметикалаудан шығаруға сынау
202.	Испытания, эксплуатационные	эксплуатациялық сынаулар
203.	Испытания, поблочные	блок бойынша сынаулар
204.	Испытания, ускоренные	үдетілген сынаулар
205.	Испытания на холодоустойчивость	суыққа тұрақтылықты сынау



206.	Испытания на явно выраженный резонанс	айқын білінетін резонансты сынау
207.	Испытания, летные	ұшу сынаулары
208.	Испытания на функционирование	жұмыс жасауға сынаулар
209.	Испытания на теплоустойчивость	жылу тұрақтылығына сынау
210.	Испытания, лабораторные	зертханалық сынаулар
211.	Испытания на срок службы	қызмет мерзіміне сынау
212.	Испытания, эксплуатационные	эксплуатациялық сынау
213.	Испытания на воздействие тропических условий	тропикалық жағдайлар әсерін сынау
214.	Камера испытательная	сынау камерасы
215.	Качание частоты	жиілік тербелісі
216.	Колебания, собственные	тербеліс, меншікті
217.	Колебания, установившиеся	орныққан тербеліс
218.	Колебания, круговые	айналма тербеліс
219.	Колебания, вынужденные	мәжбүрлі тербеліс
220.	Командование космодрома	ғарыш айлағының қолбасшылары
221.	Коммерциализация космической деятельности	ғарыш қызметін коммерциаландыру
222.	Комета	комета
223.	Компановка	үйлесім

224.	Комплектующие	жиынтықтауыштар
225.	Комплекс наземного контроля	жерүсті бақылау кешені
226.	Компонента	құрамдауыш
227.	Конвекция, вынужденная	мәжбүрлі конвекция
228.	Конвекция,естественная	табиғи конвекция
229.	Контроль и управление	бақылау және басқару
230.	Координатно-временной	координаттық-уақыттық
231.	Координаты точек падения	құлау нүктелерінің координаттары
232.	Кора Земли	Жер қыртысы
233.	Коротковолновой	қысқа толқынды
234.	Космодром	ғарыш айлағы, ғарыш алаңы
235.	Космонавтика	ғарышнама
236.	Космогония	ғарыштаты
237.	Космология	космология
238.	Космонавт-испытатель	сынаушы-ғарышкер
239.	Космическая деятельность	ғарыш қызметі
240.	Космическое излучение	ғарыштық сәуле әсері
241.	Космический объект	ғарыш объектісі
242.	Космическое пространство	ғарыш кеңістігі
243.	Космическая техника и технологии	ғарыш техникасы мен технологиялары



244.	Космический полет	ғарыштық ұшу
245.	Космического профиля (специалисты)	ғарыш бейініндегі (мамандар)
246.	Космические программы	ғарыш бағдарламалары
247.	Космические снимки высокого разрешения	жоғары шешімді ғарыш түсірілімдері
248.	Космическая инфраструктура	ғарыш инфрақұрылымы
249.	Космический кластер	ғарыш кластері
250.	Космическая среда	ғарыштық орта
251.	Космический аппарат	ғарыш аппараты
252.	Командно-программная документация	басқарушы-бағдарламалық құжаттама
253.	Космическое материаловедение	ғарыштық материал бөлімі
254.	Компьютер слежения и связи	бақылау және байланыс компьютері
255.	Концентрация частиц	бөлшектердің шоғырлануы
256.	Космическая система	ғарыш жүйесі
257.	Космический аппарат	ғарыш аппараты
258.	Координатно-временное обеспечение	координаттық-уақыттық қамтамасыз ету
259.	Космическая геодезическая сеть	ғарыштық геодезиялық желі
260.	Корректирующая информация	түзету ақпараты

261.	Контрольно-корректирующая станция	бақылау-түзету станциясы
262.	Контрольно-проверочная аппаратура	бақылау-тексеру аппаратурасы
263.	Коэффициент корреляции	корреляция коэффициенті
264.	Коэффициент взаимной корреляции	өзара корреляция коэффициенті
265.	Лазерная дальнометрия Луны	айдың лазерлік қашықтығы
266.	Левовинтовая круговая поляризация	солвинттік айналма реттелілгенділігі
267.	Летательный аппарат	ұшу аппараты
268.	Летчик-космонавт	ұшқыш-ғарышкер
269.	Летный состав	ұшқыштар құрамы
270.	Летные исследования	ұшу зерттеулері
271.	Летные ограничения	ұшу шектеулері
272.	Летно-космические испытания	ұшу-ғарыштық сынаулар
273.	Линия связи	байланыс желісі
274.	Линия передачи данных	деректер беру желісі
275.	Логическая микросхема	логикалық микросұлба
276.	Локальный центр приема и обработки информации	ақпаратты қабылдау және өңдеу жеке орталығы
277.	Луна	ай
278.	Магнитометр	магнитометр
279.	Макет	макет, үлгі



280.	Макет, габаритновесовой	габаритті салмақты макет
281.	Макет, весовой	салмақты макет
282.	Максимальное значение величины	мөлшердің ең көп мәні
283.	Малая тяга	аз тарту күші
284.	Малогабаритный	шағынгабаритті
285.	Малошумящий усилитель	азшулы күшейткіш
286.	Маневрирование	маневр жасау
287.	Машина, вибрационная	машина, тербелмелі
288.	Материал, огнеупорный	материал, отқа төзімді
289.	Материал, огнестойкий	материал, отқа берік
290.	Материал, трудносгораемый	материал, жануы қиын
291.	Материал, самозатухающий	материал, өзінен өзі сөніп қалатын
292.	Материал, медленно сгораемый	материал, баяу жанатын
293.	Международный астрономический союз	халықаралық астрономия одағы
294.	Международная организация гражданской авиации	халықаралық азаматтық авиация ұйымы
295.	Международный телекоммуникационный стандарт для передачи аудио-, видео- и других данных по цифровым линиям со скоростью 64 Кбит/с	64 Кбит/с жылдамдығымен сан желілері арқылы аудио-, видео- және басқа ақпараттарды беруге арналған халықаралық телекоммуникациялық стандарт

296.	Международная общеземная отсчетная система	халықаралық жалпы жер есептеу жүйесі
297.	Международная общеземная пространственная система	халықаралық жалпы жер кеңістік жүйесі
298.	Международная геодезическая ассоциация	халықаралық геодезиялық ассоциация
299.	Международная небесная опорная система	халықаралық аспандық тіреу жүйесі
300.	Международная служба вращения Земли	халықаралық Жердің айналу қызметі
301.	Международная геодинамическая GPS служба	халықаралық геодинамикалық GPS қызметі
302.	Межполетный	ұшу арасындағы
303.	Мелкомасштабная турбулентность	шағын масштабты турбуленттік
304.	Метеорологическая ракета	метеорологиялық зымыран
305.	Метагалактика	метагалактика
306.	Метеорит	метеорит
307.	Мобильная региональная дифференциальная станция	ұтқыр өңірлік дифференциалдық станция
308.	Механизм наведения антенны	антеннаны бағыттау тетігі
309.	Мобильная лаборатория	ұтқыр зертхана
310.	Многоуровневая система	көп деңгейлі жүйе
311.	Многослойная изоляция	көпқатпарлы изоляция (ажырату)



312.	Множественный доступ с кодовым разделением	кодтық бөлумен көпше рұқсағ
313.	Модель атмосферы	атмосфера үлгісі
314.	Модернизация	жаңғырту
315.	Модифицированный спутник	өзгертілген, түрлендірген спутник
316.	Монтаж ракеты	зымыранды жинақтау, құрастыру
317.	Наблюдения с помощью спутников	жерсеріктерінің көмегімен байқау
318.	Наблюдения за верхней атмосферой	жоғары атмосфераны байқау
319.	Набор протоколов для обеспечения защиты данных, передаваемых по межсетевому протоколу IP	IP желіаралық хаттамасы арқылы берілетін, ақпараттардың қорғалуын қамтамасыз етуге арналған хаттамалар жинағы
320.	Нагрузка, динамическая	динамикалық жүктеме
321.	Нагрузка, вибрационная	вибрациялық жүктеме
322.	Национальная геодезическая сеть	ұлттық геодезиялық желі
323.	Навигационный космический аппарат	навигациялық ғарыш аппараты
324.	Наземный комплекс управления	жерүсті басқару кешені
325.	Навигация	навигация
326.	Наведение	бағыттау, бұру

327.	Нагрузка	жүктеме
328.	Наземная	жерүсті
329.	Наземный комплекс управления КА	ғарыш аппараттарын жерүсті басқару кешені
330.	Наземная космическая инфраструктура	жерүсті ғарыш инфрақұрылымы
331.	Наземное испытательное оборудование	жерүсті сынау жабдығы
332.	Наземный комплекс управления	жерүсті басқару кешені
333.	Наземный целевой комплекс	жерүсті мақсатты кешені
334.	Наземный центр управления	жерүсті басқару орталығы
335.	Наземный целевой центр	жерүсті мақсатты орталығы
336.	Наземная станция целевой связи воздух-земля	ауа-жер жерүсті мақсатты байланыс станциясы
337.	Наукоемкий	ғылымды қажетсінетін
338.	Небесная механика	аспан механикасы
339.	Невесомость	
340.	Непрерывная турбулентность	үздіксіз турбуленттік
341.	Неотделимые улучшения	ажырамас жақсартулар
342.	Нижняя атмосфера	төменгі атмосфера
343.	Низкоорбитальный	төменгі орбиталық
344.	Низкая околоземная орбита	төменгі жер маңындағы орбита
345.	Низкая точность	дәлдігі төмен



346.	Низкая околоземная орбита	төменгі жерге жақын орбита
347.	Нормы испытаний	сынау нормалары
348.	Область высот	биіктік салалары
349.	Облачный покров	бұлт жабындысы
350.	Обледенение	мұздану, мұз қату, мұз болып қалу
351.	Оборудование, бортовое	борттық жабдық
352.	Оборудование, амортизируемое	амортизацияланатын жабдық
353.	Оборудование, теплорассеивающее	жылуды әлсіздіретін жабдық
354.	Оборудование, испытываемое	сынайтын жабдық
355.	Орбиты и маневрирование	орбиталар және маневр жасау
356.	Образование озона в атмосфере	озонның атмосферада түзілуі
357.	Образец, опытный	тәжірибелік үлгі
358.	Обтекатель	ағынпаз, ауа жарғыш
359.	Объем камеры, рабочий	камераның көлемі, жұмыс
360.	Огнеупорность	отқа төзімділік
361.	Огнестойкость	отқа беріктілік
362.	Ограничитель	шектегіш
363.	Одиночная постоянно работающая станция	жалғыз тұрақты жұмыс істейтін станция
364.	Однородная турбулентность	бір қалыпты турбуленттік

365.	Однородная атмосфера	бір қалыпты атмосфера
366.	Околосемная	жер шары маңындағы, Жер төңірегіндегі
367.	Оперативные каналы связи	жедел байланыс арналары
368.	Орбитально-частотный	орбиталық-жиілік
369.	Освещение, искусственное	жасанды жарықтандыру
370.	Освещение, естественное	табиғи жарықтандыру
371.	Основной отражатель	негізгі шағылтқыш
372.	Отделяющиеся части РН	ЗТ бөлінетін бөліктері
373.	Отсек, пожароопасный	отқауіпті бөлік
374.	Отсек с регулируемой температурой	температурасы реттелетін бөлік
375.	Отсек оборудования	жабдықтар бөлігі
376.	Отсек, герметизированный	герметикаланған бөлік
377.	Отсек с нерегулируемой температурой	температурасы реттелмейтін бөлік
378.	Отсек, негерметизированный	герметикаланбаған бөлік
379.	Пиковое значение величины	мөлшердің шарықтау шегі
380.	Пилотный проект	пилоттық жоба
381.	Плотность перфорации	перфорациялар тығыздығы
382.	Плотность теплового потока, интегральная	жылу ағынының интегралдық тығыздығы
383.	Плотность звуковой энергии	дыбыс энергиясының тығыздығы



384.	Плотность спектральная	спектрлік тығыздық
385.	Плотность ультрафиолетовой части излучения	сәулеленудің ультракүлгін бөлігінің тығыздығы
386.	Площадные поправки	
387.	Поддиапазон частот	жиіліктің кіші диапазондары
388.	Позиционирование	жайғастыру
389.	Полезный груз	пайдалы жүк
390.	Полет на низкой околоземной орбите	төменгі жерге жақын орбитада ұшу
391.	Полетное время	ұшу уақыты
392.	Поочередный полет	кезекпен ұшу
393.	Посадка	қону
394.	Посадочная площадка	қону алаңқайы
395.	Последовательность проведения испытаний	сынаулар жүргізу реттілігі
396.	Потеря радиосвязи	радиобайланыстың үзілуі
397.	Поясное время	белдік уақыт
398.	Правовое положение космонавта	ғарышкердің құқықтық жағдайы
399.	Предполетный отдых	ұшу алдындағы демалыс
400.	Предпроектные	жоба алды
401.	Преобразовать	қайта өзгерту, өңдеу, айналдыру
402.	Преобразователь	өңдегіш

403.	Приборы и оборудования космического назначения	ғарыштық мақсаттағы аспаптар мен жабдықтар
404.	Привязка	байланыс
405.	Прикладные	қолданбалы
406.	Приемник канала передачи данных	ақпарат беру арнасының қабылдаушы
407.	Приемный блок линии передачи данных	деректер беру желісінің қабылдау блогы
408.	Принцип равенства	тепе-теңдік қағидатында
409.	Приоритетный	басым
410.	Пристройка	жалғастыра салынған жай
411.	Прогноз	болжам
412.	Программируемая пользователем	тұтынушы бағдарлайтын
413.	Проектно-сметные работы	жобалау-сметалық жұмыстар
414.	Проливы компонентов ракетного топлива	зымыран отыны компоненттерінің төгілуі
415.	Прорыв в этом направлении	бұл бағыттағы серпіліс
416.	Прорыв	бұзып-жарып өту
417.	«Прорывные» проекты	серпінді жобалар
418.	Процесс	процесс, үрдіс
419.	Прямой сброс	тұра лықсыма
420.	Проверка готовности к вызову на старт	стартқа шақыру дайындығын тексеру



421.	Проверка готовности к запуску	ұшуға дайындықты тексеру
422.	Псевдошум	лақапшу
423.	Правовинтовая круговая поляризация	оңвинттік айналма поляризациясы
424.	Пуск/запуск	іске қосу/ұшыру
425.	Пускатель	жүргізгіш, босатқыш
426.	Пусковая установка	іске қосу қондырғысы
427.	Параметры вращения Земли	Жердің айналу параметрлері
428.	Параметры Земли 1990 года	Жердің 1990 жылғы параметрлері
429.	поглощающие свойства атмосферы	атмосфераның сіңіріп алу қасиеттері
430.	Подсистема информационного обмена	ақпараттық алмасудың кіші жүйесі
431.	Проект стандартной атмосферы	стандартты атмосфераның жобасы
432.	Проект в области сетевых технологий, взаимодействие открытых систем	желілік технологиялар саласындағы жоба, ашық жүйелердің өзара қатынасы
433.	Псевдошумовой кодовый сигнал ГНСС NAVSTAR	ГНСС NAVSTAR лақап шулы кодты дабыл
434.	Постобработка	өндеуден кейінгі
435.	Подсистема прецизионных послесеансных определений	прецизиондық сеанстан кейінгі анықтаулардың кіші жүйесі
436.	Подсистема региональных дифференциальных коррекций	өңірлік дифференциалдық түзетулердің кіші жүйесі

437.	Подсистема широкозонных дифференциальных коррекций	кең аймақты дифференциалдық түзетулердің кіші жүйесі
438.	Пусковое сопротивление	іске қосу кедергісі
439.	Работоспособность оборудования	жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі
440.	Рабочие значения климатических факторов	климат факторларының жұмыс мәндері
441.	Ракетноситель	зымыран-тасығыш
442.	Радиомаяк	радиошамшырақ
443.	Радиолокационные данные	радиолокациялық деректер
444.	Радиорелейная станция	радиорелелік станция
445.	Радиоэлектронные средства	радиоэлектрондық құралдар
446.	Радиотехническая комиссия по авионавтике	аэронавтика жөніндегі радиотехникалық комиссия
447.	Радиотелеметрические данные	радиотелеметриялық деректер
448.	Радиозонд	радиозонд (шолғы, бұрғы, әуе шары)
449.	Разгон	үдемелі айдау
450.	Разреженная атмосфера	сиретілген атмосфера
451.	Ракетно-космические	ғарыш-зымыран
452.	Ракетный комплекс	зымыран кешені
453.	Разгонные блоки	үдемелі айдау блоктары
454.	Режим испытаний, заданный	сынау режімі, берілген



455.	Районы падения отделяющихся частей ракетоносителей	зымыран-тасығыштардан бөлініп шыққан бөліктердің құлау аудандары
456.	Реконструкция	қайта құру, бұрынғы қалпына келтіру, қайта жаңғырту
457.	Салазки, ракетные	зымыран жылжыма бөлшегі
458.	Сборка космического аппарата	ғарыш аппаратын құрастыру
459.	Свеча, запальная	тұтандырғыш білте
460.	Сгонно-нагонные явления	айдау-желқума құбылыстары
461.	Сеть подспутниковых полигонов	спутникке қарасты полигондар желісі
462.	Сетевая передача RTSM-поправок посредством Интернет протокола	интернет хаттамасы арқылы RTSM-түзетулерін желілік беру
463.	Сектор стандартизации Международного союза электросвязи	Халықаралық электрлік байланыс одағын стандарттау секторы
464.	Сетевой протокол туннелирования канального уровня, сочетающий в себе протокол L2F	L2F хаттамасын үйлестіретін арналық деңгейдің туннелдеу желілік хаттамасы
465.	Система установки и управления орбит	орбиталарды орнату (белгілеу) және басқару жүйесі
466.	Система поглощения и восстановления данных	деректерді сіңіру және қалпына келтіру жүйесі
467.	Система измерений	өлшем жүйесі
468.	Система отсчета времени и частоты	уақыт пен жиілікті есептеу жүйесі

469.	Система высокоточной спутниковой навигации	жоғары дәлдікті спутниктік навигация жүйесі
470.	Система отсчета	есептеу жүйесі
471.	Система связи в стандарте GSM по технологии GPRS	GPRS технологиясы бойынша GSM стандартындағы байланыс жүйесі
472.	Системы спутниковой радионавигации	спутниктік радионавигация жүйелері
473.	Система охлаждения, встроенная	салқындату жүйесі, ішіне орнатылған
474.	Система циклического действия, противо-обледенительная	циклдік әсерету жүйесі, мұздануға қарсы
475.	Система, амортизирующая	амортизациялау жүйесі
476.	Скорость вращения	айналу жылдамдығы
477.	Слоистость атмосферы	атмосфераның қабаттылығы
478.	Содержание влаги	ылғал мөлшері
479.	Содержание озона	озон мөлшері
480.	Созвездие	шоқжұлдыз
481.	Солнечное излучение	күн сәулеленуі
482.	Сопровождение КА	ҒА сүйемелдеу
483.	Сопротивление истиранию; стойкость, абразивная	ұнтақтауға кедергі; абразивті тұрақтылық
484.	Состав воздуха	ауа құрамы
485.	Состав атмосферы	атмосфераның құрамы

486.	Составляющая атмосферы	атмосфераның құрамдауышы
487.	Составляющие, дискретные (спектра шума)	дискретті (шу спектрі) құрамдауыштар
488.	Составные части	құрамдас бөлшектер
489.	Состояние, стационарное	стационарлық жағдай
490.	Состояние, вибрационное	діріл жағдайы, күйі
491.	Состояние, нерабочее	жұмысқа жарамсыз жағдай
492.	Состояние, рабочее	жұмыс жағдайы
493.	Спектр ударного воздействия, первоначальный	соғып әсер ету спектрі, бастапқы
494.	Спектр ударного воздействия, остаточный	соғып әсер ету спектрі, қалдық
495.	спектр вибрации образца при испытании на удар	соғуға сынаған кезде үлгі дірілінің спектрі
496.	Спектр звука	дыбыс спектрі
497.	Спектр звукового давления	дыбыс қысымының спектрі
498.	Спектр излучения, ультрафиолетовый	Сәулелену спектрі, ультракүлгін
499.	Спектр поглощения	сіңіру спектрі
500.	Сплошная среда	тұтас орта
501.	Спускаемые капсулы	қонатын капсулалар
502.	Средняя эллиптическая орбита	орташа эллипстік орбита
503.	Средства выведения	шығару құралдары

504.	Средства наземной поддержки КА	ҒА жерүсті қолдау құралдары
505.	Средство охлаждения, специальное	арнайы салқындату құралы
506.	Стабилизация температуры	температураны тұрақтандыру
507.	Стартующий	мәреден шығатын
508.	Стартовый комплекс	старт алу кешені
509.	Стартовая позиция	старттық позиция
510.	Стенд многокомпонентный	көп құрамды стенд
511.	Стойкость, коррозионная	коррозияға тұрақтылық
512.	Ступени ракеты	зымыранның сатылары
513.	Ступени средств выведения	шығару құралдарының сатылары
514.	Стандартная атмосфера	стандартты атмосфера
515.	Станция интегрального контроля	интегралды бақылау станциясы
516.	Стыковка	түйісу
517.	Стыковка верхней ступени с ракетой	жоғары саты мен зымыранның түйісуі
518.	Таблица стандартной атмосферы	стандартты атмосфераның кестесі
519.	Телепорт космической связи	ғарыштық байланыс телепорты
520.	Термосфера	термосфера
521.	Температурная инверсия	температуралық инверсия
522.	Тепловой вакуум	жылу вакуумы



523.	Тепловое излучение	жылулық сәулелену
524.	Техническое задание	техникалық тапсырма
525.	Технология виртуальной базовой станции	виртуалды базалық станцияның технологиясы
526.	Технологическое оборудование	технологиялық жабдық
527.	Телеметрическая информация	телеметрлік ақпарат
528.	Телеметрия и управление	телеметрия және басқару
529.	Температура стенок камеры	камера қабырғаларының температурасы
530.	Температура, повышенная	жоғары температура
531.	Температура оборудования	жабдық температурасы
532.	Температура, конечная	соңғы температура
533.	Температура воспламенения	тұтану температурасы
534.	Температура, начальная	бастапқы температура
535.	Температура, предельно допустимая	шекті рұқсат етілген температура
536.	Температура, нормальная	нормадағы температура
537.	Температура, рабочая	жұмыс температурасы
538.	Температура, допустимая	рұқсат етілген температура
539.	Температура, пониженная	төмен температура
540.	Точка стояния для КА	ҒА үшін тоқтап тұру нүктесі
541.	Турбулентность при ясном небе	ашық аспан кезіндегі турбуленттік

542.	Турбулентный ветер	турбуленттік жел
543.	Угловая скорость вращения Земли	Жердің айналуының бұрыштама жылдамдығы
544.	Универсальная космическая платформа	әмбебап ғарыш тұғырнамасы
545.	Универсальное координированное время	әмбебап координаттық уақыт
546.	Уровень герметизации	герметикалау деңгейі
547.	Уровень интенсивности звука	дыбыс қарқындылығының деңгейі
548.	Уровень звуковой мощности	дыбыс қуатының деңгейі
549.	Уровень звукового давления	дыбыс қысымының деңгейі
550.	Уровень, стандартный	стандартты деңгей
551.	Уровень, нормирующий	нормалайтын деңгей
552.	Уровни вибрации при жестких испытаниях	қатты сынаулар кезіндегі дірілдің деңгейі
553.	Уровни вибрации при стандартных испытаниях	стандартты сынаулар кезіндегі дірілдің деңгейі
554.	Усиленный летный экипаж	күшейтілген ұшу экипажы
555.	Установка, испытательная	сынау қондырғысы
556.	Устойчивость к циклическому изменению температуры	температураның циклдік өзгеруіне тұрақтылық
557.	Фронт волны	толқын фронты
558.	Функция, взаимнокорреляционная	өзара корреляциялық функция



559.	Функционально-грузовой блок	функционалдық жүк блогы
560.	Характеристики, динамические	динамикалық сипаттамалар
561.	Характеристики, массово-инерционные	массалық-инерциялық сипаттамалар
562.	Характеристики, эксплуатационные	эксплуатациялық сипаттамалар
563.	Характеристики, резонансные	резонанстық сипаттамалар
564.	Характеристики, тепловые	жылу сипаттамалары
565.	Характеристика направленности	бағыттылық сипаттамасы
566.	Характеристика, частотная	жиілік сипаттамасы
567.	Хемосфера	хемосфера
568.	Центр сбора информации	ақпарат жинау орталығы
569.	Центральное электронное плато	орталық электрондық плато
570.	Цифровизация	цифрландыру
571.	Целевая аппаратура	мақсатты аппаратура
572.	Целевая информация	мақсатты ақпарат
573.	Центр управления полетом	ұшуды басқару орталығы
574.	Центр слежения и связи	байқау және байланыс орталығы
575.	Центр постановки задач и обработки изображения	міндеттерді қою және бейнелерді өңдеу орталығы
576.	Часовой пояс	сағат белі
577.	Частотно временная поправка	жиілік уақыттық түзету

578.	Шар-пилот	ұшқыш-шар
579.	Шум, акустический	акустикалық шу
580.	Шум, полосовой	алапты шу
581.	Шум пограничного слоя	шектес қабаттың шуы
582.	Шум выхлопной струи	пайдаланылған газ ағынының шуы
583.	Шум, прерывистый	үзік, шу
584.	Шум, стационарный	стационарлы шу
585.	Эфемеридно временная информация	құбылмалы уақытты ақпарат
586.	Экспериментально-демонстрационный фрагмент	эксперименттік-демонстрациялық фрагмент
587.	Эквивалентная изотропно излучаемая мощность	баламалы изотропты сәуле тарататын қуат
588.	Элементы оборудования	жабдықтың элементтері
589.	Эскизный проект	нобайлық жоба
590.	Эксплуатационные условия при акустическом воздействии	акустикалық әсер кезіндегі эксплуатациялық жағдайлар
591.	Энергия, звуковая	дыбыс энергиясы
592.	Японская широкозонная дифференциальная подсистема	жапондық кең аймақтық дифференциалдық кіші жүйе



Аналемма – Егер оның тұратын жерін күн сайын тәуліктің бір уақытында белгілеп отырғанда, аспанда Күн жыл бойы сызатын қисық сызық. Оның бейнесі жұлдызды аспанның ескі глобустарында немесе күн сағаттарында жиі кездеседі.

Ангстрем - Андерс Йонос Ангстрем швед астрономының атымен – (A. J. Angstrom 1814-1874) – метрдің 10 000 000 000 үлесіне тең ұзындық бірлігі, Электр магниттік сәулелену толқындарының ұзындығын, әсіресе оның спектрінің ультракүлгін диапазонында өлшеу үшін қолданылады.

Антропный принцип - антропты (грек. anthropos – адам) қағида

Антропты қағида, Адам Әлемді қандай болса, солай көреді. Егер Әлем басқа болса, онда Адам болмаушы еді және оны ол көрмеуші еді.

Апекс (лат. apex – бас жағы, ұшы);

Белгілі бір уақытта осы не өзге ғарыш объектісі оған қарай қозғалып келе жатқан аспан сферасының нүктесі апекс деп аталады. Оған қарама қарсы нүкте антиапекс деп аталады.

Апогей (грек. apo – онысыз немесе одан алыста, ge – Жер);

Жерден ең алыс орналасқан эллиптикалық жер маңындағы орбитадағы нүкте.

Армиллярная сфера – армиллярлық сфера – (лат. Armilla – сақина);

Қозғалмалы құрсаулар мен дисктерден тұратын, үстел үстіне қоятын құрылғы. Ол аспан сферасын, сондай-ақ сфералық астрономияда пайдаланылатын нүктелерді, сызықтар мен кеңістіктерді көрнекі елестету үшін арналған.

Астеризм (грек. asteri – жұлдыз) – астерилық

Осы жұлдыздар енетін шокжұлдыздың атынан ерекше, өзінің дербес атауы бар бір топ жарық жұлдыз. Мысалы, Жеті қарақшы, Наприме^р, “Кови”, “Пояс Ориона”, “Плеяды” в созвездиях Большой Медведицы, Ориона и Тельца соответственно.

Астрология (астро және грек. logos – оқу) – астрология – шоқжұлдыздарға қатысты аспан сферасында Күннің, Айдың және басқа планеталардың орналасуы жекелеген адамдардың, халықтардың және барлық адамзаттың тағдырына әсері туралы түсінік негізін қалайтын оқу. Астрологтар адам туған сәтте аспан шырақтарының және туған жерінің координаттарының орналасуымен байланысты нақты адамның мінезі мен тағдырын болжайды.

Астролябия (астро... және грек. labe – басып алу)

Мың жыл бұрын ойлап тапқан және астрономияда XVIII ғасырдың аяғына дейін қолданылған бұрыш өлшейтін аспап. Астролябияның секстантпен (бұрыш өлшейтін аспап) ұқсастығы көп.

Астрономическая единица – астрономиялық бірлік – Жерден Күнге дейінгі орта қашықтыққа тең – 149 505 000 км. Ұзындық бірлігі. Ол Күн жүйесінде қашықтықты өлшеу үшін қолданылады.

Астрономическая навигация – астрономиялық навигация (лат. navigo – теңізде жүзу) кез келген уақытта аспандағы шырақтардың орналасуы туралы мәліметтер негізінде дұрыс бағыт табуға мүмкіндік береді.

Астрофизика – астрономияның, ғарыш объектілерінің физикалық қасиеттерін, химиялық құрамын және эволюциясын зерттейтін бөлімі. Практикалық астрофизика астрофизикалық өлшеулер техникасына қатысты. Теориялық – жұлдыздардың ішкі құрылысын, олардың энергиясының көздерін, жұлдызды және планеталық атмосфераның құрылысы мен құрамын, планетааралық ортаның қасиеттерін және т.б. зерттейді.



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің ұсыныстары

«Телефон», «декларация» сияқты сөздер «телефон», «декларация» деген нұсқаларында қалдырылуы керек, өйткені бұл сөздер латын тілінен шыққан сөздер, олар барлық елдерде осы түрде қолданылады: «telephone», «declaration». Сондай-ақ «посттаможенный контроль» деген сөйлемдегі «посттаможенный» деген сөз «посткедендік» деп аударылсын деп атап көрсетілді.

р/б №	Терминнің орыс тілдегі атауы	Ұсынылған атауы
1	Декларация:	Декларация
2	Грузовая таможенная декларация	Жүк кедендік декларация
3	Временная или неполная таможенная декларация	Уақытша немесе толық емес кедендік декларация
4	Пассажирская таможенная декларация	Жолаушылардың кедендік декларациясы
5	Декларирование:	Декларациялау:
6	Предварительное декларирование	Алдын ала декларациялау
7	Периодическое декларирование	Мерзімдік декларациялау
8	Временное декларирование	Уақытша декларациялау
9	Таможенная граница	Кедендік шекара
10	Акцизный таможенный пост	Акциздік кеден бекеті
11	Ставки таможенных пошлин	Кедендік баж ставкалары
12	Брокер таможенный	Кеден брокері
13	Ввозные таможенные пошлины	Әкелу кедендік бажы
14	Вывозные таможенные пошлины	Әкету кедендік бажы

15	Внутренний таможенный транзит (ВТТ)	Ішкі кедендік транзит (ІКТ)
16	Таможенный контроль	Кедендік бақылау
17	Декларирование товаров	Тауарларды декларациялау
18	Осмотр таможенный	Кедендік қарау
19	Досмотр таможенный	Кедендік тексеріп қарау
20	Зона таможенного контроля	Кедендік бақылау аймағы
21	Таможенная стоимость	Кедендік құн
22	Корректировка таможенной стоимости	Кедендік құнды түзету
23	Таможенные льготы	Кедендік жеңілдіктер
24	Таможенные преференции	Кедендік преференциялар
25	Таможенные платежи и налоги	Кедендік төлемдер мен салықтар
26	Посттаможенный контроль	Посткедендік бақылау

Республикалық терминологиялық комиссия бекіткен кедендік терминдерге жатпайтын, бірақ кеден саласында жиі қолданылатын «критерий» деген терминнің «өлшем» деген мемлекеттік тілдегі нұсқасын «критерий» деп қайта бекіту туралы ұсыныс енгізеді, өйткені «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 31 қаңтардағы №124-ІІІ Заңында бұл сөз осы нұсқада қалдырылған, ал кеден органдары сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен жұмыс барысында аталған Заңға жиі жүгінетіндіктен, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, іс жүргізу кезінде келіспеушіліктер туындап, жұмысты қиындатады.



Байынқол Қалиұлы,
филология ғылымдарының докторы,
профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

**Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын
 жақсартуға (жетілдіруге) байланысты ұсыныстарым**
 (немесе жүз рет өлшеп, бір рет кессек)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясы сонау 1936 жылдан бастап күні бүгінге дейін үздіксіз жұмыс істеп келе жатыр. Бұл бағыттағы қол жеткізген жетістіктеріміз бен табыстарымыз да, олқы тұстарымыз да аз емес. Бұл мақалада біз қазақ терминдеріне байланысты жетістіктеріміз туралы емес (жетістіктерімізді ешкім тартып алмайды), онда кеткен кейбір олқы тұстарымызға ғана тоқталып, сол олқылықтарды жоюға қатысты өз ойымызды ортаға салғанды жөн көріп отырмыз.

Шындығын айталық, біздер қазақ терминшілері жаңадан термин жасаудың орнына көбінесе орыс тіліндегі терминдерге (сөздерге) қазақ тілінен оған барабар келетін балама іздеуді әдетке айналдырып алдық және ылғи солай істеп келеміз. Сондықтан болар, термин жасау үшін соңғы кезде әдеби тілдің сөздік қоры жетіспей жүргендігі байқалады. Соның салдарынан қазақтың бір сөзін бірнеше орысша терминге болама етіп жүрміз. Мыс: **Бағдар** – 1) ориентация, 2) установка; **Жәрдемақы** – 1) субсидия, 2) пособие; **Қалтырау** – 1) лихорадка, 2) озноб; **Нұсқау** – 1) указание, 2) инструкция, 3) установка; **Рәсім** – 1) церемония, 2) процедура т.б. (Бұлардың бәрін біз 2004 ж. шыққан Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігінен алып отырмыз – Б. Қ.).

Егер біз термин жасау үшін тек әдеби тілдің материалдарынан ғана емес, сонымен бірге кәсіби сөздер мен жергілікті (диалекті) сөздердің, көне сөздердің және өзімізбен туыс түркі тілдерінің лексикалық қорларын пайдаланатын болсақ, онда бұл мәселенің шешімі жеңілдеген болар еді деп ойлаймыз.

Бұл бағыттағы ең тиімді тәсіл – қазақ тілінің сөзжасам теориясына сүйене отырып, жаңадан қазақша термин жасау. Ол үшін қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі жарамды. Әсіресе түбір сөздерге тиісті жұрнақтарды жалғау арқылы термин жасау тәсілдері ұйымды болып шығары сөзсіз. Болмаса екі түбірді біріктіру, кіріктіру немесе тіркестіру

арқылы жасалған терминдердің тұлғалық жақтарының да, мағыналық жақтарының да мүмкіндіктері мол. Мыс: *ауыс+ым, бұра+у+ыш, ажыра+т+қыш, баян+ат, жалқы+есім, дәйек+сөз, сөз+тізбе, бейне+жазба; қара өлең, төлеу сөз т.б.* Сондай-ақ, сөзжасамда семантикалық тәсілдің де маңызы зор.

Мұндай тәсілдер мәселе бермеген жағдайда ғана басқа тілдермен термин (сөз) алуға болады. Бірақ шет тілдерден термин алудың өз тәсілі бар. Бұған дейінгі тәжірибеміздегідей шет тілі терминдерін олар өздері қалай жазса, солай айтып, қалай айтса, солай жазып алуға болмайды. Қажетті шетел терминдерін өз тіліміздің дыбыстау заңдылықтарына бағындырып алуымыз керек. Мыс: *аспект > әспекті, режим > режім, рельеф > релеп, термин > термін, статус > ыстатұс, фаянс > пайаныс, электр > электр т.б.*

Қазақша термин жасау мәселесінде мына нәрсені де ойластырғанымыз жөн:

Орыс тіл білімінде термин жасайтын арнаулы тілдік форманттар, элементтер бар. Біз ондай форманттар мен элементтерді әлі қалыптастыра қойған жоқпыз. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ш. Құрманбайұлы бұл мәселені дұрыс көтеріп жүр. Егер біз де қазақ тілі терминдері үшін орыс тіліндегідей арнаулы тілдік форманттар мен элементтерді қалыптастыратын болсақ, термин жасау ісі ілгері басқан болар еді.

Қазақ тілінің терминжасам тәжірибесіне көңіл қойсақ, мұндай форманттар мен элементтердің кейбір нұсқаларын кездестіруге болады. Мәселен, *Ахмет Байтұрсынұлы* термин жасауда егер ол жанды зат болса, **-шы/-ші** жұрнағын (мыс., *жұмыс+шы*), ал жансыз зат болса, **-ыш/-іш** жұрнағын (мыс: *баста+у+ыш*) қосқан.

Сонғы кездері термин жасауда қазақ тілінің **-ым/-ім/-м, -қыш /-кіш, -ма/-ме, -ба/-бе, -ат/-ет/-т, -ақ/-ек/-к/-к, -нама/-неме т.б.** жұрнақтары жүрдектік танытып жүр. Сондай-ақ, өздерінің лексикалық мағыналарынан жартылай айырылып барып, кейбір сөздерге қосылған түбір сөздер де (мәселен, шөп, гүл, қурай, бұта, ағаш т.б.) термин жасауда форманттық қызмет атқара алады. Мыс: *сұран+ым, көрсет+кіш, сарапта+ма, тұла+т, (формант), ұш+ақ, жарна+ма; өгей+шөп, кербез+гүл, сарбас+қурай, көп+бұта, сар[ы]+ағаш т.б.* Тағы басқа бұлар сияқты форманттарды термин жасауда қолданғанымыз жөн.

«Орысша-қазақша, қазақша-орысша терминдер мен атаулар сөздігін» (Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігі. Алматы, 2004)



түзуші Ш. Құрманбайұлы мен С. Сапиналар терминдерді бекіту кезінде қате кеткен, алдағы уақытта қайта қарап, бірізділікке түсіруді қажет ететін терминдер мен атаулар жайында дұрыс мәселе көтерген (қараңыз: Сөздіктің 170-беті). Шындығында да, терминком бекіткен терминдердің ішінде әттеген-ай дейтін біраз терминдер кездеседі.

Мәселен, терминком «мемуар» сөзін – *ғұмырнама*, «мемуаристі» – *мемуаршы* деп бекіткен. Мұнда ешқандай жүйе жоқ. Түбір сөз – қазақша, сол сөзден жасалған туынды сөз – орысша. «Книгообеспеченность» деген сөз – *кітаппен қамтамасыздандыру* деп аударыпты. Қазақ тілінің грамматикасы бойынша *-сыз* жұрнағы жоқтықты білдіреді. Ендеше, жоғарғы тіркесім *кітаппен қамту* немесе *кітаппен қамтамалау* болу керек емес пе еді?! «Ценовые предположения» деген термин *баға ұсыныстары* деп аударылған. «Предположения» деген *ұсыныс* па екен? Сондай-ақ, «принцип» сөзі онда *қағидат* деп аударылыпты. Бізге салса, принцип дегенді *қағидат* деп емес, *ұстаным* деп алған дұрыс еді. Терминкомның «форма» сөзін *нысан* деп бекітіп беруі де көңілге қонбайды. Тілімізде *нысан* сөзі «объект» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр. Ал «форма» сөзі тілде көбінесе *тұлға* (сонда формат сөзі – *тұлғат* болады) деп алынып жүргендігі белгілі. Мемтерминком бекіткен сөздіктің екінші бір жерінде «форма» сөзі *түр* делініп те аталыныпты. Мыс: содержание и *форма* – мазмұн және *түр* (139-б).

Бір кезде өзі бекіткен, нәтижесінде әбден қалыптасып кеткен *дәрісхана* атауын Мемтерминкомның қайтадан «аудитория» деп бекітіп беруін де құптауға болмайды. Өзгертушілердің сондағы тілге тиек еткен дәлелі – «аудитория» сөзінің «дәріс өтетін орын» деген мағынасынан басқа оның «жиналған қауым, көпшілік» деген де мағынасы бар, – дейді. Ол аз болғандай «*дәрісхана* сөзі» жиналған қауым, көпшілік «деген мағынаны бере алмайды», дейді тағы да.

Қазақ «жиналған қауым, көпшілік» деген ұғымды «аудитория» деп атамайды. Олай дейтіндер – орыс халқы. Қазақ бұл ұғымды айтқысы келсе, оны *қалайық, қауым, көпшілік, жұртшылық* деген сөздердің бірін таңдайды. Ал орыс тілді қазақтар әдеттенген дағдысына салып, әлгі ұғымды «аудитория» сөзімен айтса, соған бола жап-жақсы қалыптасып кеткен *дәрісхана* сөзінен бас тартып, қайтадан орыстың «аудитория» сөзіне барғанымыз, әрине, дұрыс болмаған.

«Лицензия» терминнің де жағдайы дәл осындай. Оны бір кезде (1999 ж.) терминком *рұқсат қағаз* деп бекітіп берген. «Ойбай, бұл сөздің қазақша баламасы «виза», «пропуск» сөздерінің баламаларымен шата-

сып кетеді екен деген желеумен ол сөз қайтадан «лицензия» деп бекітілді. «Визаны» – *бұрыштама*, «пропускіні» – *рұқсат қағаз*, «лицензияны» – *рұқсатнама* деп бекітіп беруіне болатын еді ғой.

«Автор» сөзін терминкомның «автор» деп бекітіп беруін «Қазақша шығармашылықпен айналысатын адам жоқ» дегенмен бірдей. Әйтпесе неге «автор» сөзінің қазақша баламасын іздеп таппасқа?! Бұл сөздің қазақша баламасын тауып, оны қолданып жүрген адамдар жоқ емес, бар. Тек оларға құлақ асып жатқан ешкім жоқ. Менің қалта кітапшамда «автор» сөзінің *төлие*, *шығармашы* деген екі түрлі баламасы жазылыпты. Осылардың біреуін таңдауымызға әбден болады.

Менің түсінігімше, Мемлекеттік терминология комиссиясының басты міндеті – орысша терминдерді бекітіп беру емес, тек қазақша терминдерді ғана бекітіп беру – деп білемін. Орысша терминдерді терминком бекітіп бермесе де, өзін білімді санап жүрген оқығандардың біразы оларды олсыз да орысша қолданып жүрген жоқ па?! Егер терминком терминдердің тек қазақшаларын ғана бекітіп берсе, орысша терминдерді қолдану сәл болса да саябырсыған болар еді.

Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы мемлекеттік терминкомының бұған дейін орысша терминдерді де бекітіп беріп жүргендіктерін қолдауға болмайды. Терминком бекіткен терминдердің ішінде мұндай орысша терминдердің саны өте көп. Мысалы (Тым көп болып кетпес үшін мысалдарды тек II әріпімен басталатын терминдерден ғана алалық): *панфлет*, *пародия*, *патент*, *пафос*, *пергамент*, *пласт*, *пленка*, *повесть*, *полиграфия*, *поэма*, *преамбула*, *прозаик*, *пролог*, *публицист*, *пьеса* т.б.

Терминком бекіткен терминдердің ішінде бір терминге екі балама ұсынылып, олардың бірі – орысша, екіншісі – қазақша болып келетіндігі де миға қонбайды. Бұл не? Терминдерді жүйелеу, реттеу ме, жоқ әлде елді шатастыру ма?! Мысалы (Тағы да тек II әріпінен басталатынын ғана келтірелік): **пакет** – пакет, бума; **паралич** – паралич, сал; **пейзаж** – пейзаж, табиғат суреті; **позитивное** – позитивті, оң; **полисемия** – полисемия, көп мағына; **проект** – проект, жоба; **процесс** – процесс, үдеріс т.б.

Мұндайлардың тек қазақша сыңаларын ғана бекіткен дұрыс. Егер бірі – орысша, екіншісі – қазақша болып келген жағдайда әлгі терминдерді пайдаланушылар олардың тек орысшасын ғана қолданады да, ал оның қазақша сыңары сол жерде қалып қояды. Бұлайша «қазақша терминдерді бекітіп бердік» деп халықты алдаусыратуға болмайды.

Терминком бекіткен терминдерде тағы бір үлкен кемшілік бар. Ол – терминком бір орысша терминді қазақшалап бекітеді де, дәл сол термин-



нен жасалған туынды немесе күрделі терминдерге келгенде әлгі орысша терминді сол бұрынғы орысша күйінде қолданады. Мәселен, Мемтерминком бекіткен терминдер мен атаулар сөздігінде (2004 ж.) «документ» сөзі *құжат* деп қазақшаланған да осы «документ» сөзі негізінде туындаған «документирование» дегенді – *документтеу*, «документоведение» дегенді – *документтану*, «датировка документа» дегенді – *документті даталау*, «дублетный документ» дегенді – дублет деп берген.

«Документ» сөзінің қолданылуы бұлармен ғана шектелмейді. Аталған сөздікте *алғашқы документ, бірегей документ, документ тақырыбы* деген сияқты «шалақазақша» терминсымақтардың 30 шақтысын кездестіруге болады. Егер бұлай ететін болсақ, «документ» сөзін *құжат* деп қазақшалаудың не қажеті бар еді?!

Право, принцип, программа, форма терминдерінің де жағдайлары дәл осындай. Бірінші сөзі, айталық «право» сөзі – *құқық* деп аударылды да, ары қарай қайтадан «правоға көшіп, *еркін бөлініп шығу правосы, иелену правосы, биік правосы, праволық қорғау, праволық акт, меншік правосының жойылуы* деп жалғаса береді.

Егер әр терминді бөлек-бөлек емес, олардан жасалған туынды, тіркесті терминдерді және әлгі терминдермен синонимдес, омонимдес, антонимдес терминдерді ұялы әдіспен тұтастай алып, жүйелі түрде, бір-бірімен байланыста алып қарастырсақ, алдымен бәрін – түбірін де, туындыларын да, тіркестерінде аударып алып, терминологиялық комиссияға бекіту үшін содан кейін бірақ ұсынсақ, жоғарғылардай сорақылықтар болмаған болар еді.

Осы жерде айтпай кетуге болмайтын тағы бір мәселе бар. Ол – Мемлекеттік терминология комиссиясының құқығы жөнінде.

Біздің терминкомда өздері бекіткен дұрыс терминдерді басқаларға сол күйінде қабылдаттыратындай құқық бар ма? Болса, бекітілген терминдерді сол бекіткендей қалыпта қолданылуын елден неге талап ете алмаймыз?

Қалыптасқан жүйе бойынша, терминком терминдерді бекітіп, оны баспасөз беттерінде жариялағаннан кейін елдің бәрі әлгі терминдерді сол бекіткен қал; қолданғысы келмесе, қолданбайды. Өйткені бекітіліп берілген терминдерді қолданбайтындарға шара қолданатындай құқық терминкомда жоқ.

Терминологиялық комиссия құрылған екен, оған мемлекет белгілі мөлшерде қаржы бөлген екен, бекітілген терминдерді тиісті мекемелер мен жеке адамдар оны сол күйінде қолдануға міндетті болуға тиіс. Ал

бекітілген терминдерді терминком бекіткендей етіп қолданбаған жағдайда оларға терминкомның шара қолданатындай құқығы болғаны жөн.

Осы тұрғыдан кейбір тіл мамандарының «Қазақстанға тіл инспекциясы қажет» деп жүрген пікірлері құптауға тұрарлық. Терминкомның рөлін күшейту үшін ондай мекемені «тіл инспекциясы» деп емес, «тіл полициясы» деп айтса, тіптен жақсы болар еді.

Осы жағдайларды ескере келіп, өз атымнан мынандай ұсыныстар айтқым келеді:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясының басты мақсаты – кез келген атау сөздері емес, өзінің атына, мүддесіне сай тек ғылыми ұғымдардың атауы болып табылатын ғылым және техникалық терминдерді ғана бекітіп, соларға ғана эксперт болғаны жөн. Мемтерминкомның бұған дейінгі жұмыстарына қарасақ, комиссия терминдермен бірге термин емес атау сөздері де бекітіп беріп жүр. Мыс: *абзац, абрикос, автор, агитка, адрес, азбука, айва, акация, акимат, алмаз, алтарь, алфавит, альбом, анекдот, арбуз, ашуғ* т.б.

Менің ойымша, халықтық сөздерді халықтың өзіне қалдырған мақұл. Өйткені тілді жасайтын да – халық, қолданатын да – халық. Оны жүйеге түсіріп алатын да – халық. Біздің терминком халықтың міндетін өзіне жүктеп алған. Алайда мұндай атау сөздерді де жүйеге түсіру, ретке келтіру керек десек, ондай игілікті міндетті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен сол институт қызметкерлері жасайтын арнаулы сөздіктер (орфографиялық, түсіндірме, аударма т.б. сөздіктер, анықтағыштар) атқаруға тиісті.

2) Қазақ мемтерминкомы орысша терминдерді емес, тек қазақша терминдерді ғана бекітіп беруге тиіс. Бұған дейінгі тәжірибемізге қарасақ, қазақ терминкомы орысша терминдерді де бекітіп берген (оларға жоғарыда мысал келтірдік). Орысша терминдерді бекіту біздің емес, Ресей мемтерминкомының міндеті.

3) Терминологиялық комиссияның мүшесі болып терминологияны зерттеумен айналысқан, терминнің не екенін ғылыми тұрғыдан білетін, терминологияның теориясы мен практикасымен жақсы таныс, тәжірибесі мол мамандардың отырғаны жөн. Олардың көпшілігі міндетті түрде тілшілердің (лингвистердің) болғаны абзал. Өйткені термин бірінші кезекте тілдік нысан.

4) Егер қабылдаған терминдеріміз дұрыс, әрі мүлтіксіз болсын десек, республикалық тіл комитетінің немесе терминологиялық комитеттің (комиссияның емес) құрамында арнайы штатпен қызмет ететін кемінде



2-3 маман отыруы керек. Олардың ұйымдастыру жұмыстарына араласпай, тек қана термин теориясымен, термин жасаумен айналысқаны жөн болады.

5) Сондай-ақ, тиісті ғылыми институттар мен ғылыми мекемелерде ғылымның сол саласы бойынша өмір бойы тек қана терминдермен айналысатын (зерттейтін) кемінде 1-2 ғылыми қызметкерлердің еңбек еткені абзал. Сонда ғана салалық ғылыми терминдер ретке келеді, жүйеге түседі; ғылыми терминдердің сапасы жақсарады. Мұндай жағдайда нақты ғылым саласы бойынша бекітілуге тиісті терминдер алдымен әлгі ғалымдардың сарабынан, талғамынан өтіп, сұрыпталып, содан кейін ғана терминкомға келіп түскен болар еді.

6) Терминком бекіткен терминдер тек «Терминологиялық хабаршыға» ғана басылмай, ол сонымен қатар, басқа да бірнеше республикалық және республикалық емес басылымдарда жарияланып, халыққа олардың тез әрі үздіксіз жетіп тұру жағы қадағаланып отырылғаны жөн. Өйткені қарапайым халық тұрмақ терминкомға жақын жүрген біздің өзіміз «терминком бәленінші күні бекіткен терминдер жарияланды ма, жарияланса қайда жарияланады?» – деп, бір-бірімізден сұрап, әбігерленеміз де жүреміз.

7) Терминком орысша бір терминге бірі – орысша, екіншісі – қазақша екі балама бекітіп беруден арылып, оның тек қазақшасын ғана бекіткені дұрыс. Бұлай етпеген жағдайда орысшаға үйреніп қалған халық оның тек орысша сыңарын ғана пайдаланады да, қазақшасын сол жерде қалдырады.

8) Ерекше бір жағдайда ғана болмаса терминком өзі бір рет бекітіп берген терминін екінші рет қайта өзгертуден сақтанғаны жөн. Ол үшін терминді бекітпес бұрын жүз рет өлшеп, бір рет қана кескен мақұл. Неге десеңіз, терминкомның екі түрлі шешімі бар екендігін білмеген жұртшылықтың біреулер алғашқысын (ескісін), екіншілері кейінгісін (жаңасын) пайдаланып, өзін де, өзгені де шатастырады.

9) Терминком мәжілістерінде біздің (терминком мүшелерінің) белгілі бір сала бойынша жасалған сөздіктерді соламайымен (бүтіндей) бекітіп жіберген кездеріміз болды. Бұлай етуге ешқашан болмайды. Жоғарыда біз көрсеткен кемшіліктердің біразы – осылай топ-тобымен бекітуден кеткен олқылықтар. Сондықтан бұдан былайғы жерде терминологиялық сөздіктерді соламайымен бекітуді қойып, олардың ішіндегі басты-басты терминдерді ғана, онда да даулы болып, тұрақтай алмай жүргендерін ғана саралап бекіткен дұрыс.

10) Терминком мейлі өзі жасасын, мейлі басқа біреу жасасын әйтеуір өмірге бірінші рет (жаңадан) келген қазақша терминнің төлиесі (авторы) кім, ол термин қай ғылым саласына қатысты, қашан (қай жылы, қай айда) және қалай жасалды? – деген сияқты нәрселердің басын ашып оның арнайы журналға тіркелгені немесе «Терминологиялық хабаршының» кезекті санында жарияланып отырғаны дұрыс болады. Бұл ғылым үшін де, тарих үшін де қажет. Олай етпесек, өтіріктен өтірік «бәлен терминді жасаған мен едім» деп, көкірек қағушылардың да саны күннен күнге көбейе береді.

11) Шетел тілдерінен термин алуға болмайды емес, болады. Бірақ дүние жүзі халықтары сияқты біз де қай халықтан алсақ та, ол сөздерді өз тіліміздің дыбыстау заңдылықтарына сай өзгертіп алуымыз керек. Сонда ол біздің төл терминіміз болады. Өйтпеген жағдайда әлгі шетел сөзі біздің терминіміз емес, басқа тілдердің терминдері болып шығады.

12) Термин бекітуде «халықаралық (интернационалдық) терминдерді өзгертпей, сол күйінде алу керек» деген қағидасымақтан үзілді-кесілді бас тартқанымыз абзал. Өйткені ғалымда халықаралық терминдер, халықаралық сөздер деген атымен жоқ. Оны шығарып жүргендер – үстем елдердің өкілдері. Өздерінің сөздерін дүние жүзіне тарату, жаю үшін арнайы ойлап тапқан құйтырқы қулықтары. Латын, грек сөздерін дәл сол тілдердің өздеріндегідей өзгертпей алған еуропа елдерін сіз кездестіре алмайсыз. Бәрі де оларды өз тілдеріне ыңғайлап, икемдеп, өзгертіп алады. Ендеше, «халықаралық терминдер» деп аталынып жүрген сөздерді де біз өз тіліміздің заңдылығына сай өзгертіп алуымыз керек.

13) Терминкомның өз шешімдерінің орындалуын өздері бақылап отырғаны жөн. Егер ол шешім орындалмаған жағдайда мемлекеттік терминкомның ондай мекемелер мен жеке адамдарға айыппұл тартқызатындай құқығы болғаны дұрыс.

14) Ол үшін кейбір мамандар айтып жүргендей терминологиялық комиссияны «терминологиялық комитет» етіп, қайта құру керек те, сонымен қатар «тіл инспекциясын» да ұйымдастырған абзал. Мүмкін оны тіл инспекциясы деп емес, тіл полициясы деп атаған жөн болар. Сонда бекітілген терминдердің де, мемлекеттік тілдің де бағы жанып, заңды, құқықты, құзырлы мекемеге айналып, ұлт тілінің мәртебесін көтеруге септігін тигізуге болады.

15) Ең соңғы айтпағымыз: Егер қазақ терминологиясы дұрыс жолға қойылсын десек, біз терминология ғылымына жеткілікті дәрежеде мән беріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л. Гумилев




атындағы Еуразия ұлттық университеттерінің филология факультеттерінен заңды түрде терминтаным (терминология) тобын ашып, онда дипломы терминология мамандарын даярлап шығаруымыз керек.



АҚПАРАТТАР, ШОЛУЛАР

Бұл айдармен 2009 жылы жарық көрген терминологияны пән ретінде жоғары оқу орындарында оқытуға арналған оқу құралы мен терминологиялық сөздіктер туралы мәліметтер беріліп отыр.




Құрманбайұлы Ш. Терминтану.
(Оқу құралы) – Астана, 2009. – 160 бет.

Оқу құралы негізінен жоғары оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне, магистранттарға, аспиранттарға, тіл мамандарына, терминтанушылар мен терминшілерге арналған. Сондай-ақ оқу құралын термин, терминология мәселелері қызықтыратын өзге салалардың мамандары да қажетіне жарата алады.

Оқу құралының басты ерекшелігі – біздегі дәстүрлі көзқарасқа сәйкес терминология лексикологияның бір тармағы ретінде қарастырылмай, өзге елдер тәжірибесі ескеріліп, ол «терминтану» деп аталатын дербес ғылыми пән ретінде ұсынылып отыр. Оқу құралы терминтану мәселелері бойынша соңғы 8-9 жыл


көлемінде филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына жүргізілген арнаулы курс материалдары негізінде дайындалған. Бұл оқу құралының екінші басылымы. 2006 жылы жарық көрген бірінші басылымы көптеген ЖОО-ларда пайдаланылып жүр. (Терминтану – Алматы, 2006 – 244.)



Ахметов М. Медициналық терминдер сөздігі. – Алматы, 2009. – 800 бет.

«Орысша-қазақша-ағылшынша медициналық терминдер сөздігі» медицинаның барлық салалары бойынша негізгі терминдерді қамтиды.

Сөздік медицина колледждерінің және медициналық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, сондай-ақ медик ғалымдар қауымына арналған.



Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.Қ. Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2009. – 480 бет.

Сөздікте көптеген спорт түрлеріне қатысты терминдердің орысша және қазақша түсініктемесі беріледі.

Сөздік жаттықтырушылар мен төршілерге, дене тәрбиесі пәнінің оқытушыларына, спорт журналистері мен ұйымдастырушыларына арналған.

**МАЗМҰНЫ**

Құрманбайұлы Ш. «Бекітілген терминдер сөздігі» туралы.....	4
Қияшев Д. К., Медицина саласында кеңінен қолданылатын фармация терминдерінің қазіргі жағдайы	13
Жұбаева О. “Қазақша-орысша тілмаштың” (1925 ж.) қазақ терминологиясындағы орны	21
Қарағұлова Б.С. Тілде неологизмдер мен терминдердің пайда болу жолдары	40
У. М. Бахтикиреева. Вопросы теории перевода: казахский ↔ русский (постановка проблемы)	45
Насыритдинова Ә.Н. Қазақ тіліндегі лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған техникалық терминдер	51
ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі Д. Омашұлының ұсыныстары	62
Ғарыш саласының терминдері мен сөз тіркестерінің орысша-қазақша сөздігі	72
Қалиұлы Б. Мемлекеттік терминология комиссиясының жұмысын жақсартуға (жетілдіруге) байланысты ұсыныстарым	114
Ақпараттар, шолулар	123

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ
2010 жыл
№ 1 (31)

Бас редакторы – Шерубай Құрманбайұлы
Жауапты хатшы – Гүлжанат Азанбаева

Редакцияның мекенжайы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
Тіл комитеті

Астана қаласы, Есілдің сол жағалауы,
Министрліктер үйі, «А» блогы, 15-кіреберіс, 2-қабат
Тел.: 8 (7172) 74-05-02, 74-05-06, 74-05-08

Теруге берілген күні 20.02.2010 ж. Басуға қол қойылған күні 19.03.2010 ж.
Пішімі 70x100 ¹/₁₆. Көлемі 8,0 баспа табақ. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 45/4216.
Бюллетень «Астана Бланк Издат» БПК ЖШС-нде басылды. 010000, Астана қаласы.